Необходимо учесть и то обстоятельство, что представители ряда этносов не имеют национальных образований, что повышает ответственность Республики Казахстан за сохранение и развитие культуры и языка этих народов перед историей и мировым сообществом. Являясь национальным государством, Казахстан должен выражать интересы всех граждан в том числе интересы, идущие от их национальной принадлежности.

К субъективным причинам относятся реальный уровень самосознания этносов, их самоидентификация с государством, самооценка государственных институтов как работающих в рамках независимого государства и в его интересах и самооценка всех политических сил как взаимодействующих в интересах государства.

Между тем реально складывающаяся общественно-политическая и социально-экономическая система не имеет каких-либо общепонятных определений. Новое государство находится в неопределенных взаимоотношениях со своими гражданами, не обозначены границы его обязательств и ответственности, не определено на что граждане могут рассчитывать в плане государственного жизнеобеспечения и на что на свою самостоятельность.

Также необходимо отметить, что с распадом СССР, с утратой статуса сверх державы, не только тяга к прежнему величию, но и неопределенность нынешнего положения, а тем более неопределенность будущего качества национального государства выступает существенным фактором кризиса идентичности населения республики и особенно неказахского. Если для казахского населения следствием распада союза явилось возникновение нового независимого государства, что является позитивом и процесс идентичности с новым государством прошел поначалу безболезненно, более того в первые годы наблюдалась эйфория независимости, то новая идентичность для других этносов проходит более сложно.

К этому добавляется кризис социальной идентичности, затронувший все народы Казахстана-неопределенность характера новых взаимоотношений в социуме, противоречия в сфере общественной морали, кем мы становимся реально, в каких реальных взаимоотношениях мы находимся и в каких мы еще будем находиться впредь, к какому типу социальной общности мы еще будем принадлежать. Болезненно воспринимается то, что все мы находимся в разных социальных измерениях и жить будем по принципиально различным нормам. Сегодня политико-культурное развитие отдельных социальных групп оказывается не просто неравномерным, но часто и разнонаправленным.

В сфере идеологии "кризис идентичности" связан с утратой привычной определенности и унифицированности мировоззрения. Основная часть общества вообще не готова идентифицировать себя с какой-либо идеологией. Менталитет советского человека движим ценностями, абсолютизирующее положение и роль личности в истории, подчиняя ее той цели, которая на данном историческом этапе выступает идеалом сплочения нации.

За годы советской власти в целом по стране вырос уровень образования и он является достаточно высоким, но наряду с этим сохранилась низкая бытовая культура, склонность к коллективизму сосуществовала с отсутствием твердой морали и правового сознания, легкостью и ловкостью в обходе государственных запретов (при одновременной склонности к иждивенчеству за счет государства), комплексом неполноценности по отношению к Западу, неустойчивостью

общественного поведения и прочими признаками маргинальной личности.

Вместе с тем в рамках государственного имперского объединения всегда был авторитет государства, крайним проявлением которого является фетишизация и мифологизация государства и власти, личность не воспринималась в отрыве от общества. Для такого типа сознания характерно неприятие индивидуальной свободы как самоценности, или, поскольку вопрос о свободе вообще не ставится, отождествление ее с равенством удела, определяемого одинаковостью положения людей перед центром власти и распределением благ. Это-тип сознания, который можно обозначить как "традиционно советский". В своем содержании этот тип характеризуется развитым индивидуализмом, но потребительско-приватного, а не производственного, морального или публично-политического толка. Выше мы отмечали, что такой тип сознания характеризуется ориентацией на коллективизм, но не как на органичную общность, а как на уравнительную форму организации бытия в сущности атомизированных, аполитичных (или лишь ритуально политизированных), ориентированных на потребительскую приватность индивидов. В европейской и американской традиции в этих взаимоотношениях акцент делался и делается на индивиде, на самоценности индивида. Вся европейская история связана с борьбой за индивидуальные права, за свободное правовое выражение личности.

В то же время, происходящая трансформация общества не может не затронуть духовную жизнь общества, не вызвав изменения ментальности, изменения сознания. Рыночные отношения будут формировать новый тип мышления-рациональный, не только в экономике, но и в других сферах, изменяя в целом способ общественных взаимоотношений, но в системе ценностей есть такие, которые не подчиняются логике рыночных законов, это общечеловеческие нравственные ценности, это ценности общества как фундаментальные исследования в науке, культуре, философии и т.д. Трансформация общества предполагает основательную переоценку ценностей: фундаментальную реабилитацию частной жизни и повседневности; установку на то, что главное научиться вести достойную жизнь, основывая ее на

простых, обыденных нормах, а не на мобилизующем потенциале пафоса сверхценных идей, которые как известно, оказываются полезными в условиях конфликта, войн, но не в ситуации мирной обыденности. Все это предполагает ценностное обоснование либеральных принципов и формирование нового общественного интереса, но эта задача усложняется тем, что современное общество структурируется по-новому, слишком разнятся цели и интересы у многообразных социальных субъектов.

В настоящее время да и в обозримом будущем наше общество не является ни в структурном ни в функциональном отношении либерально-демократическим, оно не производит и не воспроизводит либеральное сознание объективно, поэтому либеральные установки могут быть только результатом сознательных усилий, выборов решений, они производны от фактора культурно-духовного порядка, чем от собственно экономических, включая обладание частной собственностью.

Частная собственность в либеральной теории является основанием свободы и достоинства человека (и соответственно, либерально-правового, политико-государственного устройства) поскольку, обеспечивает независимость и безопасность индивида. Признание частной собственности может создать иллюзию либеральной ориентации сознания, но отечественный класс собственников в нынешнем состоянии не имеет адекватного сознания своего существования. По ряду признаков, прежде всего экономического порядка, а также по ориентации на "минимальное" государство этот тип сознания в определенной степени сходен с либеральным, тем не менее по решающим критериям отношения к свободе, к равенству, а также потому, что лишь в контексте определенного осмысления этих ценностей, установки на частную собственность и ограничения государственного вмешательства, приобретают либеральное значение, данный тип сознания не является либеральным. Более того: он представляется не только отрицанием "традиционного советского" сознания сколько ближайшим продуктом его основательной модификации посредством усиления потребительского компонента и заглушения уравнительного-такой тип сознания можно назвать "постсоветский". С точки зрения перспектив демократических и рыночных реформ важно, в какой мере и в ка-

ких формах возможна эволюция сознания этого типа в сторону либерализма и насколько серьезные коллизии могут сопровождать такую эволюцию.

Либерализм считает основой общественного устройства личную инициативу и предпринимательский дух отдельного человека. Именно поэтому идея отделения экономической власти от политической принадлежит самой сути либерализма. На таком разделении основана гражданская свобода, поскольку свободный индивид не может находиться в жесткой зависимости. Для либерализма важна не сама по себе частная собственность, а автономия частной собственности от государственной власти.

Наша действительность показывает, что причастность к власти обеспечивает выгодные позиции в присвоении собственности, а значит и власти экономической. Концентрация двух видов власти в одних руках способствует произволу по отношению к большинству населения, делает его право на частную инициативу формальным, ничем реальным не обеспеченным. Отсутствие четкого разграничения между политической и экономической властью является одним из важнейших недостатков существующего гражданского строя. От его устранения во многом зависит пойдет ли наше общество по пути либерализма или оно станет олигархическим, т.е. таким, где все виды власти будут на деле принадлежать небольшому кругу лиц при формальном признании права на них за всеми членами общества.

Утверждение либерального общественного строя нуждается в специфической для данной страны вдохновляющей идее, выражающей ее тягу к внутреннему единству и определяющей ее самобытную роль в мировом сообществе. Во-первых, она способствует сплочению, государство перестает быть чисто формальным объединением граждан, а превращается в единство, сплоченное еще и общими ценностями. Национально - государственная идея не может быть насаждена сверху, она органически вырастает из совместного бытия людей, общих условий жизни и т.д. Во-вторых, она дает представление о месте и роли данного сообщества в мировом. Вообще жизнеспособен и функционален только социум с относительно высокой степенью субъективной интегрированности, в котором населяющие его, во всяком слу-

час, значительная их часть объединены общей системой ценностей. Естественно, что в обществе происходят процессы осознания собственных интересов отдельных социальных групп, но обособление выражается не в этом, а в нежелании считаться с интересами других. Для либерального общества не только не важно, но и ненужно, чтобы отдельные группы совпадали в своих мыслях и стремлениях. Нужно и важно, чтобы отдельные группы не забывали об остальных и в определенной мере разделяли их заботы.

В свете сказанного ясно, почему необходима система ценностей, называемых вечными, нравственными императивами. Отрицание общечеловеческих нравственных принципов закладывает в духовное основание любого человеческого сообщества разрушительный заряд. В нашей истории произошла гипертрофия частного и уничтожение общечеловеческого, что выразилось в нарушении приоритета общечеловеческих ценностей над классовыми, сословными, национальными, корпоративными. Духовная жизнь общества целостна, и процессы развивающиеся в одном из ее секторов, находят аналоги и параллели в других. Отождествление нравственности и морали воплотилось в концепции "сознательного подчинения личных интересов общественным". Сведение права к закону воплотилось в нормативной концепции права. Воспитанный в духе нормативной концепции права субъект-идеальный интериоризатор исходящей от системы требований.

Тоталитарная система удерживалась не только потому, что силой принуждала подчиняться бесчеловечному порядку, но и потому, что умело находила способы заставить людей верить в социум как достойную форму их существования и довольствоваться своим рабским положением, а поскольку мораль по своей природе плюралистична, в такой системе она могла быть бесчеловечной. Нравственный принцип как верность Отечеству трансформируясь в принцип верности государству, системе становится как моральная ценность антигуманной, мотивирует и оправдывает бесчеловечное поведение. В такой системе становятся возможными политические спекуляции на патриотических ценностях и чувствах.

Но и поведение "постсоветского" гражданина в своей действительности не является патриотичным, так как опять

происходит раздвоение нравственной сущности ценностных ориентиров и морали. Для такого сознания частная собственность выступает не как основа и объект трудовой деятельности, а как источник наслаждения. Исходя из этого государство должно сформулировать общественный интерес, который, с одной стороны выступал бы как общественный идеал, а с другой стороны конкретное содержание общего интереса достигалось бы рациональными способами и средствами. Поскольку нравственность объединяет в целостность различные формы человеческой культуры, культурологическая характеристика права должна исходить из его нравственной ориентированности. Общественная, нравственная природа человека объективируется в духовном, нравственном единении человека и человечества.

Высшая форма связи между людьми, нравственная, вырастает из элементарного, простейшего отношения, которое, чтобы осуществиться должно быть упорядочено определением меры дозволенного и запретного. Это упорядоченное, уравновешенное межличностное отношение, открывающее возможность контакта, общения и согласия и есть отношение правовое.

В политике государства главные приоритеты - развитие личности, самоценность ее, индивидуальные ее интересы, право определять свои интересы и направления деятельности для реализации их. В наиболее концентрированном виде общность интересов различных социальных слоев, групп предстает в такой цели, как построение правового государства, гражданского общества. Эта цель и связанные с ней демократические задачи возвращают к признанию того, что главным в преобразовании общества является человек. Обусловленность демократического общества интересами человека, особенно той их стороны, которая выражает общее для различных социальных сил, подводит фундамент под такие общечеловеческие ценности как свобода, социальная защищенность, солидарность, равенство перед законом.

В основе казахстанского патриотизма предлагается такая идея, такая система ценностей, которая была бы общечеловеческой ценностью, а отсюда все моральные, правовые, политические и другие ценности исходили бы из нее.

1. Наурызбаев Ж. Этнокультурное образование школьников. Жезказған, 1995. С.24-27,31.

РУХАНИ ТҮЛҒАЛЫҚ - ТАРИХТАҒЫ БІР АЛЫП

Ж. МОЛДАБЕКОВ,
*Қаз МҰУ-дың деканы,
филос.ғылым. докторы,
профессор*

Бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулати өмір сүрген дәуірдің (XV-XVI) өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл-адамзат тағдырының тауқыметі асқынған кезең, билік пен байлық үшін күрес ата мекен-жай үшін, қосымша жұмысшы күші ішкі және сыртқы тартыстың шиеленісе түскен, қазақ мемлекетінің құрыла бастаған кезі болатын. Заманның осындай қым-қуыт кезінде аймақ пен өлке кеңестігінде қарама-қарсы көзқарастар мен күштер белдесті. Біржағы, байырғы күштілер мен кейінгі құралғандардың тіресуі, бірін-бірі ығыстырып тантауы, біржағы, топтасқандар мен тұлғалардың тұрақтана бастағаны. Бірін-бірі андысуда топырақтың шаңдануы созылыңқырады, ой-сезімнің айналымы жеделдеді.

Қара күштілер мен білектілердің көзжұмбаилығы көбейді, көкіректілігі басылмады. Тың жерді ойрандау, есінен айырылған елде туын сұраусыз қадау-шок бастырар мінездің одыр көріністері. Әлділер әлемге әуестенді, қыз бала алдау-арбауға әуестене ептенді. Құлқын психологиясы көрсе қызарлыққа тамызғы болды.

Күштілерден ығысқандар әлсіздік пен әрекетсіздік көрсетті. Тәуелділікке телінгендер ерлік пен ептілік өдебінен ауытқыды, өзін басқаруда икемсіздікке ұшырады. Әлсіздігінен жеңілген осалдар үрейлі күйге ұшырады. Үрейлілер мен үріккендер өмірдің өкілділігінен тәрі, өктемдігіне көндікті, оны дағдыға айналдырды байыбына барсақ, әлсіздік-бөліну, оқшаулану, тарыққанның тартыншықтығы, даярсыздығы, морт кетер қуыс кеуденің татымсыздығы.

Адамның бойында қара ниет пен ақ ниет осылайша қасарысты, адамның болмысында күштілердің қыр көрсетуі мен қулық-сұмдығы жүгенсіз кетті, бейқамдарды алдамы-

штыққа ерітті. Жойымпаздық пен әлсіздік көптеген дертті қоздырады. Екі оқшау жәйтте өмір сүру өнерін тарата алмады, ақиқатпен араластырмады, шындықтан шеттетті: келісімге келтірмейтін сыртқы немесе ішкі опатқа айналды; өзінің кім екенін елемейтін, өз деңгейімен есептеспейтін жалғыздыққа ұшыратты; рухани қазынадан үйренуді құнттандырмады; кіршіксіз сезім, қайырымды ниетпен, оралымды іс-әрекетті қажетсіндірмеді. Дүниені алалады, кез-белік басталды.

Осындай аласапыранда ынтымағы асқан орта озды. Ынтымақты қауым қорқыныш пен үрейден қалыс, сүм-сүрқиядан алыс болды, сүйіспеншілікке серіктесті. Оған парасаттылық пен пәтуагерлік қосылғанда әлгі адамдық қасиеттің кепілдігі анағұрлым артты, оған деген құштарлық та күшейді.

Құш пен өнер сайысқан өлкенің кеңістігінде тұлғаға деген тәттілік, ұйымдасқан әскерге және тәртіпті елге деген ықылас-ыждағат анағұрлым толастады. Тұлғалық туысқандық және отандық сезім мен сүйіспеншіліктің мекен тұтқасына айналды, ал ұйымдасқан әлеуметті күш бейбітшіліктің тірегі мен тұрағына жетекшілік жасады. Тыныш-тықта кепілдік іспен достыққа сенім орнықпаса, дейді Хайдар Дулати, онда әрі-сәрі қауымды нараздық, күш көрсету және қатандық іштей жүйкелетеді. Тыныштықты мазалайтын қылықтар өзара кешірімге аяқ баспайды, тіпті мақсатқа деген әрекетте икемсіздікті, дайынсыздықты жайып салады.

Хайдар Дулати жер кезіп, ел аралаған, сүйтіп көптеген оқиғалардың куәгері болған шежіреші, қол мен керуен бастаған елбасшысы, адамның болмысы мен болашағына көзқарасын қадаған ойшыл. Ұзақ ондаған жылдарғы серуенде әр нәрсені көзбен көріп, бастан кешіріп, ой елегінен қанша мәрте өткізді. Сол жолында әр елдің дәстүр-салтын бұзбай, мінез-құлықтың қайырымдылығын көрсетті. Тыныштық пен тәртіпті бұзған, әлсіздерге күш көрсеткен, жөбірлік еткен жағдайға сергек, көңіл көзімен үңілді, салыстырды. Осы түйгендерін өзінің атақты кітабы “Тарихи Рашиди” /Ташкент: Фан.- 1996.-726 С./ ықшамдаған. Кітапта өз заманының шиеленіске толы оқиғалары және оқиғалардың төл

тұлғалары тізіп көрсетілген. Хайдар Дулати тарихпен тілдеседі, хан сұлтандардың сырымен сырласады.

Кітаптың кіріспесінде үш қағида ескертіледі: “елден естіп, сол оқиғалар туралы аңыздарға құлақ түрсем де, мәселені қысқаша қайырдым; көзіммен көрген нәрсені кеңірек қамтыдым; көрген, білген нәрсеменді парасат шүйіліп илікпесе, ол мәселені үнсіз қалдыруды жөн көрдім”. Сондағы мақсаты - халықтың қалыптасу шындығына жақындау, адам өмірімен елбасшылардың өнерінің өзара байланысын, бірлестігін көрсету; өмір мен мемлекет тұтастығын бұзатын кесір апаттан күш көрсетіп, қожанлөккы салудан сақтау.

Күйзелген, таудың жабайы аңдарындай бытыраған шұбырған топтарды көргенде Хайдар Дулати: “осы не істеу керек?”, “қалай күн көру керек?”, “неге өмір зұлымдықтан айрылмайды?” деген сияқты тіршіліктің түбегейлі мәселелерінің астарын жиі-жиі аңдыды, сол сұрақтарға жауап іздеумен тыным таппады.

Хайдар Дулати үшін “дүние сірескен нәрсенің үстемдігі емес, оның мәңгі тұрақтылығына үміт аз”. Тыныш мамыражай кезде кіршіксіз достық пен бойды билейтін бақыт қалыптасады және соңғы көтеріңкі күй адамның үміті мен тілегіне қуат береді. Рухани күшке толы көңіл адам өмірінің ақиқатын өзіне қайырмайды. Дүниенің тәртібін икемдеген, игерген жан өмірдің түйінін түгендейді. Өмірге қожалық етпек кісі ғана қожамдық ыдыраудан, күйреуден сақтандырады.

Осыдан Хайдар Дулати мемлекеттің қуатын тұлғалардың іскер қабілет-қасиетімен тікелей таразылайды, тіпті хан-сұлтандардың атағымен саралайды. Өмірлер, хан, сұлтандар күшті мемлекеттік тәртіптің тұтқасы, тірегі ретінде қол басқаруда тезірек есейіп, ел басқарарлық дәрежеге көтерілді. Мемлекеттік тұлға мен тәртіптің қатар өркендеуінің басты бір шарты бар. Ол-елбасшы да, мемлекетте болмыстың басты байлығы ретінде адам өмірін, халық тұрмысын жақсарту мәселесін қабылдау.

Ел басқару - үлкен іс, таусылмас күш, өрелі өнер. Ел басқару үшін кісінің екі киелі қасиеті қажет: біріншісі, қайыспас қажырлықты орағытатын салиқалы зерде, екіншісі, төзімділік пен батылдықты шыңдайтын қайтпас ерлік. Хайдар Дулатидың ұйғарымынша, қос қабілет бір бойда қабат-

тасса, “олардың пайдасы қылыш пен садақтан анағұрлым артық”. Ақылына сыйынған басшы ашу арнасына ұрына бермей, іштей жүдеуге тоқтам салады. Зерделі бидің зауқы әрдайым тыныштық пен жақсы үмітке ауытқиды да отырады. Ел басқарушының таусылмас күші, оның адамгершілік қасиетінде, соны бойына сіңіретін дайындығында.. оның өрелі өнері екі мәрте көзге түсіп, көңілден шығады: басшы өзгеден тезірек тәжірибені тиянақтайды және тәжірибені іске жөн-жөнімен жиі де, сәтті қолданады. Басшыны өзгеден биік, белді және беделді ететін қабілет-қасиеттер айқын. Олар басшының рухани ықпалынан, өзін-өзі ұстайтын үлгісінен және батыл да, өтімді әрекетінен құралады. Абзалы, рухани басшы, Хайдар Дулатидың байламынша, көтеріңкі ой-ниетті ұнатады, өрі сол үшін біржақты шешім қабылдайды;

қимыл - әрекет алдында өз ойын да, тоқтамын да айқындайды. Басқарушы тұлға көңіл қалауын үш тұрғыдан қабылдайды, оның объектісін “нені жақсы түсінеді” “нені қабылдайды” және “нені сыйлайды”-деген қырларынан таңдайды;

өз пікірін айтқанда, ойының негізгі түйінін ажыратады және сол тоқтамының дұрыстығын дәлелдейді. Мұнда айтпақ ойың істің мән-жайына сәйкес келсін деген талап ескерілген. Сонда ғана әркім істің бүге-шігесін өзіне айқындай алмақ;

тапсырылған істі жетік және аяғына дейін жеткізу арқылы нағыз Хакім өз қарсыласынан басым да, жоғары тұрады. Сол басым өнегесі арқылы көптің көңілінен де, сенімінен де тез шығады;

адамдық көмегімен де, қосымша да жігерлі ықылас-ынтасымен қолдайды. Тіршіліктің байсалды талабынан туындаған қол ұшы зиянды қылыққа жұмсала бермейді. Оның үстіне, бірлестікке бейім адамдардың көзқарасы мен тәжірибесінен тайынбайды. Адамның жаман ниетінен қыңыр қылық туындайды, қыңырлық екі жақты да өшіктіреді...

Хайдар Дулати осы қасиет-қылықтарды бір хан мен хакімнің бойынан таба қойған жоқ. Оны әртүрлі ханның өмір жайын саралап, отырып іріктейді. Әртүрлі атақты хан мен саяси басшының, рухани қамқоршының озат қасиеттері мен қылықтарын бағалай отырып, Хайдар Дулати олардың

ұқсас бейнесін көз алдына елестетеді. Ол сүйеушінің даналығын, әркездегі даралығын былайша сипаттайды: “ол /өздерінің тыңдаушысы/ әлсіздердің жағдайына қайырымдылық қисынынан қарасын деп, оларды кедей-кепсектің хал-ақуалымен таныстырады, оларға алдағы күтер оқиғаларды мәлімдейді, тіпті төртіп сақтау үшін мемлекет пен дін ықпалына ақыл зеректігімен жүгінді” /с. 217. аударманың бәрі де автордың өзінікі/.

Әртүрлі қолбасшының тағдыры мен тәжірибесін талдай отырып, Хайдар Дулати ел билетерлік қасиеттерді тізіп беруге тырысады. Нағыз қолбасшы рухын басқару арқылы ел-жұртын басқарған. Өз сеніміне, рухына сенген ер азамат өз күшіне сенген, бойдағы күшті жақсылыққа жұмсай алған. Жаны ізгілікке жақын қолбасшының қазынасы байлық емес, билік беделі, киелілікті медет тұту. Киелі қасиетке бой ұрғандар сенімсіздермен серіктесуден өздерін аулақ ұстаған. Өйткені, байлыққа берілгендер, байлық қуғандар тақуалық құлықпен ниетті де, істі де аздырған. Адамдыққа емес, алдамшылыққа ұрынған өміршілер жүрек жылылығын өшпес үмітпен үйлестіре алмаған, ел танырлық қасиеттен жұтаған. Керісінше, мұқтаждықта мүжілмеген, тобасынан түңілмеген, ертеңіне деген үмітін үзбеген қолбасшының күдіретін көп қолдаған, ел мақтаған. Көп киелілікті көңілден де, қолдан да шығармаған тұлғалардың қылығына қарайлайды. Мұндай елбасшының нағыз байлығы - сенім бақытына бөлейтін өділет пен ізгі қайырымдылық /с.428/ Елбасшы, алдымен, ұмтылысы үлкен, ниеті ақ басшы, содан кейін, күдіретке деген ілтипатын өлгенше мекем сақтайтын қажырлы тұлға. Ол үміткер осы екі істің біреуіне ғана қол жетумен шектелінбейді. Жанбасы сенімін тапса, жақсылығын жұқтырса және күдіретке деген достығын өшірмесе өзін бақыттымын деп қанағат тұтқан. Тегі әйгілілерге мейірімді болған. Қажырлы тұлғамен кездесу де, келісу де көпке күт, біреулерге жүт болған.

Қажырлы тұлға текті мен кектіні көрген, көптен елтімен ерді терген, тіпті ақиқатты ақтарып, жала жапқан. Тұлғалардың діттегені - жақсы атқа иелену ғана емес, болашақты құтқару. Мақсат екеу емес, бір-бірімен теңдес. Текті хакімдер оңдылардың кемшілігін кешірген, жақсылығын жасқандырмай өсірген. Аңдығандардың астам-кестем

үрдісін. бүтіндетпей, ерегісе өшірген. Тұлғаны туралыққа тұрақтандыратын күш екеу-дін мен сенім. “Дін мен сенімді медет тұтқан адам ғана бұл дүниеде ұлағат атқа иемденеді. Осы екі аманатқа лайық істің түйіні-халықтың берекесін орнату және бүлікшілік пен бақытсыздық арандатушыларға тоқтам салу”/с. 462/. Дін мен сенім-биліктің қос бабы, іске жарар ірі тұлғаның ары. Екеуі қатар қолданылса беделдің басқа шапқаны, қолбасшыға татымды төсіл тапқаны.

Дін мен сенім тіршіліктің түбіріне тірек, жақсы атқа жарық ырыс, бекем тұрыс. Аллаға деген сүйіспеншілік - лапылдаған жалындай, күнөқарлықты өртейді бірін де қалдырмай. Сенім - жеңілтектік сейілтер қайрат құрыш. Хайдар Дулати сүйіспеншілік пен құрыштың талабын былайша ықшамдайды: біріншіден, өзінің ойлап тапқанын аяқсыз қалдырмау, аңдығандардың арсыздығына алдырмау. Бұл күдіреттілік. Оның күші кедейліктің қысымында тоқтықтың күтында қуаттанады. Қуаттанған-тәрбиеге тез көнген. Екіншіден, жарлықпен бұйрықтың орындалуын қадағалау. Рухани тұлға үшін қарашаны қадағалау - бедел мен бітімді жағалау. Қараша үш күйден қаймығады: біріншіден, Күдіретті қарашаның күш ахуалынан әрдайым көз жазбайды, оның қимыл-әрекетіне дем береді. Екіншіден, Күдіретті нағыз пайымдаушы ретінде сыртқы және ішкі, сезімтал және ойшыл күй-қуатты тегіс түгендеуге бейім. Оның дйттегені - көздегенге күллі күшті тіктеу. Үшіншіден, Аллаға жүгінген жүрекке жол ашады, жүрек жылуын көлденең қиңырлықтан сақтайды. Осы ойды үстем еткізу, өрі медет тұту - рухани тұлғалыққа дәнскер /с.510/. Сондағы Күдіреттің үйретері: “Шынар сезімнің сүйіспеншілігіне қуанғын. Емін таппасан, өр аурудан суалдың”.

Аурудың көзі-күнөқарлықта. Сонда күнөқарларға кімдер жатады? Біріншіден, тірегін, тегін, түбірін танымағандар. Екіншіден, өмір үшін, өнеге үшін ар-намыс пен ерлігін көрсетпей, бұғып қалғандар, үшіншіден, өмірге қарақшылық көзқараспен қарап, жетімдерді күшпен қысымдап қорлайтындар, төртіншіден, ұрлық байлығы мен беделін көзжұмбайлыққа салып, талан-таражға ұшырататындар, бесіншіден, ата-ананың тілек-кеңесіне қосылмай, оларды бетінен алып, белін босаңсытатындар.

Қисынсыз қыңырлық, кемітушілік, көзжұмбайлық - күнөкорлық қоры. Күнөкарлықтың түрі мен тегі әрқалай. Заманының әйгілі пайқысы Абу Талиб Маккидің болжамына жүгінсек, сол XVI ғасырда-ақ күнөнің он жеті түрі мәлім болған. Күнөкарлықтың төртеуі екі ұшты, жарым жүректен басталады, пұтқа, көп құдайға табынушылық, құдайдың үмбеті боларлық үміттен арылу: құдайдың қаһары дарымайды деп ойлауы: айыпқа жазған басын құтқаруға өрекет жасамау.

Оған тіл де төрт кінәні төндіреді: жалғандықты жайпатып, өсек-өтірікті өшіктіру;

Ойланбай ант беру, аузына түскенін айрандай жалап ант ішу; таупықты, әдепті жанды тірідей жаралау; сиқырлау, дуалықпен шұғылдану.

Қолдан келетін күнө екеу; ұрлықпен шұғылдану жөне тектен-тек қан төгу.

Тамақтан келетін қиянат та аз емес: арақ-шарапты сарқып ішу; жетімжесірдің мүлкін иемдену; қолдағы құндылықты құнттамай, шашып-төгу.

Зинакорлық пен айқай-шу жыныс органына зиян келтіреді. Он алтыншы, жаудан кашу, сенімсізден қаймығып, бас сауғалау. Он жетінші, ата-ананың ақылын алмай, айтқанын істемей, оларды зәр қаққызу. /с.429-430/

Сонымен, күнөні қорлайтындар - жүректі, бойдағы мүшені орган ретінде таза ұстамайтындар. Олар өздігінен тәртіпке көнбейтіндер, ал тәртіпке теңелгендер болса, жүрек отын әрқашан демейтіндер. Жүрегі ашық, алыптар көш бастайды, қол бастайды, күнөкарлыққа қарсы тұра алады. Күнөні қайыру-патшалықты орнатудың және патшаның қол астындағыларын бір топқа ұстаудың бірден-бір шарты.

Патшалық-күш, қамал, қорған Хайдар Дулати патшалықты басқарудың он шартын саралайды: Біріншіден, патша өр істі шешерде, бірде өзін қол астына қарайтынның орнына, енді бірде басқа біреуді өзін басқаратын деңгейге қойса, ондайда ол бұйрықтың әділетті-әділетсіздігін анықтай алады. Өйткені, өзгенің көңілінен шықпаған әмір өзіне де келімсіз, өзіне келімсіз-өзгеге төзімсіз деген дағды қалыптасады.

Екінші шарт, патша мұсылмандардың мұнына құлақ салып, олардың қажетін өтеуді бас парыз деп қабылдау.

Ондайда адам мұсылманды қуанту-тірі жанға рақымдық, рухқа тәубелік етумен бірдей екенін ұмытпайды.

Үшінші шарт, патша тамақты ағы-тегіл ысырапқа ұшыратпай, киіммен сән салтанат қумай, әділ халифтің қарапайым өмір-салтын ұстағаны жөн.

Төртінші шарт, қаннен қалперсіз елге себепсіз қатаң бола бермей, көп сөзбен бос сөзге ермей, кедей-кепшікпен пікірлесуден арланбай, өзін парасатпен ұстай білу, адамның арын аяқ асты ететін жеңілтектікке салынбау.

Бесінші шарт мәнісі мынада; патша шешім қабылдарда немесе үкім шығарарда ақиқатты аттап, шариятқа сыйыспайтын босандықты біреудің басыбайлығын баптарлық бостандықты көрсетпеуі керек. Ел басқарған жұрттың бөріне бірдей жаға бермейді. Өзінің өмірінде халық қаһарын қоздырмай, Аллаға тіл тигізбесе болғаны.

Алтыншы шарт, патша елін қатерге ұшырататын қауіпке бармай, өмірші мен басқарушының билігі тек бақыт пен абыройлы атаққа жеткізетін тәсіл екенін ұмытпау. Күнделікті қызылға қызыққан өзінің сеніміне дақ келтірмей, күмән тудырмау абзал. Әділетті хакімнің әр күні әділ соты оның күллі дұғасына тең. Осы бақытты күйден ажырамауды ізден.

Жетінші шарт, өмірші сауатты діндардан сөйлесуге, өңгімелесуге ынтық болуы керек. Қазіргі кезде ондай көреген зиялылар көпте емес. Өз өлкесінде осындай беделділерді тауып, олардың кеңес-ақылын естуді өміріңнің бақытты кезіне санау орынды-ақ.

Сегізінші шарт, өмірші дандайшылық пен төкапарлыққа салынып, халықты өзінен үркітпей, керісінше, қайырымдылығымен, әділеттілігімен, әділсіз жанашырлық көрсетумен қол астындағыларды өзіне тарту, олардың сүйіспеншілігін арттыру ауадай қажет.

Тоғызыншы шарт, өмірші қатыгез қолбасшылардың қылмыстарын немкөтерлікке салынып, елеусіз қалдырмауы керек. Жендеттердің рақымсыздығын бөрі мінез көрсете тыйып тастау, қажет дегенде жазалау - орынды. Өмірші мемлекет басқарғанда жұмсақтық жасай алмайды, қайта қызметтегілерді кеңеспен не жазамен тәрбиелеу құптарлық.

Оныншы шарт, көргендік. Өмірші әрқашанда үш нәрсе-көз көргеннің түбірі мен түйінін табуға, оларды ту-

дырған себептерді талдауға және себептің салдарын болжауға көңіл бөлгені жөн. Сырттай сірескен мәселеге көрегендік таныту әбден мақтан тұтарлық қасиет. /с.430-433/

Сонымен Хайдар Дулати көреген ойшылдың, әділетті өміршінің, Алламен жарасқан жанның бейнесін келбеттейді. Көреген ойшыл - көпті көрген, өнегені өрген, көненің көзін тапқан, ақиқатқа атылған. Оның тағы бір қасиеті - олқылық пен опасыздыққа көнбеген, десек те кемшілікпен күнәға төзімділік танытқан. Қасиет құндылығын саралаушылардың түсінігі мен талғамы үлгі тұтарлық. Үлкен мақсат-мұрат жолында рухани жанару бағыт тұтты, ақыл-парасатты, білімді игеруден жалықпады, тағдыр тәлкегі мен қиындығына көнді.

Әділетті өмірші өз сөзінде тұрды, уәжін ой жеткен сенімнен шығарды. Тыныштық пен қауіпсіздік үшін сақтықтың да, ерліктің де талабын сақтады. Ақылмен, көрегендігімен, ерлігімен оқшауланған ойшыл да, өміршіл де Аллаға жақын. Өмірші дүние мен әскерді басқару өнерін меңгеруде көзге түсті.

Аллаға жақын жан сенімі үшін шындыққа оралды, сезім күйігінде қалмай биік рухтың келбетіне қарайлады, соған ұмтылды. Өзінен де, өзгеден де келісімді, сүйіспеншілікті және сенімді іздеді, сол киелілікке жүгінді. Мұндай әулиелі де, зиялы жан жүрек пен шындыққа жол салды. Әркімнің келістігі мен кемшілігін анықтай отырып, оның абыройын төкпей тілдесуге тырысты. Рухани тұлғалық тіршілік тірегін тапқанда және жасағанда қалыптасады. Әрине, дінді үйренсе одан тез есейеді. Тұлғалық білімдарлық пен тәрбиелікте, көрегендік пен қайсарлық, 2) шындыққа, тәртіпке қайырымдылыққа бейім. 3) өз төңірегіне көңіл ашып өнерге мексәм Отанына берілген сауаттыларды жинайды. 4) әр топта дүниені жасампаздығымен дүрліктіретін ер азаматтарды тәрбиелеуге ынтызар. Тұлғаны қорғайтын үйрету - рухани өнеге. Сонымен, уақыт сынына көнген, Алла үмітіне ерген - рухани тұлғаның өнегесін, әдебін құрастырмақ.

Рухани тұлғалық, расында, тарихтағы бір алып. Хайдар Дулати осындай алып тұлғалардың бірі. Оның болмысынан көреген ойшылдық, әділетті өміршілдік, Алламен жарасқан үмбетшілдік табылады. Оның шежірені қалдыруы - көрегенділіктің көрінісі мен көрсеткіші. Шежірені жазудағы

нақты мақсат екеу. “Іс пен өмірді жүргізушілерді өмір мен мемлекетті жоятын қара күштен сақтандыру және өмірді нығайтатын, әрі күшті мемлекетке негіз болатын әділеттілікті күнғау” /с.339/ Мұндай өсиетті қабылдағандар жақсы іске кіріседі, жаман қылықтан сақтанады.

Жақсы мен жаманды ажырата білу, дүние тамырын үлгі мен үйлесімділік өнегесімен бағалай алу-адамгершіліктің алып арнасы., адам өмірін құтқару қызметі. Өзін жамандықтан, жеңілестіктен, жаладан құтқарған-тыныштыққа тірек, тірлікке білек. Пайдалы ісімен жақсы атаққа ие болу - беделдің де, берекенің бастамасы, ал рақымды жандардың қатесінен, кемшілігінен, олқылығынан жеке бастың пайдасын аңдушылық-жамандық пен бақытсыздықтың ушығы. Жақсылардың аты өшпейді, жауыздардың қаскүнемдігі де ұмытылмайды. Жақсылық пен жауыздықтың қарсыласқан қан майданында тарихи тағылымның бас бағыты, адамгершіліктің негізгі қағидасы қаланды.

Хайдар Дулати қоғамдағы тәртіптің саяси қисынын адамгершілік, діни талапқа бағындырады. Бұл оның көргендігі. Тарихи оқиғаны асығыс, көз жұмбайлыққа салынып суреттемейді. Әрбір ірі оқиғаның екі жағына, екі көрсеткішіне айрықша мән береді: алдымен, өміршіл тұлғаның қоғамдық-саяси тәртібіне араласуы, содан кейін, сол әлеуметтік-саяси қатынасқа сөйкес өміршінің қабілет-қасиетінің даму деңгейі талқыдан түспейді.

Бұл қырағылықта Хайдар Дулати халықтың салт-дәстүрінен аспады, шарифаттағы талапты текке тасымалдамады. Шындықты ширатудағы ойы-әлсіздердің енсесін күдіктен арылту, дінді адам жанының мамыржай ететін аясына айналдыру, адамның өзімен де, көршісімен де тіл таптыру.

Мұндай ахуалда адам іштей бұзыла алмайды, қайта оның өзіндік өмірлік кеңістігі кеңеймек. Сондықтан да шығар, Хайдар Дулати достық, іскерлік және туысқандық қатынастар орныққан кеңістікте ғана өзіне ғұмырлық орын іздеген. Не десекте ішкі және әлеуметтік тәртіп адамның өз күшін дұрыс қолдануға бағдарлайды және сүйіспеншілікке, сенімге, келісімге негізделеді. Тұлғаның мінез-құлқындағы тұтастық пен туралық-мемлекеттің де, халықтың татулығын да, көрегендердің кесілуіне де кепілдік. Алыптардың үйретері

мол, егер солардың шығармасын ұстаса қол. Осы жолда тез есейеріміз хақ.

АБАЙДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯСЫ

*СӘБЕТҚАЗЫ АҚАТАЕВ,
философия ғылым. докторы*

Заман ағымын жеке адам әлде халық бұқарасы жіті түсіне беруі шарт емес, өлеуметтік прогресс объективті түрде төсімен төтесінен жол салып, ескі дәуір тосқауылын бұзып жарып, жүре береді. Алайда, прогресс жүгін арқалаған керуен жүрісі я сылбыр, баяу, я жинақы, жылдам болады. Тарихтың осындай бұрылыстарында жеке азаматтың халқына көрсеткен ықпалы үлкен ауқымды дәуірлерге татырлық сипат алады да мұндай азамат сол дәуірдің тұлғасына айналады.

Осындай тұлғаны өткен дәуірдегі қазақ топырағынан іздесек, көзімізге бірден Абай, тек Абай шалынады. Заманына орай адамы деп жүрміз. Абайдай азамат өзі өмір сүрген ортамен, заманымен тұтас.

Ұлы Октябрь революциясына дейінгі қазақтың өлеуметтік философиялық дәстүрлі ақыл-ойы ғасыр аяғында дәуірлей келе ат басын Абайға тіреді. Өлеуметтік ақыл-ой ағымының иірім-қайырымының “өлшеушісі” де, “тергеушісі” де, досы да, жауы да Абай болды.

Абай қазақ халқының өзіне тән “халықтың қажырлы талабы мен асқақ ой-сезімінің, жан-жүрегінің, оның бойындағы ең абзал қасиетінің жиынтығына” (М.Әуезов) айналды.

Абай зердесінің басты пәні - өлеуметтік өмір болды. Ақын заман ағымының татыр соғысын жазбай, жаңылмай танып отырды. Сондықтан жаңамен жарыса, оның балағына жармасқан керітартпа кері тасқынға қалқансыз жалаңаш кеудесін тосты, тосқауыл болды.

Есім шығып кашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?

Жаңа атаулыға жаны күмар елгезек жан жақсыға ынтықты. жақсының жақсыға жақын жүргенін қалады, жақсы атаулыға өзі де имене, ғасырлар бойы мамыра табиғи тіршілік аясында мүлгіген төңірегін де имендіре түсті.

Абай өлеңінің пәні-өлеуметтік өмір. Бұл жәйтті Абайдың жеке басынан, ғұмынамасынан да аңғарамыз. Абай қаламды кеш, бірақ кезінде алды, күрес майданына да кешеуілдеп кірісті, алайда дер кезінде, заман қайшылықтары шегіне жете ушыққан мезгілінде шықты. Сондықтан болса керек, көп өлең нұсқаларында сайысқа жай түскеніне өзі де өкініш сынай танытып отырады.

Жапырағы қуарған ескі үмітпен,
Қиял қып, өмір сүріп, бос жүріпмін.
Жыбыр қағып, көңілді тыншытпайды,
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн

* * *

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп,
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз мақтанды қалдым күтіп,

Осы өлең жолдарындағы: “ескі үміт” - ақынның ежелден көксеген өлеуметтік мұраты; “қиял қылу” - ұзына жылдар ақын санасында сарқылған жалын, рухани марқаю, толысу, “бос жүру”, “қалдым күтіп”, “болмай жетік” - әрине, өкініш. “Үндемей қалуға ықтиярлық жоқ нәрсе жайында ғана жаз” дейді екен М.Горький. Абай поэзия сахнасына заманы туралы салауатты ой, салихалы пікір тастамауға енді болмайтын, ел ағасына лайық зерде голысқан есейген шағында ғана шықты.

Абай кеменгер дейміз. Алайда Абайға осы бір асқаралы атақты не үшін таңатынымызды өзіміз де біле бермейміз, атау мағынасын әркіміміз меншік өремізге орай толтырмақ боламыз. Кеменгерлік иісі қазақ топырағында тек Абай үшін шығарылғандай. Абайға ғана жарасымды! Мұндай мәртебелі атақ ақынның сөз өрнегіне риясыз ыждаһаттылығы үшін берілгендей болып көрінеді. Себебіне дәлел келтірелік: Абаймен поэзия ғана ақын арқалаған замана жүгін тең бөліскен екен.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.

Ұлы ақындарға төн кең тынысты кеменгерлік осы бір ғана ой түйініне белгі беріп қалып жатыр. Бұл-Абайдың әдеби концепциясы, Абай эстетикасының кіндікті принципі ой байламдарының мамаағашы, қазіргі мәдениет санаткерлеріне, ақын өулетіне айтар арызы. Абай үшін өлең “таза” “ермек” үшін жазылмайды. Ақын кез-келген жерде емес, кезі келген жерде ғана өлең сөзге жүгінуі тиіс.

Ақындары ақылсыз, надан келіп,

Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Өлең-өнер. Әлеуметтік мағынасыз өнер-тұл. “Жоқты-барды” “көр-жерді” сөз қалып қойған-осы тұлдырсыздықтың бейнесі. Ақын әдейі “тұрмыстық” анайы тіркес арқылы ашу-мысалмен терең ойдың терезесін қағып тұр.

Абай мұрасын сатылап, дәуір-дәуірге бөлмей, тұтас қабылдайтын дәстүріміз бар. Мәселен, Пушкин мен Байрон шығармаларын зерттеушілер іштей жіліктеп жатады. Абай поэзиясы “жас”, “ересек” “кемел” Абай деген ұғымнан ада. Абай-тұтас. Әдеби мұрамызды Абайға “дейінгі және “кейінгі” деп Абаймен өлшеу бар. Өйткені Абай біртуар кеменгер де, оның поэзиясы - осы кеменгерліктің нәтижесі.

Абай адамның кісілік қайнар көзін қоғамнан, әлеуметтік тіршіліктен іздейді. Алайда заманын сынау, заманына мін тағу, кінәрат айту - Абайға дейінгі ауыз әдебиетімізде бар. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының көбіне, өсіресе, “зарзаман ақындары” деп аталып кеткен ақындар тобына да төн сарын.

Ай, заман-ай заман-ай!

Түсті мынау тұман-ай!

Істің бәрі күмән-ай

Азаматтын құлатып,

Талық болған заман-ай!...

Абай өзіне деген ақындық дәстүрдің осындай сыншылдық арнасына түседі. Алайда, Абай сыны Бұхар, Шортанбай, Дулат сарынынан мазмұны жағынан мүлде өзгеше болды.

Абай қазақтың ауыз әдебиетінің дәстүрлі сынына жаңа мағына беріп, “зарзаман” ықпалынан алып шықты. Өйткені, ұлы ақын қазақ қоғамын меңдеген індеттің себептерін “жерден”, қоғамның өзінен, ондағы орын алып отырған реалды қарым-қатынастардан іздеуге шақырады. Басқаша

Айтқанда, Абайға дейінгі ақындардың белгілі тобының сыны - “зарлау”, “жоктау”, сарын түрінде, байырғы этнографиялық үлгіде айтылса, Абай жасампаздыққа бет бұрған өлеуметтік сынды арнайы өдеби тәсіл түрінде, идеологиялық күрес қаруы формасында жүргізді.

Өсімге қол жайды,

Тай алып серкешке,- деп тұлғалайды тиынын сомға, тышқақ лағын тайға “айырбастап” аңқау да бұйығы елді алдап, пайдаға кенеліп жүрген алаяқтардың бейнесін Абай. Осындай қатынастар кеулеген құбылыстар елдің береке-базарын тарқатты, адамаралық қатынастарды ұшықтыра түсіп, ұлттық моральдық-саяси ынтымағын жер етті.

Ел қағынды

Мал сабылды

Ұрлық, өтірік гу де гу

Байы - баспак.

Биі - саспак.

Әулекі, аспак, сыпыра қу.

Әдетте Абай реализмінің тегін зерттеушілер орыс өдебиетімен байланыстырады. Бұл - дұрыс. Алайда, реализм - қазақ өдебиетінің де ежелгі, Асан Қайғы заманынан бері келе жатқан “табиғи” дәстүрі. Асан Қайғы өзінің ой байламдарына табиғи құбылыстарды алғышарт етеді, табиғи ортадан, өлеуметтік өмір тағылымы арқылы дүние заңдылықтарын анықтайды. Бес ғасырлық қазақ поэзиясының барша нұсқасына дерлік бұл құбылыс - төн. Оған Асан Қайғы мен Қазтуғаннан, Абай мен Сұлтанмахмұт арасындағы қазақ ақындарының шығармалары айғақ.

Бәйшешек солмай, күйремек,

Көбелек өлмек, сиремек.

Адамзатқа не керек?

Сүймек, сезбек, кейімек.

Қаракет қылмақ, жүгірмек,

Ақылмен ойлап сөйлемек.

Әркімді заман сүйремек,

Заманды қай жан билемек?

Заманға жаман күйлемек,

Заманы оны илемек.

Абай аса бай, аста-төкті көркемдік стильдік амалдарды өлеңнің өлеуметтік мазмұны мен идеялық мағынасын ашуға

садақа еткен. Басқаша айтқанға, жеке-жеке, қадау-қадау эстетикалық амалдарды реализм арнасына бұрған “тоты құс түсті” табиғат тамашасы мен “замана илемек” идеясын кереғар құбылыстар ретінде біріне бірін қарсы қойып, табиғи және өлеуметтік құбылыстардың диалектикалық аражігі мен байланысын ажырата отырып, адам өмірінің қоғамға дегдарлығы туралы пікір түйілген. Бұл пікір Маркс аузынан “сана болмысқа төуелді” болып естіледі де тарихи материализмнің түпкі мәселесі ретінде танылады.

Абайдың саяси-өлеуметтік көзқарасының іргесі барынша шыншыл, утопия шырмауынан алшақ. Сондықтан әдеттегі қазақ жырауларына төн “Жиделі-Байсын-Жерұйық”, өлде Аплатынның (Платон) Атлантидасы мен әл-Фарабидің “үлгілі мемлекеті” туралы дерексіз саяси-өлеуметтік қияли ой Абай шығармаларында жоқ. Кездеспейді. Абай тұғыры - өділет жолындағы белсеңді күрес. Абайдың творчествосы - осы пайымның нәтижесі. Абайдың, жоғарыда айтқандай, енді қалам алмауға болмайтындығынан туған өрекетінің жемісі. Әлбетте, Абайдың халық ақыны екеніне ешкім шүбө келтірмейді. Осы жөйт ақынның туған халқына ақыл, насихат айтумен ғана шектелмей, сынап сөйлеуіне де негіз береді.

Абай сыны бүкіл ұлтты өзінің ерке ұланындай кейде марапаттап, кейде зекіп, қақпайлап, рухани ауызбірлікке, ынтымаққа шақыру үстінде тұрады. Ауызбірлік демекші, бай мен кедейді табыстыру - Абай ойында жоқ. Мұндай нәтижесіз іске ақын кіріптарлық жасамайды. Сондықтан болса керек, таптық “гармония” туралы утопиялық қиялдан Абай шығармалары ада. Абай үшін бай кедейге кедейдің өзі ойыл, бай үйіне түсірген “қара қидан орта қап ұрыспай берсе” - болды. Кедей еңбегінің елеусіз қалмағанына - ақын көңілі риза. Ақын - бай мен кедейді ымыраластырайын демейді, қайта, керісінше, олардың арасында лаулап жанған отқа түседі, арашашы болады. Арашашының да қазақ ішінде өз жон-жосығы бар. “Арашашыға - алты таяқ”. Абайдың арашаның сойылының да дөм тұзын татқан кездері де мәлім.

Халқын ауызбірлік пен ынтымаққа шақыру - Абай сынының семантикасы астары түпкі нысанасы. Абай сынының тасасында риясыз жан ашу жатыр, керек кезінде елі үшін жанын пидә ету, құрбандыққа бару түр. Халықты

сүюдің басты шарты-сол халықтың қарапайым бөлшегі адамға деген қамқорлықтан басталады. Абай поэзиясының мазмұны түгелдей адамға деген қамқорлықтан тұрады. Бұл жағынан Абай - ұлы гуманист ақын.

Қазақ тілінің бұйрық сөзге икемсіздігі белгілі. Дегенмен, қаскүнемге қарғыс, міні барға-сын, білмей у ішіп жүргендерге ақыл айтуға асып тұр. Әсіресе, сын айтудың дәстүрлі халықтық педагогикадағы тәрбиелік мәні маңызды болған. Халықтық тәрбие жүйесінің бұл бабы байырғы қазақ қоғамының жазалаушы мекемелерінің (түрме, сот, жандермерия) болмай, қоғамдық қатынастар әлеуметтік пікір, өзара сынау-мінеу арқылы реттеліп отырумен орайласады. Халқының бұл тағлымын Абай қалт жібермейді, көп игілігіне пайдаланады.

Қайғы мен ыза қысқан соң,

Зар шығады тілімнен,-

деп айтарын айтып тастап, көңілінен қыжыл кеткен соң ғана ғафу өтінгендей шырай танытады.

Абайдың ақындық және азаматтық позициясы тұтас. Өйткені Абай қолына қаламын сшқашан “әңгіме” үшін:

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,

Ойланшы сыртын қойып, сөздің ішін,

Ыржандамай тыңдасаң нең кетеді.

Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

өлде мал үшін:

Ескі биіс отырмын бос мақалдап.

Ескі ақынша мал үшін тұрмын зарлап алмаған.

“Ғадауатпен майдандасқанда” махаббатқа ұстатар Абай қаруы - өлең болған.

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,

Түбін ойлап, уайым жеп айтқамын.

Ақылдылар арланып ұялған соң,

Ойланып түзеле ме деп айтқамын.

Өткен ғасырда ғұмыр кешкен ғұламамыздың аузынан шыққан лебізі ХХІ ғасырмен бетпе-бет тұрған біз үшін де актуальді, маңызын жоя қойған жоқ.

Өлеңнің 1888 жылдың майында Семей мен Жетісу слінің төтенше сиязына, деректі оқиғаға байланысты жазылғанын ескерсек, “Күлембайға”-саяси-плакат, жеке азамат тарапынан тасталған нақтылы күрес формасы, тап-

тық идеологиялық шара дәрежесіне көтеріледі. Бұл өлеңнің ақынның көзі тірісінде жарық көруі - Абайдың азаматтық позициясының бекемдігін, әлеуметтік белсенділігінің тұрақтылығы мен баяндылығын айғақтайды.

Күлембай бейнесі деректі тұщымдылығына карамай сыншыл реализмге төн әдеби, жинақты образ. Күлембай мен Абай күрдас, заманы бір, тегі бір, бірақ екеуінің рухани өресі бір-біріне қарсы. Күлембай - кері Абай, ақынның антиподы. Күлембай образында дерек пен қиял, даралық пен жалпылық, әдеби және философиялық үрдістер тең тоғысқан. Сондықтан Күлембай бірден әдеби образ бола тұра, екінші жағынан зұлымдық тұтасқан ұғым салмағын көтереді. Күлембайды көрмей тұрып, Күлембайдың аты аталып, шаңы көрінгеннен-ақ бұйраты мен шағылы алмаса қыдырған қырқалы дала қойнауынан екілене үрген ит пен зар қаққан бала-шағаның ащы дауысы естіледі. Бейбіт ауыл ию-қию болады. Күлембай бейнесіне өткен ғасырдағы қазақ қоғамында бой көрсеткен царизмнің отаршыл аппаратына иек артып, туған халқын сүліктей сорған жергілікті арамзалар мен жылпостардың типтік образы түйілген, қазақтың дәстүрлі санасына жат буржуазиялық салт-сана үстем болып жатқан, заманамен “бірге келген” “жана” адамдар бейнеленген.

Абай да, Күлембай да бір тап өкілі дедік. Алайда, екеуінің арасы жер мен көктей. Абай - азамат, жапырағын жайған мөуелі бәйтерек. Күлембай - азғын, жағаға толқын итеріп шығарған су соққы томар. Абай халқының табанына батқан шөңгеге маңдайын тосады, рухани сергелдеңге түсіп, Семей барып, орыс зиялыларына халық зердесін қорландыруға қажет индукция мен дедукция категорияларын сауал етеді, алқалы кеңеске шығады. Өйткені “халықты білімге жетелеу - балаңдық дәуірмен қоштасу” дейді Абайдың И. Кант деген аға тұстасы. Алайда, Абай барған облыс орталығына Күлембай болыс та жиі-жиі жол салады. Бірақ ол ел мүддесін ұлықтарға “айырбасқа” салып, шекпеніне шен қадатып, “арқасына ояз қаққанға мөз болып” қайтады. Өйткені, Күлембай - құлқынның құлы дедік ал, Абай болса - халық ұлы халқын алға, жарыққа тартады, бұл жолда малын да жанын да садаққа етеді.

АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

ІЗБАСАР ЕРҒАЛИЕВ

ҚР ҒМ - ҒА

*Филос. инст. қазақ философия
бөлімінің меңгерушісі,
филос. ғылым. канд., доцент*

Соңғы кезде Абайда философия болды ма, әлде болған жоқ па деген сияқты сұрақтарға дәлелді де, толық жауап берілді¹. Ендігі ізденіс оның философиясын қай сала мен бағыт қатарына қосып, оған қандай сипаттама беруге болады және оның негізгі мәселесі қандай мәселе еді деген сұрақтар төңірегінде болмақ. Мақаланың мақсаты осы сұрақтардың соңғысына жауап іздеу.

Дүниенің өзі де, көзі де - адам деген түсінікке сүйенген Абай философиясының өзегі де - адам. Сондықтан егер Абайдың көзқарасын бір қалыпқа салып, бір жүйеге келтірмек болсақ, адам мәселесін Абай философиясының ең басты және негізгі мәселесі деп қарастыруымыз керек. "Абай көзқарасының негізі - адам мәселесі болып табылады" дегенде біз ақын Абай адамның түрлі қырларын өз өлеңдеріне қосқан екен деп түсінбеуіміз керек ол өзінен өзі түсінікті - адамсыз поэзия болмайды да той. Адамның саналуан қасиеттері мен қабілеттері, жағдайлары мен күйлері Абай поэзиясының арқауы болса да, бізге керекті адамның қырлары мен сырларынан гөрі, Абайдың адамды тұтас түсінуі, оның адам туралы тұтас тұжырымдамасы.

"Тұжырымдамасы" дегенде көз алдымызға объективтік бір схема елестеуі де мүмкін. Бірақ Абай адамды объективтік тұрғыдан сипаттаудан да аулақ. Абай үшін адам ең сүйікті, дүниенің ең асылы. Сондықтан Абай дүниетанымын талдағандағы ең бірінші бетке ұстарымыз-Абайдың адамға

¹Осы сұрақтарға жауап беретін кітаптардың ішінде соңғы жылдары шыққан Ғ.Есімовтің "Хақим Абай /даналықтың дүниетанымы/", философия институтының бір топ ғалымдарының "Абайдың дүниетанымы мен философиясы", М.С.Орынбеков Философские воззрения Абая, Аль-Халел Карлықтың "Абай. Наследники. На перепутье..." кітаптарын айтсақ та жеткілікті.

деген сүйіспеншілігі, адамға ерекше құштарлығы-оның гуманизмі.

Осы гуманизм Абайдың адам туралы философиялық ілімінің өзегі деуге болады.

³ Сонда.-48-б.

Абай атап өткен қазақ халқының архетиптерінің қатарына “қазақ көпшілдігі” деген құбылысты атауға болады. Мәселен, Абай Жиырма үшінші сөзінде: “...жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйтіп-ақ жүр ғой, көпшен көрген ұлы той, көпшен бірге болсақ, болады-дағы деген сөзді жұбаныш қылады”¹ - дейтіндігін атап өтіп, қазақтың бойындағы жетілмеген тұлғалық, конформистік /көңгіштік/ қасиеттердің жетекші ролі атқарып отырғанын байқатады. Содан кейін, “қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен, не жерлеп, не сырлап айтқанменен еш нәрсеге көндіру мүмкін емес”,¹ - деп қазақтың “далалық анархизмге бейімділігі” архетипін анықтайды. Бұл теріс бағдарлы қасиеттердің кең қанат жайып, психологиялық негіздерге тамырлап кетуіне не себеп болды? Әрине сураққа терең ғылыми талдау жасауды алдына мақсат етіп қоймаса да өз замандастары көндігіп кеткен жарымсыз әдеттерден құтылу қажеттігін жақсы түсіяді. Далалық анархизмге деген бейімділіктің қайнар көзі қазақтың өмір салтындағы жатсыну үрдістерімен тығыз байланысты. Өзіндік ұлттық мәдениеттің еркін дамуы үшін мемлекеттік тәуелсіздік, халықтық біртұтастық қажет болатын. Ал, ондай элементтер Әлеуметтік болмысты нығайтып отырмаса, халықтың ғасырлар бойы қордаланған инабаттылық, моральдық ұстанымдарын бір деңгейде қоғам ахуалы ұстап тұра алмайды. Жалпы мемлекеттік тұрғыдағы заңға бағынушылық /легитимділік/ та этникалық мәдениеттің ерекшелігімен сәйкес келіп отырғанда ғана өміршең және тиімді. Басқа жағдайларда жаңа қайшылықта туғызады.

Қазақ елінің геосаясаттық дербестікке үмтылуы қажеттілігі жайында Абай көп тұжырымдар келтірмейді және көбінесе басқа мәдениеттер мен мемлекеттерден гөрі орыс үлгісін көбірек қолдайды.

Ресеймен арадағы мәдениет интеграциясына көңіл бөле отырып, бұл құбылыста да елеулі күрделілік бар екенін жасырмайды. Өйткені, ділдік, діндік, тілдік айырмашылықтардан басқа стереотиптік әдеттер бар екенін де ескертіп отырады. Мәдениеттердің табиғи-тарихи ырғағынан ауытқып /флукту-ация/ отырған жағдайда /Кенестік дәуірде кең қанат жай-ған/ ассимиляциялау процестері белең алды. Со-

¹ Абай. Қара сөз. Поэмалар.-Алматы: Ел,1993.-110-б.

ның нәтижесінде халықтың бір бөлігі өз халқының тілі мен ділін, мәдениеті мен салтын, дәстүрі мен әдет-ғұрпын үстірт қана біліп, құндылықтарын мойындамай, өзін жетілмеген комплекстердің құрбаны етіп отырады. Осындай этникалық жіктелушілік колониялық тарихы бар халықтардың көбісінің әлеуметтік кеңістігінде байқалып отыр.

Абай әлеуметтік-этникалық психологияға төн кемшіліктердің, адасушылықтардың көбісін тәрбие арқылы жөнге салуға, түзеуге болатындығына сенеді және соған шақырады. Отыз сегізінші сөзінде: “Адам баласын замана өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват” немесе, Мен егер зақон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім,¹ - деген тұжырымдары негізінен Абай дүниетанымының негізгі тұғырнамасын айшықтайды. Ағартушылық тұрғысынан мәселелердің шешімін іздеу қазақ даласының Шоқан мен Ыбырайдан кейінгі дәстүрді жалғастыру болып табылады.

Қазақ үшін үйрену рәсімі өз өзектілігін қазіргі кезеңде де жойған емес. Әсіресе, нарыққа өту кезеңі дүниежүзілік деңгейлердегі үрдістерден кешеуілдеп қалмау қажеттілігін туындатады. Сондықтан жас ұрпаққа ағылшын тілін білу мен компьютерлік техниканы меңгеру міндеттері тұр.

Оқшауланған дамудың болашағы үлкен еместігін сезген Абай үнемі басқа әлеуметтік орталарда қалыптасқан мәдениет жетістіктерін қабылдап отыру қажеттігін сезінген. Сондықтан жалқаулық, токмейілісу сияқты қасиеттердің қазақ үшін тіптен де тиімді емес екендігін, басқа ұлттың өкілдері барынша талаптанып жатқанда, дүниедегі көп нәрсе тер төгу бөсекелесудің нәтижесінде келіп жатқанда бәрі өзі келетіндей бақылап қарап отыру әдетін тастау қажеттігін дәлелдеуге тырысады. “Болмасаң да ұқсап бақ”- деген сөздің астары, үйренуден жалықпа, қолыңнан келсе өрі қарай дамыт деген ойды алға тартады. Әлбетте, үйренудің де үйренуі бар. Механикалық түрде басқа мәдениеттерге, өркениеттерге, ділдерге төн құндылықтарды өз ортамызда онды-солды желкілдете берсек, әлі дүниетанымдық жүйесі бекіп, толыса қоймаған жас ұрпақ үшін нағыз “маргиналдық ділдің” қалыптасуына “көмегімізді” тигіземіз. Сөйтіп, мәдениет

¹ Абай. Қара сөз. Поэмалар.- Алматы: Ел, 1993.-78-б.

дің“ қалыптасуына “көмсімізді” тигіземіз. Сөйтіп, мәдениет аралық тарихи объективті интеграцияның орнына механикалық қоспалар құрылымын жасап аламыз.

Қазақ халқы көптесен жылдар бойы Кеңес дәуірінің құндылықтарын славян, түрік тілдес халықтар қатар алып келді, бірге қаласты. Бірақ, өзге ұлттарға қарағанда нарықтық қатынастарға бейімділігі аздау екенін байқатып қалды. Ол әсіресе ауылдық деңгейдегі қайшылықтар мен күрделі мәселелерден айқын байқалуда. Әрине, “батырға да жан керек”, - дегендей дағдарыстар қыспағына ұшыраған қазақ /басқа халықтардың өкілі сияқты/ барынша жаңа қатынастарға бейімделуге тырысуда. Бұрын сауда жасауды өзіне мін санайтындар қазіргі кезеңде нағыз сауда ұстасы, алыпсатар шебері болып алған. Бұрынғы үлкен беделі бар /оқытушы, ұстаз, дәрігер, ғалым, жазушы, әртіс деген сияқты мамандықтар/ кәсіптер бірте-бірте өз орнын ұлттық кәсіпкерлердің, саудагерлердің қолына бере бастаған түрі бар. Сөйтіп, болмыс ділдік бағалауды билеуде. Адам өмірі белгілі бір тарихи кезеңде, этникалық, саяси ортада өтері хақ. Абай өмір сүрген ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басына сай қазақтың ұлттық ділі - Ресейдің шет аймағында жатқан, өзінің саяси-экономикалық тәуелсіздігі бекімеген, ұлттық психологиясында тұрақты қасиеттер мен дәстүрлер мемлекеттік деңгейде қолдау таппаған, негізінен мал шаруашылығын ғана күйттеген арналарға негізделді. Әрине, осындай оқшауланған өмір салтының да өзіндік даму логикасы бар, ерекше жақтары да кездеседі. Ол сол заманға сәйкес келетін үрдістердің жиынтығынан қалыптасады. Өз заманының алыбы-Абай сияқты ойшылға қазақтағы бірқалыпты бұйығы өмір-өмірден шеттел қалумен бірдей болған.

Сөйтіп, Абайды оқи білу, түсіне білу, Мұхтар Әуезовтей қағаз бетіне көркемдей білу келесі ұрпақтың міндеті болатын. Себебі, Абайды білген адам - қазақтың ұлттық ділінің қатпарларын сезеді, даму үрдістерін байқайды және келешегіне де көз жібере алады. Өз халқының психологиясынан кемшіліктер іздегенде - Абай үшін тек сол халықтың әрбір өкіліне пайда келтіретіндей Сөз айтсам екен деген мақсат қойғанға ұқсайды. Әйтпесе, өз шаруасын ғана ойлаған жандар аз ба бұл дүниеде. Сондықтан әрқашан жаңа бір ділдік ерекшелік тауып, “архетиптерді” көрсеткен

сайын Абай шығармашылығына қайта оралып отыруымыздың артықтығы болмайды. Есесіне өз-өзімізді тани түсеміз, тұлғаның еркін дамуына жаңа білімдермен қаруланамыз, әлемнің жаңа қырларын аша түсеміз.

ВОЛЕВОЙ АСПЕКТ ПОЛИТИЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ АБАЯ

Т.Т. ИСМАГАМБЕТОВ

*Научн. сотруд. Центра
социальных исследований
Инст. развития Казахстана*

Политические взгляды Абая неотделимы от всего контекста его мышления, в котором неразрывны моральные, политические, философские, религиозные взгляды. Его наследие ждет адекватного прочтения не только в филологическом смысле. Как заметил казахстанский политолог профессор Т.Т. Мустафин: “Абай в “Словах...” не употребляет политические термины как-то: “политическая культура”, “демократия”, “легитимность” и другие. Но это не значит, что в “Словах...” нет этих понятий. Анализ политологических аспектов раздумий Абая показывает удивительную глубину и масштабность его позиции относительно духа, воли, свободы, права народа, а также одухотворенной государственности... Исключительно актуальны для политической современности мысли Абая об авторитете лидеров, о порядочности тех, кому делегирована власть, о правде”[1].

Творчество Абая сравнимо с деяниями титанов европейской эпохи Возрождения именно этим универсализмом не только в сфере наук, но и искусства. Сходство также и в том, что и казахский мыслитель и гении Ренессанса имели непосредственных продолжателей своего дела в своих преемниках. Интеллектуалы степи 20-х гг. нашего столетия не замыкались в узких рамках своих занятий. Как известно, им не был чужд ни дар литературного творчества, ни научные изыскания, ни политическая деятельность. Обращение к

политическим взглядам Абая Кунанбаева требует принятия во внимание подобный универсализм.

Отсутствие понятного аппарата современной науки в изречениях Абая не должно нас обманывать. Как свидетельствует политическая антропология - наука, изучающая политические отношения в традиционных, докапиталистических обществах, одним из главных обязанностей лиц, обладавших властью в ту эпоху, было решение разного рода конфликтов.

Отец Абая, Кунанбай был первым старшим султаном в степи, происходившим из "черной кости". Неоднозначные отношения отца и сына все еще требуют уточнения, природа обострения их отношений также сама по себе интересная отдельная тема. Справедливый, по мнению народа, бий Абай Кунанбаев в моральном плане является пресмником оставшихся в памяти благородных биев прошлого. Отказ от дальнейшей судебной деятельности поднимает вопрос актуальный и для нашего времени - вхождение интеллектуала во власть. Интеллектуалу приходится либо смириться с уже заданными правилами политической игры, принять и следовать этим правилам и сложившимся отношениям во властных кругах, либо отстаивать свою позицию. Практически А. Кунанбаев первым в казахской истории столкнулся с этой проблемой.

Для раскрытия существа его политических взглядов необходимо вжиться в контекст той эпохи. Известно, что в 1882-1886 гг. в поэтическом творчестве Абая наблюдается взлет, своего рода "болдинская осень". Именно тогда прежний бий со всем пылом поэтической души ставит насущные социальные и моральные проблемы казахского народа. Из стихотворения "Поэзия - властитель языка", в котором высказаны критические неллицеприятные отзывы о биях своего времени, видно, что Абай Кунанбаев и Чокан Валиханов разделены целой политической эпохой, хотя Чокан всего лишь на десять лет старше Абая. Ч.Ч. Валиханов еще застал действующим суд биев, еще сохранившим свой авторитет в глазах соплеменников и, по признанию, видного чиновника колониальной администрации Гейнса, также среди русских переселенцев, нередко предпочитавших обращаться к степным судьям в спорных случаях. Реформа 1867-1868 гг.

в корне изменила положение. Если Чокан Валиханов в 60-е гг. XIX века, в период подготовки, предвидел негативные последствия судебной реформы и отстаивал по сути своей меритократический принцип выдвижения в бии не путем выборов, а путем признания народом личных качеств того или иного лица, к которому и обращались за решением спорных ситуаций, то Абай уже видит все эти последствия. Его душевная боль проявляется со всей остротой в таких стихотворениях как “О, казахи, мой бедный народ...”, в “Восьмистишьях”.

Абай повернул в сторону признания необходимости просвещения и морального совершенствования. Не случаен его интерес к Сократу и Платону, мыслителям более двух с лишним тысячелетий назад вставшим перед аналогичными проблемами кризиса ценностей общества. Абай шел к будущему, и к знанию России и Европы. М.О. Ауэзов писал: “В поэтической программе, выраженной в стихотворениях “Не для забавы я слагаю стих”, “Поэзия - властитель языка”, “Если умер близкий”, он резко критикует живших до него носителей ханско-феодальной, реакционной идеологии - Бухаржырау, Шортанбая, Дулата. называет их творчество “лоскутной поэзией”, где нет ни одного живого слова. Он осуждает их за то, что они, не давая духовной пищи новому поколению, вредят борьбе народа за преобразование общества, воспевают идеализируют рабское прошлое. Сам же Абай провозглашает высшей целью, призванием новой поэзии - служение народу, призыв к тому новому, что перевоспитает людей и поможет преобразовать общество. Только труд и борьба народа за свои права принесут независимость степной бедноте, только упорное стремление к знанию, к просвещению для всех принесет лучшую жизнь подрастающему поколению”[2]. Для нас в данном случае важно не уточнение влияния советского классового подхода на точку зрения интерпретатора, а отношение к своим современникам поэтам эпохи послереформенной эпохи “зар заман” (эпоха скорби).

Шортанбай, Дулат, Базаржырау, Аубакир Кердери были обращены в дореформенное прошлое, когда не чувствовался столь разительный отрыв выборной власти волостных и народа. Абай порывает с назидательностью, переходя в

обличение власть имущих, сатирически показывая типы управителей и уездных начальников. Общее и для поэтов эпохи “зар заман” и Абая в признании факта, что под вопросом преемственность поколений в созвучии эпох, исторической связи прошлого и настоящего.

Психология, переходящая в политическую, заметна у Абая в его мыслях из “Слов назидания”: “...мирное сожительство народов невозможно без определенного психологического настроения людей. В самом деле, одним из препятствий для взаимопонимания является как раз восприятие “другого” как врага, угрожающего “нашим ценностям”. Мысли Абая в политическом плане сравнимы с мыслями Аристотеля, который как политик опирался на осторожность, осмотрительность, отрицал “абсолютный решительный жест”, приводящий к неожиданным, непредвиденным последствиям.

Абай мудро предупреждал о том, что очень опасно формирование в сознании людей отрицательного отношения к другим народам. Психология враждебности диктует особую политическую мораль с известным принципом: “чума на оба ваших дома”. Психология враждебности препятствует осознанию общих интересов, всего, что так или иначе могло бы объединить усилия людей.

Абай считал, что психология враждебности не является врожденной чертой сознания. Она скорее результат целенаправленной “обработки” сознания” [3].

И Абай, и поэты эпохи “зар заман” оказались в ситуации, некогда пережитой древней Грецией: борьба сторонников просвещения и традиций, в которой проявляется утраченное прежде целостное видение мира. Позиция сторонников прежних традиций кочевого общества должна рассматриваться с новейших постановок вопроса о кочевничестве. Обращает внимание проект “номадологии” Жюль Делеза и Феликса Гваттари. Введенное ими понятие “ризомы” - сетевидной структуры, не имеющей центра и растущей вширь, противостоящей корню, служащему для обозначения западного классического мышления, неотрывно от фигуры кочевника. Интерес этих авторов вызван настоятельной необходимостью осуществить анализ опыта практик, предшествовавших господству рационализма. В этнографическом смысле корень представляет оседлую культуру, ризома - кочевую.

Кочевничеству была известна подвижность социальных образований, децентрированных в своей основе, ускользание от деспотического. Это ускользание интересует авторов "Трактата о номадологии". Для нас также практический интерес в присущей предкам нелюбви к деспотизму в политике, абсолютному, навсегда данному в политическом и религиозном смысле [4].

Базаржырау подвел черту под дореформенным периодом, воспев в одном из своих произведений последних батыров, в том числе Есета, Жанхожу. Эта бьющая порой через край вольница и решимость прежних батыров - родоправителей не представлена в творчестве Абая.

Для многих поколений европейцев, индийцев, китайцев душа их культуры уже преададена их предшественниками. Казахстан испытал и кризис, и насильственный слом наследия традиционной культуры, начало которого, если говорить о политической культуре, относится к 20-м гг. XIX века, когда был введен "Устав о сибирских киргизах", ощутимо продолжен реформой конца 60-х гг. того же века и довершен процессом советизации и насильственной коллективизации. На современном этапе политической, экономической, социальной и культурной модернизации перед казахстанцами стоит задача выражения души культуры.

Абай желал нравственности в политической практике и, как видно из его высказываний, сокрушался процессом межродовой борьбы в ходе выборов волостных, расцветом коррупции при выборах. Поворот в сторону морали не заслонял важность того, что выборы не выражали воли народной, то есть желаний, интересов, стремлений, решимости выразить свои социальные интересы. Поставленный им диагноз измельчения и падения нравственного уровня народа в "Словах назидания" есть по сути невысказанное, но выстраданное: "Я вижу, как в этой сутолке мой народ мельчает с каждым годом и становится все более безнравственным" [5]. Позади была эпоха степной меритократии, последний этап которой еще застал Валиханов. В то же время в размышлениях о духовности в слове 43-м Абай считает "Разум должен объединиться с волей, и тогда можно управлять живостью восприятия и силой притяжения однородного однородным", полагая в последней силе силу способности

сравнить новое с уже известными истинами, а в живости восприятия умение принять решение и осуществлять его.

Мыслитель желал нравственной практики в делах властвования и управления, но однако, в отличие от прежних батыров и биев, творивших деяния, он вынужден рассуждать, находясь в философском одиночестве. В его понимании “живости восприятия” сквозит угасшая воля прежних свободных кочевников. Свергать неудобных ханов, как делали воспетые Базаржырау батыры, сменять таким образом непопулярных среди народа властителей, перед ним, в иной исторической обстановке, такая задача не стоит.

Абай ставит диагноз деградации окружающего его общества, говоря о своем народе: “Постоянен в непостоянстве своем”. Известный кый Естая “В сумерках не вижу народа” и творчество поэтов эпохи “зар заман” свидетельствуют о сходном восприятии кризиса прежних духовных ценностей.

Абай полагал, что власть имущие должны помочь своему народу, полагая в слове 41-м “Слов назидания”, что “Человек, который по-настоящему озабочен будущим казахов и собирается не только давать советы, а и осуществлять их на деле, должен удовлетворять одному из двух требований.

Первое условие: в руках этого человека должна быть сосредоточена вся власть по управлению народом.

Второе условие: в руках этого человека должны быть несметные богатства.

Но нет сегодня такой власти, которая была бы так сильна, чтобы держать народ в повиновении. И не найти в степи такого богача.

А словами казаха не возьмешь, угрозами его не испугашь, упрсками не устыдишь”.

Абай желал нравственной практики, но заметно отсутствие воли, присущей не одному, а многим личностям, поскольку только полномочное лицо может осуществить должные преобразования. В этом отношении он далек и от степной вольницы батыров, и от представленного в современной политической науке положения о необходимости самим гражданам путем свободного волеизъявления определять и сменять политический курс правительств и сами правительства. Воля как творческий порыв, как характер и доблесть,

известная ему на примере деяний батыров и биев прошлого, не получила полного отражения в его политических взглядах. Отчасти это произошло из-за иного социально-политического контекста 80-х гг. XIX века и начала XX века, отчасти вследствие его иной личной культурной ориентации. Предполагаемый им лидер должен был бы выражать национальную волю, но как соотносится “живость восприятия”, то есть волевые качества принять и осуществлять решение с интересами, желаниями, стремлениями множества других личностей, с их готовностью действовать во исполнение его решения, им четко не определено.

Существует познавательный интерес в потребности выразить свое национальное видение мира в поэзии или музыке, политический интерес решить проблему национальной идентичности казахстанцев, экономический - в выборе в качестве приоритета инвестирование в развитие человеческих ресурсов, экологический - гармоничное использование окружающей среды и самой жизнедеятельности человека. Интерес, однако, недостаточен, поскольку интеллектуальная элита остается в плену фрагментарного видения, то, что не было свойственно Абаю.

Национальная воля в этом смысле есть плод творческих личностных усилий, воспринятых как свое другими личностями.

Суть произвола и волюнтаризма раскрывается в несовпадении с закономерностями окружающего мира природы и общества. Абай, однако, не застал Советскую эпоху и практику полновластия одного лица и его произвола.

Список использованной литературы:

1. Мустафин Т.Т. Синтез Жизни (К политологическим аспектам “Слов назиданий” Абая)// Юбилейный альманах к 150-летию Абая. Алматы, 1995. С.9
2. Ауэзов М.О. Жизнь и творчество Абая Кунанбаева// Жизнь и творчество Абая. Сборник статей. Алма-Ата, 1954. С.17.
3. Мустафин Т.Т. Синтез Жизни (К политологическим аспектам “Слов назиданий” Абая)// Юбилейный альманах к 150-летию Абая. Алматы, 1995. С.7.

4. Баймухаметов Ж. Номадология в современной западной философии// Культура кочевников на рубеже веков (XIX- XX, XX-XXI вв.: проблемы генезиса и трансформации. Тезисы докладов международной конференции, Алматы, 5-7 июня 1995 г., С. 15-16.

5. Абай. Слова назидания. Алма-Ата: Жалын.1982.С.13.

ФЕМИНИЗМ В КОНТЕКСТЕ СОВРЕМЕННОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА

С. ШАКИРОВА

*Президент Феминистской
лиги г. Алматы,
канд. филос. наук*

Природа сделала женщину отличной
от мужчины, общество сделало ее от-
личной от человека.

С. Файерстоун

Когда звучит слово “феминистка”, у многих возникает определенный набор ассоциаций типа: мужененавистница, свободная любовь, против брачных уз, курит и крепко выражается, груба, не ищет благосклонности у мужчин и проч. и проч. Такой установочный ряд, к моему глубокому сожалению, характерен для большинства людей в нашем обществе: для мужчин и женщин, молодых и пожилых, образованных и не очень.

Причин тому несколько. Прошлый исторический период нашей страны вычеркнул феминизм из языка общественной и культурной жизни. Все знали женщину - посла Александру Коллонтай, но не многие знали о том, что она исповедовала свободную любовь вне брака и вне условностей. Изучая творчество С.Есенина, школьники знали о его американской жене Айседоре Дункан, и вряд ли знали, что ее стиль жизни был ярким примером феминизма в лучшем смысле слова. Наша читающая публика, несомненно, знала и любила Жорж Санд, Джейн Остин, сестер Бронте, Мэри

Шелли, Вирджинию Вулф, Софью Ковалевскую, Марину Цветаеву, Франсуазу Саган и других писательниц, но это не мешало им считать феминизм противоестественным явлением.

Феминизм - это прежде всего вызов женщины мужскому обществу. Это гордое "Я могу" в море обиденных запретов и предписаний. Это сопротивление женского пола против биологического различия, ставшего социальным различием. Никто не ставит мужчину перед дилеммой "работа или семья", но выбор между реализацией собственного интеллекта, душевных качеств и выполнением "природного предназначения" разрывает на части душу и жизнь современной женщины.

Почему не говорят о природном предназначении мужчины? Его невозможно сформулировать однозначно. Избитое "быть добытчиком, кормильцем семьи" неадекватно всему спектру человеческих возможностей и желаний. Скажите молодому неженатому мужчине, что его единственная роль в жизни - кормить семью, и я боюсь, что он не скоро подумает о браке. В отношении женщин общественный вердикт прост: стать матерью, хранительницей очага. Все остальное желательно, но не обязательно. Без первого все другие достижения меркнут. Будь никем, но дай жизнь человеку. Пусть ты доктор наук и лауреат всяческих премий, ты одинока (бездетна), всяк пожалеет тебя.

Женщины-это наикрупнейшая страта общества, подвергаемая дискриминации по не зависящему от личности признака-по признаку пола. По данным ООН, ни в одной стране мира женщины не достигли равенства с мужчинами, поскольку

- *две трети из миллиарда неграмотных - женщины*
- *80% беженцев - женщины*
- *Две трети из 130 миллионов детей, не посещающих школу - девочки*
- *Женщины зарабатывают в среднем около трех четвертей того, что получают мужчины за ту же работу*

- На женщин приходится вдвое больше неоплаченного рабочего времени, чем на мужчин

- Только 24 женщины избирались главами государств и правительств в XX веке.

- Женщины занимают 10.3% мест в парламентах мира

- В мировом бизнесе женщины составляют 6%.

Каждый год от немедицинских абортів умирает 70 тысяч женщин, от болезней, связанных с беременностью и родами, - 585 тыс. женщин. Это значит, что каждую минуту где-то умирает одна женщина в связи с осложнением беременности или родов. (в Казахстане каждая пятая смерть женщины вызвана последствиями абортів. Ежегодно от абортів умирает 40-45 женщин).

- 39% женщин проживает в странах, запрещающих аборт

- 20-50% женщин подвергаются насилию в семье в период брака

- Самые многочисленные жертвы войн - женщины и дети, а не солдаты.

Статус женщин в современном Казахстане резко упал в последнее десятилетие.¹ Имея высокий образовательный, культурный и профессиональный уровень, выброшенные "в рынок" женщины осваивают профессии, не соответствующие их желаниям и достоинству (няня, домработница, мелкий реализатор товаров и пр.). Нарушена карьерная стратегия женщин старшего возраста. Молодые работницы сталкиваются с сексуальными домогательствами при приеме на работу. Некоторые родители изменили отношение к высшему образованию дочерей, предпочитая в первую очередь оплачивать учебу сыновей.

¹Согласно проведенному нами в 1996г. социологическому опросу "Женщины глазами женщин" 19% - жительниц Алматы считают статус женщин в нашем обществе низким, 70% - средним, 7% - достаточно высоким, 4% - высоким.

В средствах массовой информации культивируется облегченно-игривое отношение к женским проблемам. Предполагаемый круг их жизненных интересов сводится к кулинарии, косметике и уходу за детьми. Большинство женских изданий психотерапевтического свойства развивают мифы о современной женщине, делающей карьеру, идущей по жизни легко, относясь к мужчине потребительски, а к разводу, как поводу сбросить лишние килограммы. Тиражирование женской сексуальности в масс медиа и рекламе приняло характер наваждения, нашедшего на все мужское общество. Женщина в роли приманки и украшения продвигает товары на рынке, помогает прессе удерживать тираж, а звездам поп-культуры - сохранять интерес к себе.

Несмотря на ренессанс патриархальных ценностей, усиленный влиянием СМИ, определенная часть женщин выступает за самостоятельность, независимость и равенство возможностей обоих полов. Их приверженность к феминизму не всегда артикулируется публично. Женщины же, занимающиеся защитой своего равноправия на институциональном уровне (лоббирование эгалитарных законов, распространение идей и культуры феминизма, повышение самосознания женщин и т.п.), пока немногочисленны.

Это общественные объединения "Феминистская лига", "Женщина и право", "Алматинский женский информационный центр" и некоторые другие. Издаваемые ими бюллетени (тиражами от 300 до 1000 экз.) циркулируют в кругах женских активисток, студенток, журналистов. Эти усилия по изменению общественного сознания пока не имеют массового отклика. Тем не менее бюллетень нашей организации читают все депутаты Парламента РК. Мы внесли предложения в проект Конституции Казахстана, в проект Брачно-семейного кодекса, Закона об охране здоровья граждан в РК, ставили вопрос о присоединении нашей республики к международным конвенциям по правам женщин.

Самым интересным и важным для нас было внесение на рассмотрение депутатов законопроекта "О равноправии между полами". И если, по мнению нынешних парламентариев, время такого закона еще не наступило, то мы хотим, чтобы Казахстан стал первым из членов Содружества, кто примет этот прогрессивный закон.

По моему убеждению, феминизм как идеология не противоречит традиционной ментальности Казахстана: слабое влияние ислама, исторически сложившийся духовный типаж казахской женщины, не носившей паранджи, всадницы, воительницы, опыт равноправия с мужчинами при социализме - все это может способствовать расширению идейного поля феминизма.

Охранителям традиционных ценностей, радеющим за моральную чистоту общества, феминизм может показаться продуктом буржуазной культуры, импортированным для насаждения западного образа жизни. Это не так. Женское движение приняло в последние десятилетия глобальный характер.

Оно существует в таких странах, как ОАЭ, Кувейт, Иран, Ирак, не говоря о Пакистане, Индии или Бангладеш. Религиозный фактор там не мешает развитию активности, росту самосознания, участию женщин в политической жизни общества.

Самым свежим подтверждением правоты феминизма является факт объявления открытого конкурса на создание скульптурной модели двух славных женщин Казахстана - Маншук Маметовой и Алии Молдагуловой. В политическом центре г.Алматы они займут место прежнего лидера - В.И.Ленина. Специально или нет, но это есть лучшее признание значения женщин в нашем обществе.

Имея равные права и завоевав равные возможности на экономическое, социальное, культурное и иное благополучие, женщины смогут полнее проявить себя во всех сферах жизни. Это даст несомненное приращение гуманитарных, культурных, цивилизационных ценностей.

Вряд ли мужское общество вправе противопоставлять этим намерениям свое эгоистическое желание абсолютной власти над женщинами.

ШӨКӘРІМ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ КӘСІБИ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

ЖАҚЫПБЕК АЛТАЕВ,
КазМУУ-дің доценті,
филос. ғылым. канд.

Бүгінде мемлекетіміздің дербестенуі, ұлттық сана-сезімнің өркендеуі мәдени қайта өрлеу, рухани кемелдік өткенімізге қайта оралып, жаңаша топшылауға мүмкіндік туғызып отыр. Осы тұста Шөкәрім мұрасының, ойының орны бөлек.

Қазақ халқының ұлы ақыны, философ, керемет білімдар Шөкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылы Шыңғыстауда дүниеге келеді. Ұлы ақын Абайдың жеті ағайынды болғаны белгілі. Шөкәрімнің әжесі Құдайберді сол жетеудің ең үлкені еді. Құдайберді 1886 жылы 37 жасында дүниеден өтіп, Шөкәрім жеті жасында жетім қалды. Бұдан былай Шөкәрім ақын ағасы Абайдың тәрбиесінде болды. Туған әулет дәстүрі, өскен орта ыңғайы, ақын аға тағлымы Шөкәрімнің азамат ретінде қалыптасуына да ерекше әсер етті.¹

1931 жылы 73 жасында Шөкәрім асыра сілтеудің құрбаны болды.

Шөкәрімнің “Үш анық” атты аңсары негізгі философиялық шығармаларының бірі болып табылады. Мұнда философия тарихына байланысты көп мағлұматтар аламыз. Оның бұл шығармасындағы сөз болатын басты мәселе әр ілімінің негізі боп табылатын нәрсе “Адамдағы ынсап, әділет, мейірім-үшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады. Мұны орысша совесть деп атайды... бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды... ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылмен сынап істесе, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды”²-деп жазған философиялық толғауы бүгінгі күн талабымен де үндесіп жатқан жоқ па?!

¹ Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары.-Алматы, 1988.- 7-б.

² Құдайбердіұлы Ш. Үш Анық.-Алматы, 1991.-5-б.

Шөкәрім “Үш Анық” деп аталатын трактатын жазуға отыз жылдай уақытын сарп етіпті. Бұл ақынның ғылымға деген үлкен жауапкершілігі мен тазалығы болса керек. Ол мұнда Батыс пен Шығыс мәдениетінің рухани казына көздеріне бас қойып, жаратылыстану ғылымдары салты бойынша да көптеген Еуропа ғалымдарының еңбектерімен таныс болғандығына көз жеткіземіз. Ол көп нәрсенің сырын ұтып, өз дүниетаным қортындысында Шөкәрім “біріншіден” затшылдық ғылым жолындағы таным мен, екіншіден, дін жолындағы теплочтардың дүниетанымы бірінші, екінші анық деп көрсетеді де:

Іздедім, таптым анығын

Тастадым ескі танығым,- деп өзі ғұмыр бойы шарқ ұрып ізденіп тапқан жолы үшінші анықты ұсынады. Ол - үшінші анығы Абайда кеңінен сөз болған мораль философиясындағы жан құмарына барып ұштасатын ұждан туралы күрделі проблеманы көтереді. Мұнысы Шөкәрімнің ұзақ жылдарға созылған ғылыми-шығармашылық ізденіс үстінде келіп туған ой қорытындысы ретінде берілетін негізгі ой тезисі:

Еңбекпенен, өрнекпенен

Өнер ойға тоқылса,

Жайнар көңіл, қайнар өмір.

Ар ілімі оқылса,-

деп тұжырымдалған танымында жатыр. Яғни Шөкәрімнің “Үш анықтағы” мақсаты ар түзейтін бір ғылымды табу болғандықтан, өмір бойы осы жолда ізденген¹.

Шөкәрімнің ұжданы И.Канттың “категориялық императив” ұғымдарымен астарлас. Ұждан,-ынсап, әділет мейірім дегеніміз.

Шөкәрім айтады “Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі дене өлсе де жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке, тіпті ұқсамайтын бір түрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз ғана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек дейді. Мұны ақырет өлгеннен соңғы өмір жолы дейді. Енді бірі бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай

¹ Құдайбердіұлы Ш. Үш Анық. -Алматы.-1991. -4-б.

қылайын деп жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді“.¹

Енді осы екі жолдың анық-қанығын тану зерделі адамдардың бәріне міндет. Біз ақиқатты танып білуіміз қажет дейді.

Шөкәрім дүниенің түп негізі деп төрт нәрсені от, су, топырақ, ауа деп айта отырып грек философтарының бұл жөніндегі пікірлерімен таныс екенін білдіреді. Сондай-ақ дүние бөлінбейтін түп негіз атомдардан тұратындығын айта отырып, оның арабша аты мадда немесе әсер деп атады. Оның қазақша аты жоқ болған соң оны біздер Европаша атом, мадда деп атаймыз дейді. Адамдар туралы тұңғыш Грек философтары айтқанын да философиялық тұрғыдан тұжырымдап береді.

Шөкәрім философиясының негізгі өзегі адам болып табылады. Адамның мәні оның дүниені танып білуінде, ол тек адамға ғана оның табиғатына тән нәрсе дейді.

Ол “Үш анықта” дүниенің жаратылуы барлықтың бәрі өздігінен жаратылып жатыр, оны былай қылайық деп біліп жаратқан ие жоқ, деген жол жоқ бұрыннан айтылып келе жатса да бұл идея XVII-XIX ғасырларға дейін Еуропада кең таралып келді.

Осыған орай Шөкәрім өз трактатында айтылып жүрген осы бес нақты дәлелдерді келтіреді. Олар мына төмендегідей:

1-дәлел: Қайта айналыс жолы. Барлық нәрсенің түп себебі бұрыннан бар қуатты дене (сила вещества) атом. Әр нәрсені өсіп-өндіретін сол дүниеде еш нәрсе жоғалмайды, бірақ өзгереді.

2-дәлел: Жаратылыс жолы. Мұқым барлықтың бәрін бар қылып тұрған жаратылыс жолы. Сондықтан біліп жаратушы ие деген бекер сөз. Бұл дәлел Дарвиннің табиғи эволюциялық сұрыпталу теориясымен тікелей сәйкес келіп тұрса да, бірақ оны Шөкәрім Литерие деген философтың атымен байланыстырады.

3-дәлел: Тұқымдастық жолы. Жоғарыда айтылғандай, бар нәрсе өздігінен жаралып жатқан соң, жаратушы деген

¹ Күдайбердіұлы Ш. Үш Анық. -Алматы, 1991. -7-б.

жоқ. Құрғақтағы хайуандар, адамдар, өсімдіктер, құстар-бөрі теңізден туған.

4-дәлел: дене сезімі. Біз әр нәрсені денедегі сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бөрі жаралыс жолымен еріксіз бар болып жатқанын көріп, біліп тұрамыз. Егер біліп жаратушы не бар болса, бұл жаратылыс себептерінің түк керегі жоқ болар еді. Неге десең, бір жаратушы білімді күдірет бар болғаннан соң бұл себептердің керегі не? Сондықтан біліп жаратушы жоқ дейді. Бұл - өнер сөзі.

5-дәлел: әр түрлілік. Барлық дүниеге қарасаң тасы ағашы, басқа өсімдіктер, хайуандар, адамдар, су, от сияқты, тіпті, бір-біріне ұқсамайды. Бұл нені көрсетеді? Бұл әрнәрсе қалай болса солай кезі келгендіктен себебіне қарай жаралып жатыр. Оны былай болсын деп жаратушы жоқ екені осыдан мәлім дейді. Бұл Ғайсадан үш жүз жыл бұрынғы Демокрит сөзі.¹

Бұл дәлелдердің нақты дәлдігіне қарамай Шөкәрім оны қабылдап, философиялық материализм жағына шығуға асықпайды. Оған қашанда жаратылыстану ғылымдары адам жанының табиғатына аз мән беретін сияқты болып көрінеді.

Оның пайымдануына дене әрқашан өзгеріп тұратын болғандықтан, жылдар, уақыттар өту себепті біржола өзге дене болып ауысады. Адамның әр түрлі сезімі, әр істі істеуі сол мидың өзіне ғана біткен сезу, ескерулер. Ол денелер әрқашан өзгеріп тұрмайды. Адам өлген соң, дененің құраулары шашылып-бытырап басқа бір өсімдік, хайуандарға кіріп араласады. Сөйтіп, әркім өзіне арнаулы жаны болмай, біреуден біреуге көшіп жүретін болған соң, не дене, не жан қайта тірілу жоқ. Онда неге жан біржола жоғалуға тиіс?² Міне бұл сұрақтарға Шөкәрім өмір бойы жауап іздеумен болды.

Егерде біздер Шөкәрімнің “Үш анық” атты философиялық трактатына теренірек үніліп, байыптап қарасақ, мұнда спиритизмнің, магнетизмнің, телепатиялық кейде тікелей, кейде жанамалай, Шөкәрімнің ұждан туралы ой толғауына игі қызмет етіп отырғанын көруге болады. Дегенмен, оның діни мистикалық ағымдарға да арақідік көңіл

¹ Күдайбердіұлы Ш. Үш анық. -Алматы, 1991.-10-11-бб.

² Соңда 12-б.

бөліп, жылышырай танытқанын да байқап қаламыз. Бұл жөнінде философия ғылымының докторы, проф., О.А.Сегізбаевтың өзінің “Казахская философия 15 начала 20 века” атты ғылыми монографиясына айтылған пікірлерінде Шәкәрімнің философиялық дүниетанымына, көзқарасына ешқандай да күмән келтіруге болмайтындығын баса айтып көрсетіп өтеді.¹ Сондай-ақ философия ғылымының докторы Қ.Бейсеновтың “Ол үшін әрине Шәкәрімді айыптаудың еш жөні жоқ. Өйткені өз көзқарасында үндес келетін ағымдарға бейтарап қалған ойшыл философия тарихында кездескен емес, мүмкін енді кездеспейтін де шығар. Оны философтың саналы түрде мойындауы шарт емес. Ал, Шәкәрімнің материалистік сарынға істеген сарандығының көрінісі-оның жаратылыстану ғылымдарының қол жеткен табыстарымен етене таныс бола тұра, олардың диалектикалық материализмді жақтайтыны туралы мүлдем ләммим демеуі²”-деп жазған пайымдаулары да көңілге қонарлық.

Шәкәрімнің асқан жоғары білімдарлығына, Батыс пен Шығыстың мәдениетін жетік білетіндігіне оның өзінен кейін қалдырған рухани мұралары тікілей соған куә. Айталық, “Шәкәрімнің өлеңдерінде, поэмаларында тарихи, философиялық трактаттарында Шығыс пен Батыс елдерінің талай ойшылдарының, ғалымдарының, ақын-жазушыларының еңбектері мен шығармаларының аты ғана аталып қоймайды, сонымен бірге мазмұн-мәні ашылып, кейде бірсыпыра пікір-ой жарыстырылып отырады. Бұл да Шәкәрім мұрасының айтарлықтай мәнді өзгешеліктерінің бір қыры³.”

Бұған дәлел “Үш анықта” кездесетін XIX ғасырдың екінші жартысындағы Еуропа және Шығыс спиритуалистерінің көптеген есімдерінің аталуы, аталып қана қоймай олардың шығармаларынан да үзінділер келтіріп, өз пікірлерін де үнемі жарыстырып отырған. Олар: Жанне д Арк, Колбен Штобе Аланкар, Морс Лошпатый, Озен Носи, Хасан Марзух,

¹ Сегізбаев О.А. Казахская философия XV - начала XX века. - Алматы: Ғылым, 1996. - С.374-375.

² Бейсенов Қ.Ш. Философия тарихы. - Алматы: Ғылым, 1992. - 326 б.

³ Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. - Алматы, 1988. - 18-б.

американдық спиритуалистер Однос Морфе, Руберт Кеер, Лондондық профессор Корке және т.б.

Шөкәрімнің көп шығармалары терең философиялық тарихи сипатта жазылған. Сол философиялық ғылым мұраларын зерттеу ісі соңғы жылдары ғана қолға алынып, біраз ғылыми зерттеулер жүргізіліп, зерттеу нысанасына айналып отыр.

Шөкәрімнің барлық жазғандарын бұл арада атап айттып жеткізу мүмкін емес. Сөйтсе де негізгілерін атап өтелік. Ұсақ өлеңдерінен басқа: “Еңлік-Кебек”, “Қалқаман-Мамыр”, “Қа-дардың өлімі”, “Мұтылғанның өмірі” поэмалары. “Қазақтардың кітабы” (этнофилософиялық) “Мұсылмандық шарты”, “Үш анық” философиялық аңсары, “Әділ Мария” көлемді романы, “Түрік қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі”- тарихи шығармасы. Бұдан басқа ақын Пушкиннің, Толстойдың Шығыс жұлдыздары Физули, Хафиз және Навоидің, өзінің сүйікті ақындары Лермонтов, Некрасов, Байронның шығармаларын көптеп аударған.

Шөкәрім мұрасын зерттеп, халыққа барлық қырынан ашып беру дегеніміз оған өзінің кемеңгер дарынды ақын ұлын ғана емес, сонымен бірге сәулелі жарқын болашақты армандаған, оған жетуге ұмтылып өткен ұлы ойшыл, демократ, философ, гуманист, әрі ағартушыны қайтару, яғни халқымыздың тарихындағы тағы бір ақтаңдақты жою деп түсінеміз.

Шөкәрімнің философиялық көзқарасының қалыптасуы туралы сөз болғанда оның өміріндегі Абай ролі, Абай ықпалы жайлы арнайы айтпай болмайды.

Абайды көп толғантқан өсу, өнім, ағарту ісі, болашаққа қарау Шөкәрім поэзиясында түгелдей дерлік өріс табады. Адамның жске басының жетілуі, ақын мен парасатқа ұмтылу адал болу, кісі ақысын жемеу, халық қамын ойлау-ақынның жатпай-түрмай тебірене ойлаған тақырыптары. Көпшілігі насихат, фибрат түрін болып келсе де, Абай салған шыншылдық, сыншылдық сарын анық көрініп, дамып отырады.

“Арынды сатпа, терінді сат, адалды ізде егін сал, не сауда қып, малыңды бақ” деген жолдары ақын өлеңдерінен жиі ұшыратамыз. Еңбекке, оқу-білімге, өнерге шақырады, жалқаулықты, бейкүйездікті, надандықты сынайды, талапты

бол дейді. Адамның қоғамдағы орнын ақын жоғары бағалайды, оған көп жүк артады, міндет қояды. Рас дидактика, уағыз басым бірақ адрессіз, атсыз емес, нақты ортаны, нақты адамдарды мезгеп айтқан. Мұндай гибрат, уағыз сөздер Абайда да бар екенін білеміз. Бұл тектес өлеңдер негізінде, жалаң насихат емес, ақынның қоғам, адам жайындағы жинақталған ойын білдіретіні ақын сөздер, философиялық түйін толғаулар.

Алдымен адалдығы, әділеттігі, қанағатшылдығы, ары жайында Шәкәрімнің ең мән берген философиялық категориясы ұждан-совесть. Ол өзінің “Үш анық” атты философиялық аңсарында “Адам ынсап, әділет, мейірім үшеуін қосып айтқанда мұсылманша - ұждан, орысша - совесть бар. Бұл не? істеп тұрған кім? Бұған жауап берушілер “адамшылық ары соны ұнайды” дейді. Менше бұл жауап сол ұжданның солай қолданғанда ұнайды деген болып шығады¹ деп Шәкәрім ұждан деген не бұл қайтадан шығады десек, бұл сұрақтарға жауап жоқ сияқты. Бірақ Шәкәрім дұрыс тұжырым жасайды. “Меніңше совесть-жанның тілегі. Неге десеніз жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады²” дейді. Өз ойын Шәкәрім одан әрі жалғастыра түсіп, “Мәселен, таза дене, таза, толық мінез, ой істер керек қылады. Сонын қатты бір керегі совесть-ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады“-деп адам ар ұжданның оның көзінің тірісінде де одан кейін де керек екендігін айтып, егер де тек бұл өмір үшін керек қылса ол тек мақтаныш үшін ғана болған болар еді “тек атым қалсын. пәленше мені сондай кісі халық мені жақсы көрсін деген болады. Одан басқа жоруы жоқ³”- деп өз ойын тұжырымдайды.

Адам жанының өміршендігіне сенген адам ғана ұжданға ие бола алады..

Адам өлгеннен кейін өмір жоқ дейтін адамдарда ұждан бола алмайды деп, кейінгі өмірде ар ұжданның тек адал, әділ адамдарға ғана тән қажет екендігін айтып өтеді.

¹ Күдайбердіұлы Ш. Үш анық.-Алматы, 1991. -30-б.

² Сонда 30-б.

³ Сонда 31-б.

Шөкәрімнің ұждан ілімі туралы Қ.Бейсеновтың “Біріншіден, ұждан ұғымы діни мағынада мұсылманшылық сарыны басым этикалық категория. Екіншіден, жан еш уақытта жоғалмайтын, қайта барған сайын жоғарылай беретін нәрсе болғандықтан белгілі бір түрткіге мұқтаж. Сол түрткінің міндетін ұждан атқаратын сияқты. Үшіншіден, ынсапты, әділетті, мейрімді бол деген уағыздардың жиынтық бейнесі іспетті ұждан о дүниеге де, бұл дүниеге де қажет нәрсе. Демек, Шөкәрімнің ұждан туралы ілімі мұсылманшылық сарыны үстем этикалық концепция. Ол - адамды рухани тазалыққа, имандылыққа жетелейтін ілім”¹- деп айтқан пайымдаулары көңілге қонарлық.

“Мен,-дейді Шөкәрім,-жан да бар, жын да бар, адамның өз жанының қуаты да бар деймін.

Дәлелім:

1. Шақырмаған жан келіп, кейде өзі пәленшенің жаны екеніне нанарлық сөз айтатыны.

2. Шақырылмаған кісіге бақсылық-дуаналық, фахризм, жындылық кезболатыны...

3. Ұйқыда кезу, лунатизм, магнетизммен біреудің еркін билеу, түсі дәл келу - бұл үш түрлісі үш бөлек қуаттың иесі болуға лайық. Оның бәрін бір-ақ қуаттан іздеу қате деймін”².

Бұл жерде Шөкәрім Еуропа ғалымдарының магнетизм, спиритизм, телепатия, фикризм, лунатизм, түс көру сияқты ойларымен пікір таластыра отырып, Шөкәрімнің ұждан туралы ілімінің қалыптасуына жоғарыда айтқан құбылыстардың дүниеде бар екендігі себеп болғанын байқаймыз.

“Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таң қаламын. Оларға мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен ? ... Бір адам жанның, өлген соң да жоғалмай, мұнан таза жоғары болатынын ақылмен қабылдап нанса, және бір адам жан өлген соң біратола жоғалады деп таныса осы өлерде есі дү-рыс болып деп өлерін біліп өлсе, екеуі де жанынан өледі ?...

¹ Бейсенов Қ.Ш. Философия тарихы. -Алматы, 1992.-330 б.

² Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. -Алматы, 1991.-33-б.

Әрине жанның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі қуанышта болып, жоғалуына нанған кісі өкініште болып, бір жола жоғалмады-ау деп өлсе керек. Және ұждан, совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек¹ -дейді Шәкәрім. Біздің екі дүниеде де ұжданның бар екендігін, қажет екендігін дәлелсіз сену керек. Сенген адам, о дүниеге киналмай аттанады, бұлар өмір бойы өзін рухани тазалықта ұстаған адам деген мұсылмандардықтың жолын ұстаған Шәкәрімді пайымдаймыз.

“Егер бір адам жанның өлген өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты”² -деп өз ойын қорытады. Ұждан туралы өз пікірінің соңында Шәкәрім “жан екі өмірде де азығы - ұждан, совесть деумен еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі үш анық дегенім осы”³ деп тұжырымдайды. Бұл тақырыптардан Шәкәрім дүниетанымының озық ойлы жақтарымен қатар, діни-этникалық философиясын да байқаймыз. “Оның мұндай дүниетанымға бой ұру себебін біріншіден, жастайынан мұсылманша оқып, сауатын ашқандығын, Шығыс ақындарынан тағлым алғандығынан және өз ұстазы Абайдың “Жан қуаты” “Нұрлы ақыл” сияқты ұғымдар төңірегіндегі ой-кешулерінің ықпалынан көреміз”³.

Шәкәрім адамдардың бойындағы адамгершілік қадір қасиет, еңбекшілік, көп ізденіп, адам өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруы тиіс деген қағидаларды ұсынады.

Шәкәрімнің философиялық зерттеулері мен қатар “Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі”-атты тарихи шығармасының да маңызы үлкен деп санаймыз. Бұл шығарма өз заманының талабына сай жазылған тарихи шежірелік шығарма. Бұл жөнінде белгілі ғалым

¹ Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. -Алматы, 1991.-34-б.

² Сонда.

³ Бейсенов К. Философия тарихы. -Алматы, 1992.-331-б.

О.А.Сегізбаев “Они были написаны им в соответствии с требованием и духом своего времени.

Несмотря на это, они не утратили своего значения в наши дни. И сейчас они надежно служат делу глубокого понимания и познания разных периодов истории казахского народа, особенностей его быта в далеком прошлом, состояния его экономики, политической жизни и культуры. В этом плане особое значение имеет его глубокая и богатая по содержанию работа под названием “Шежіре“, или “Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий“¹- деп Шәкәрімнің бұл тарихи шығармасына үлкен жоғары баға береді.

Бұл шығарма философиялық еңбек болмаса да, қазақ халқының этногенезін философиялық тарихи тұрғыдан тұжырым жасауында үлкен мән бар. Ол бұл еңбегінде қазақ қоғамының шығуын, қалыптасуын тарихи деректермен дәлелдейді. Сөйтіп тарих философиясы жағынан да өзінің кең білімдарлығын көрсетеді.

“Шәкәрім Құдайбердіұлы қазақ прозасы заманында да едәуір үлес қосты. Қазақ әдебиетінде бұрын поэзия, эпос, дастан, поэма, өлең басым болса, ІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында шын мәнінде көркем проза пайда болып, жедел дамығаны аян“². Бұл прозалық шығармалары негізінен ғылыми, философиялық ғәқлиялар, шешендік сөздер тұрғысында болып келеді. Бұл тарихи философиялық шығармаларға шежіренама, “Бәйшешек бақшасы“, “Қайғылы роман“, “Мәңгі сөздер“ афористік топтама, “Шын бақыттын айнасы“, “Мен жетпіс екіге келгенде“ т.б.

Қазақ халқын бақытқа жеткізетін ғылым білім ғана деп, Шәкәрім қазақ қоғамдастығы кемшіліктері ғана деп, “Шәкәрім қазақ қоғамындағы кемшіліктерді қазақ халқының басындағы ауыр халді ең алдымен осы Еуропа өнер-ғылымнан кенде қалу нәтижесі деп есептейді. “Жер жүзі жабылғанда білім жоққа, қазақ жүр құмарланып құр атаққа...“ Осының нәтижесінде озу қайда, күн өткен сайын кері кетіп, елдіктен кісіліктен айрылып барады. Қайран елім,

¹ Сегізбаев О.А. Казахская философия XV начала XX века. - Алматы, 1996.- С.38.

² Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. -Алматы, 1988. -15-б.

қазағым қалың жұртым!... - дейді ақын ағаға үн қосқан парасатты іні¹.¹ Бұл Шөкәрімнің жаңғырығы еді.

Шөкәрімнің өлеңдерінде “Халқым, қазағым, туған ел жұртым” деген ұғым жиі ұшырайды. Және он ақын алуан түрлі тақырыптарды қозғай отырып, өлеңнің негізгі кілті, мазмұны есебінде ұсынады. Қай шығармасын алсақ та, шаруасы жағынан артта қалған, оқу, өнерден, озат мәдениеттен тыс қалған халықтың ахуалын тағдырын көреміз.

Абай поэзиясының таңбаларын Шөкәрімнің табиғат, өмір жайлы лирикаларынан да байқаймыз. Бұрынғы бар ой, идеялары толықтыра, өзіндік мәнмен жырлай отырып, ақын соны пікірлер айтады. Философиялық ой-қиялға берілуі, өмірдің жеке фактілерін ала отырып, түйіндер жасау оның философиялық лирикаларының деніне тән.

Бір ағын су, дүние қу,

Түстік онда шөп болып.

Сандаламыз, күнде ағамыз

Бейнетіміз көп болып. -

деп, өмір дүние тақырыбын осылай түсіндіргісі келеді.

Ендігі біздің пайымдайтынымыз Шөкәрімнің өз басы да, шығармашылығы да қазақ әдебиеті, философиясы тарихындағы терең, жіті зерттеулер керек ететін көрініс.

Шөкәрім шын мәніндегі өзінің ұстазы Абайдың дүниеге деген көзқарастарын, ойларын, жалпы дүниетанымын алға апарушы болды. Шөкәрім көп мәселелер тұсында теология мен мистика шеңберінен шыға алмағанымен өміршең философиялық ойды ағартушылық бағытта ары қарай дамытқан нағыз қазақ ойшылы болды. Ол өмір бойы ақылдың туын жоғары көтеріп өтті.

Шоқан, Ыбырай, Абай қазақ ағартушылығы ойының классикалық үлгісін жасаған болса, олардың ізбасарлары ретінде Шөкәрім, Абай салған жол арқылы әлемдік философия Еуропа мәдениеті нәрінен сусындап, қазақ философиясын өзіндік ұлттық ерекшеліктерімен таза кәсіби философия дәрежесіне көтере білді. Ол тұңғыш әлемдік философиялық категориялармен қазақ тілінде сөйлеген қазақтың нағыз философы.

¹ Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. - Алматы, 1988.-12-б.

Қазақ кәсіби философиясын одан әрі дамыту, оны Шәкәрім салған көпір арқылы өтіп, ол жасаған баспалдақтар арқылы жоғары көтеріліп, дами бермек. Сол Шәкәрім қалыптастырған төл кәсіби философия дәстүрі Шәкәрімнен кейін де жалғаса түсіп, өз үндестігін тауып отыр. Оның ізбасарлары, яғни Қазақстан философтары биік ғылыми дәрежеде жоғарыдан көрініп, ұлттық философиямыздың дәстүрлі ерекшелігін сақтай отырып, әрі қарай дамуына үлкен зерделі ізденістер жасау әрекетінде. Бұл бастама өз қолдауын табады деген ойдамыз. Себебі, төл тілімізде ұлттық философия тұғырын биік көтеру, ғылыми философиялық тілімізді қалыптастыру, адамзат құндылықтар мәдениеті қатарына қосу, оны мақұлдау ісі қазақ философ ғалымдарының аңсары мен арманы, ар-ұжданы, қарызы мен парызы әрі намысы емес пе?

Сөз соңында айтарымыз, Шәкәрімнен кейінгі қазақ философиясын дамытуда үлкен өзіндік орны бар қазақ зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай сынды ақын-ойшылдарымыздың философиялық мұраларын, дүниетанымын, айқын саяси ұлттық бағыт алған әлеуметтік ізгі ойларын бүгінгі ғылыми зерттеу нысанасына айналдыру кәсіби философ ғалымдарымыздың алдында тұрған келелі де жауапты міндеттердің бірі деп түсінеміз.

ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БҮГІНГІ САХНА ӨНЕРІНІҢ ОРНЫ

*ЕРКІН ЖУАСБЕКОВ,
ММЖРҒО-тың
директорының орынбасары,
өнертану ғылым.канд.*

“Дүние бір қалыпта тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бір қалыпты тұрмайды. Әрбір мақұлыққа құдай тағала бір қалыпты тұрмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бір қалыпты тұра алады? -деп толғанады ұлы Абай өзінің жиырмасыншы қара сөзінде /Қара сөз.-Алматы: 1993.-43 б./.

Бір қалыпты тұрмау - өмірдің дәлелдеуді талап етпейтін ұлы заңдылығы. Соның үлкен тармағы - адам санасы. Түсінік, ұғым, тұжырым қаншалықты әр адам санасындағы қалыптасуды талап ететін қасиет делінгенімен, табиғаттың, өмір сүретін ортаның, қоғам талабының өзгерісі сананы жетілдіріп отыру процесін қозғалысқа түсіреді, яғни Абай тұжырымымен айтқанда, бір қалыптылықтан ауытқытады.

Осыған орай адам санасында, жинақтай келгенде қоғам санасында ортақ және мойындалған озық идея қалыптастыру міндетін орындаушы танымал сала әдебиет пен өнер орны да мәдениет атты биік құбылысты тудыру үшін дамып отыруға ұмтылады. Мәдениетті қоғам, мәдениетті ел деңгейі тағы да Абай ұғымымен айтар болсақ “Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады”, -/Абай. Қара сөздер.\Алматы:1993.-42 б/. дегенге сайып, әр адамға, көпшілікке, келешек ұрпаққа естіртерімізді, үйретерімізді түзетуге жетелейді.

Дәл осы тұжырымды бүгінгі тілмен айтқанда есті адамның есті адамның есін шығарар “есірткінің” жалыны

тигендей көріп жүргеніміз көшедегі “көрліктің” көшірмесі, яғни теле-видео экранын жаулап алған ажары жоқ арпалыс, естіп жүргеніміз құлақтың құдығына сыймайтын, яғни, әуелі мен мағынасынан ажырап қалған шала туған “әнсымақтар” “ескірген деген желеумен ұлтымыздың ұлағатты мәдениетін тықсырып бара жатқанда ертеңгі “естілеріміздің” деңгейі, келбеті көзге көмескі елестейді-ақ.

Бейнесі көбіне осылай жасалатын бүгінгі заманның мәдениет майданын барлық қарар болсақ, тартысқа түсер екі жақтың бірі-ұлттық өнеріміз екендігіне көз жеткізуге болады. Елдігіміздің екшеленер ерекшелігін бойына сіңірген тамырына балта шаппаған байылты ұрпақ тәрбиелеуде “жылтырауығы” көп “жана” мәдениетпен тайталасу оңайға түспегенімен, өз өмірі үшін жанталап қана қоймай, жана заманға бейімделе дамыған өдебиетіміз, өнеріміз жеткен өре биік-ақ.

Соның ішінде әлемдік тарихы 2 мыңжылдықтан ары кететін театр өнерін “қазақ топырағында қазақтың өз перзенті ретінде” /Ә.Тәжібаев/ туып, қалыптасып, даму процестерінен өтіп, бұл күнде көрерменді “қызықтыруды” әлдеқашан ұмытып, әлемдік драматургияның таңдаулылары мен өз қаламгерлерімен іріктелген ірі дүниелерімен репертуарын қаруландырып, ойлана білетін, талғамы татымды, көкірек көзі бай көрермен үшін еңбек етуде.

Дегенмен, қазақ театрының жеткен бүгінгі деңгейі шығармашылық жолын, яғни бір кездегі сауатсыз көпшілікке жаман мен жақсының тартысынан көрініс көрсететін көркем үйірмеден, өмірдің талай қыр-сырына ой толғатып, қасиет пен қуаныш құбылысын философиялық тұрғыдан көркем шығарма жанрына ұластырып, көрерменнен саналы сараптау деңгейін талап ететін өнер биігіне көтерілген жолын “шаң” басып қалғандай. Себебі, артымызға қарауға дағдыланбаған “алға бас” ұранымен өмір сүрген ұрпақ қалпымыздан арылу оңай соқпай жатқандай-ақ.

Ал енді қазақ театрының, драматургиясының режиссура, актер мектебінің кешегі істеген кемел ісі мен бүгінгі қажеттілігі турасында, бүкіл әлем мойындаған, нешеме ғасыр сұрыптауынан өткен театр өнерінің айналасында жазылған кішігірім мақалалар мен үлкен трактаттар деңгейінде ғылыми еңбек жазуға да немесе өз еліміздің мы-

салында саралап көз жеткізуге де болады. Сондай істерде сүйенеріміз, ауыз толтырып айтарымыз, кешегі ісіне мақтанарымыз - ұлы Мұхтар Әуезов және Әуезов туындылары.

Қазақ театры тарихында да Әуезовке тең келер тұлға, Әуезовтей драматург, театр мәселесінің ойшылы деп жалғасып кете беретін әмбебап адам жоқ. Оның өз қаламынан туған отызға жуық драмалық шығармаларын, саны өлдеқашан жаңылған Әуезов пьесаларынан туған Қазақстан театрларының қойылымдары шектеусіз зерттеу еңбектерге тақырып бола алатындығы даусыз болса, бір ғана “Еңлік - Кебек” тақырыбы қазақ театры өнерінің тарихы деуге болады. “Еңлік - Кебектің” кешегісі мен М. Әуезовтің көзі тірісінде өзі толықтырған соңғы нұсқасы қазақ драматургиясының өсіп дамуының дәлелі немесе мысалы бола алса, Әуезовтің өзі сахналаған алғашқы Шыңғыстаудағы спектакльден бүгінгі күнге дейінгі қойылымдар шешімдері қазақ сахна өнерінің даму тарихы болып табылады. Сонымен бірге “Еңлік - Кебек” тарихының биігі, театр өнерінің қоғамдағы орнының, адам санасының сахна арқылы толысу құбылысының жеткен биігі деуге болады.

Ұлы Әуезов өзінің “Жалпы театр өнері мен қазақ театры” атты еңбегіне /М. Әуезов. Уақыт және әдебиет. - Алматы: 1962.-27 б./ “Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан” - деген тұжырымды айтады. Бұл театр өнерін қазақ арасына алғаш әкелгендердің бірі, спектакль ұғымын халық өнеріне ұластырған ұлы жазушының “Еңлік-Кебек” тақырыбынан бастау себебінің бірден-бір дәлелі. Себебі, “Еңлік-Кебек” түп-түқияны өте терең ауыз әдебиетінің, ұлт фольклорының, яғни халықтың қазынасы, ал Әуезов осы інжу-маржанды сахнаға шығару арқылы театр өнерін де халық қазынасына айналдырған. Демек, М. Әуезов халық санасынан туған шығарманы сол халықтың санасын дамытуға қолданған.

1917 жылғы Ойқудық жайлауындағы қойылымға дейін “Еңлік-Кебек” тақырыбында ауызша тарағанын есептемегенде, қағазға түскен төрт шығарма бар еді. Бұл “оқиғаға” басқаны айтпағанда, Шыңғыстау маңындағы елдің қанық болғаны сөзсіз. Ендеше, М. Әуезовке дәл осы әңгімеге қайта

соғудың қажеттілігі қанша еді? Мәселе осында. Ұлы Әуезов сахна өнерінің көркемдік қасиетін, көрерменге әсерін, санаға саңылау табу жолының саралығын көрегендікпен ұқты.

Театртану ғылымында дәл сол қойылым туралы деректер аз болғанымен, қойылымның драматургиялық нұсқасының болған-болмағаны дәлелденбегендігімен, бір мәселеге қисынды болжам арқылы-ақ көз жеткізуге болады. Ол Әуезовтің сахна арқылы әсірелеп /айтпағанда/, сол төңіректегі қазақтар санасына төңкеріс өкелгендігі. Яғни, ауыз әдебиеті үлгісінің нәтижесі тыңдау процесі арқылы түсінік қалыптастырса, сахна өнері оған қоса көру мүмкіндігін пайдаланып түсінікті толықтыра түседі, демек, сананы байытады. Дәл сол қойылымның көркемдік деңгейін айтпағанда, екі киіз үйде өмірге келген театрдың қыр көрерменіне тигізген әсері де Әуезовті сахна өнерімен өмір бойы байланыстырған бірден-бір себеп деуге болады.

Араға бес жыл салып, дәл осы тақырыпқа жазушының қайта оралуының бір себебі де осы болуы керек. Біріншіден, Әуезов елбасына еріксіз келген заман талабын түсінсе, екіншіден, “жаңа” дегеннің кешегіні кешірімсіз көлеңкелей беретінін де көре білген.

Екінші нұсқа деп аталатын “Еңлік-Кебек” трагедиясының көркемдік келбеті бүгінгі көзқараспен керемет деуге келмесе де, жалаң бір жақты шешім алып кетпегендігі автордың ұлт санасы, түсінігі үшін “жауапкершілікпен” келгендігін жоққа шығара алмаймыз. Тұрмыс-салттық сипат алып отырған сол нұсқаның өзінде жазушы махаббат пен әдет-ғұрып нұсқауынан шыққан қатыгездікті тартысқа түсіре отырып, кешегіні /яғни, билерді/ тек жаман, ал бүгінгіні /яғни, Еңлікті, Кебекті/ өте жақсы етіп көрсетуге талпынбаған. Тіпті кейінгі нұсқада алынып тастаған көріністер кезінде пьесаға қажеті шамалы тұрмыс-салттық сахналар, ескі өмірдің көрінісі делінгенімен, байыптап қарасақ, ұлтымызға төн от басы сыпайылығын /Абыз бен Таңшолпан/ немесе ұл баланың от басындағы орнын көксуді көрсететін /Еңліктің әке-шешесі/ көріністердің сол кездегі көрерменге әсерін, жан тебіреністе аларлық орнын, тәрбиелік маңызын жоққа шығаруға болмайды.

Сонымен бірге бүкіл шығарманың шарықтау шегі болып табылатын “билер сайысы” сахнасын да автор берген

сөздерден біржақтылық шешім жоқ деуге болады. Негізінен Еңлік пен Кебектің тағдырын қатыгездікпен шешкен бұл көріністің тереңінде ел тыныштығы, ру бірлігі айқын көрінеді. Қойылымдар тарихының көпшілігі бұл сахнаны барынша қоюлатып, билердің шешімін жағымсыз бояумен көрсеткенімен, сол екінші нұсканың өзінде Әуезовтің тексінде Кеңгірбай аузынан “бірін ұстасам елдің сағы сынады, бірін ұстасам зықысы шығады” деп толғантуы, өткенді жаманшылыққа итеруде шеберлік танытқан “саясат” билігі кезінде-ақ автордың онай сол саясатқа үн қоса бермегендігін аңғартады. Қойылым шешімі қаншалықты өзіндік жолмен кеткенімен, саналы құлақ айтылар сөзден түсінік тұжырымдар деген үміттің авторда болғанын аңғартады.

Ал енді М. Әуезовтің 1943 жылы “Еңлік-Кебек” трагедиясына қайта назар салып өзгеріс енгізуі жазушы көзқарасының өзгеруімен қатар театр өнерінің деңгейінің де өскен, көрермен талабының тереңдеген, қоғамдық сана жаңа келбет алған түс екендігін аңғартады. Бұрынғы тұрмыс-салттық сипаттағы пьесадаң халықтық қасіретнамаға айналған бұл шығарма драматургияның өлемдік талабына толығымен жауап береді.

Бір рудың батагөйінен бүкіл қазақтың қайғысын ішкен Абыз есер батырдан ғашық болуға хұқы бар “өттеген-ай, ауыл елдің үр да жығына” айналған Есен батыр, қосалқы кейіпкерден бүткіл жас, арманшыл ұрпақтың өкіліне айналған Жапал, ес-түссіз ғашықтардан, елін-жерін, ата-анасын, алды-артын ойлай білген, елінің әйтеуір бір түсінер, кешіретіне үміт артқан Еңлік пен Кебек образдары тек көру немесе есту құбылысын місе тұтпайтын, театр өнері арқылы саналы ой алмасу құбылысын тірілтетін образдар деңгейіне көтерілген.

Қазақ театр өнерінің тарихын зерделеген ғылыми еңбектердің барлығында сахна өнерінің деңгейіне өлшем болатын “Еңлік-Кебек” трагедиясы тек қазақ өнерінің қара шаңырығы Академиялық театрдың өзінде бес рет қайталанып қойылған екен. Соның барлығында режиссуралық, актерлік шешімдердің бағытынан белгілі бір идея, ой, негізгі мақсат екшеленіп отырған. Әр кезеңнің көкейкесті мәселелерін тікелей де, астарлай да айта білген бұл шығарма уақыт, заман жаршысы деңгейіне көтерілген. Шығарманың

жаңа сахналық нұсқасына пікір білдірген Ә.Тәжібаев “Әрине, өскен өнер тапқан көрерменнің театрдан тілер, жазушыдан күтер өз талабы, өз ниеті бар. Ол театрға қырық жыл бұрын қойылған спектакльдің көшірмесін көруге құмартқан жоқ. Олай деп ұйғарған да жоқ. Не өнер тауыпты, қаншалық өсіпті, даналық тапқан қарттан, талапқа бой ұрған таланттан жасын көрейік, баяғысы мен қазіргісін салыстырып, театрдың бойын да, ойын да өлшейік деп барды”, - деген ой айтады. Жалпы театр өнері мен көрермен саналылығы деген құбылыстың тұрақсыздығын келтірілген үзінді тағы да дәлелдей түседі.

Ендеше, бүгінгі күні Ұлы Әуезовтің ғасыр жасаған мезгілі үстінде жазушының маржан шығармасы бүгінгі күн мінберінен қалай көрінбекші, жаңа заман үніне үн қоса ала ма, қосса қандай күйде деген қызықты мәселенің де беті ашық. Бүгінгі күн дейтін мезгілге бір жылдың арғы-бергісін қоссақ, дәл осы “Еңлік-Кебек” трагедиясы былтырдан бері республиканың екі театрында тұсауын кесіп те үлгерді. Ендеше, осы қойылымдардың мысалында бүгінгі талап қанағаттандырылды ма? Болмаса неліктен деген ой қазіргі қоғам және театр өнері дейтін ара қатынастың бетін ашар дейміз.

“Еңлік-Кебек” трагедиясы бүгінде нендей оймен көкейкесті? Қарағанды облыстық К.Станиславский атындағы орыс драма театрында О. Әлімбаевтің режиссурасымен қойылған спектакльде шығарманың оқиғасы алыс мезгілдерді меңзей отырып, қойылымның негізгі ойын “қай заманда да осындай гартыстың себебін билеуші топ шығарып, зардабын күнәсіз жандар тартады” дегенді айтуға ұмтылған. Режиссер тартыс тізгінін ұстаушы Еспенбет пен Кеңгірбай бейнелерін үнсіз сахна арқылы “келісімге” келтіріп, спектакль финалын айдалада жалғыз қалған жас баланың ащы дауысына акцент қойып бітірген. Көрерменді, ырду-дырдуға түскен кешегі билеуші топтың бүгін достаса қалуы оп-онай екендігі бір сілкіндірсе, баланың құлақ бітірер “інгәсі” қай соғыстың да зардабы осы дегенге ой біріктіруге жетелеген. Махаббат үшін тартыс оқиғаға тек себеп күйінде қалып қоюы да бүгінгі күннің көрінісін көзге елестетеді. Шындығында дәл қазіргі “қызу нүктелердің” қырғыны шыққан себеп түкке тұрғысыз, ал зардабы шаш етекпен бола тұра,

шетте тұрған “біреулер” пайдаға кенеліп жатқаны жасырын емес қой. Спектакльдің өзектесе көтерген мәселесі де осыған саяды. Әуезовтің ғұлама көрегендігі өзі жоқ болса да көркем шығармасы күні бүгінгіні көне сипатымен-ақ көрсетуге мүмкіндік береді. Мүмкін, сахна өнерінің, драматургия жанрының, классикалық шығарманың көкейкестілігі, қоғам санасы үшін күрес сипаты осы шығар.

Ал Әуезов атындағы Академиялық театрында былтыр қайта сахналанған режиссер Ж. Хаджиевтің спектаклі бар кескін-келбетімен жазушы шығармасының негізін сақтауға тырысқанымен, режиссерлік, актерлік шешімдері заманның қасіреті кешегі мен бүгінгіге бөлінбейтінін көрсетеді. Тіпті қойылымның сахналық көркемделуінің өзі-ақ сұстылықты, аласапыранды, төніп тұрған табиғи апатты меңзеп, тақырыпты қоюлата түседі. Ал спектакль финалында “таутастардың” шатырлап қозғалуы адам өкелген апаттың табиғат-ананы да тынышсыздандыратынын сахна арқылы керемет жеткізіледі. Бұның өзі сахнаның классика арқылы бүгінгі келбет табуының бір мысалы.

Ал режиссер трактовкасы сахнадағы әрбір бейнені жоғарғы эмоциялық жалында шешуі “ә” десең “мә” деп тұрған ырғақты ұстауы, әр кейіпкердің өз идеясына сенімділігі, ортақ мәмлеге келе алмастай қызуқанды адамдар етіп жасалуы, сүйсе жалындай шарпып сүйетін, төбелессе ажыратуға көнбейтін, пікірталасы соғысқа сай кейіпкерлер болып шығуы да бүгінгі күннің болмысын көрсетіп отырғандай.

Байыбына бару, алыс-жақынды ажырату, алды-артынды ойлау өткен күндермен бірге кетіп бара жатқан қасиет екенін мойындай отырып, соның нәтижесі не бола-рының бірден-бір мысалы осы спектакльдің финалы десе де болғандай. Өлтірерін өлтіріп, алысқа ұзап бара жатқан “адамдар” сұлбасынан көрермен көзі кіп-кішкентай орманда жатқан балаға түскенде, заман, адам қатігездігінің шарықтау шегі осы шығар деген ойға келесің. Пьесадағы Қараменде бидің аузымен айтылған “Арадан жол тап, тыныштық ойла”, - деген сөзіне режиссер қаншама акцент жасағанымен “тындалмаудың” нәтижесі осы екенін көрермен анық сезеді.

Сахна өнерінің сан ғасырлық тарихында қоғамдық қажеттілігі қаншама түсініктеме тапты. Театр бірде тәрбие орны, үгіт-насихат пункті, демалыс үйі, сауат ашатын мектебі ролін атқарып та отырады. Сахна өнеріне жүктелген мұндай міндет тарихта өзіндік қолтаңбасын да қалдырды. Десе де бүгінгі таңда театр өнерінің негізгі, түпкілікті қажеттілігіне сүйенер мезгіл жетті. Спектакль шартты үлгіде өмір сүретін көркем туынды. Оның негізгі мақсаты-саналы көрерменнің ойына қозғау салу. Күлдіре отырып күрсіндіріп, жылатып отырып толғаңдырып, көрсете отырып ойландырып тынышыңды алу.

Ендеше: Барары жоқ, байлау жоқ,

Ерім қайтіп күн көрер.

Бөрінен де нөрің жоқ,

Елім қайтіп күн көрер, - дегенді М.Әуезов

Абыздың аузынан айтқызса, режиссер актердің жанымен толқытса, көрермен тыңдап қайтсын Асан қайғының шерін дегенді місе тұтпаған, автордың да, режиссер-актердің да жалпы сахнаның мақсаты көрермен ойлансын, санасына сіңірсін, өзі түсінсе қонағына жеткізсін деген шығар.

Ендеше, Ұлы Абайдың “Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды”, - дейтін /Абай. Қара сөздер. - Алматы: 1993/ жетінші қара сөзіндегі дүние сырының тереңіне үмтылушы, ұлт мәдениетінің үлкен саласы сахна өнері бүгін мен болашақ алдында саналы қоғам өкілін тәрбиелеу ісінде шет қалмақ емес. Оны Мұхтар Әуезовтей ұлы ғұламалар мұрасы да тыныш қалдыра қоймайды.

**АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫ ҰЛТТЫҚ
САНАМЫЗДЫҢ ҰЛКЕН ТҮЛҒАСЫ****ТІЛЕУХАН МӘЖЕН***Халықаралық Абай қорының
(ХАҚ) жанындағы “Иман”
клуб. жетек. Шығыстанушы*

Біз Абайды оқыған сайын, рахаты мен ырысы мол ұлы теңіздің асау толқындарында өзімізді кішкентай қайықпен оңға да, солға да теңселген құрлықта өскен баладай сезінеміз. Расында әлі күнге дейін Абайдың өзі басқарып ондаған бағытқа жылжып бара жатқан ақыл-ой кемелерінің қайсысының соңына ерсек екен деп тамсана қарап, таң-тамаша боламыз. Неге, не үшін деп сұрасаңыз, айталық, өйткені Абайдың білім деңгейі, бұл күнгі қазақтардың бар академиясын бір таразыға салсақ, Абай өлемі үшін шәйілік бола аламыз.. Дегенмен біз білетін Азияда Қазақ елі сауатты мемлекетке жатады. Басқасын қайдам, сөз өнері - өдебиет пен ғылым бір шама өркендеген қазақ елінде, ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын зиялы қоғамның нышаны бар. Ақын боп жыр жазушы да, әкім боп ақыл айтушы да аз емес. "...Сөз сөйлейді аянбай" демекші, 700-ге жуық ақын-жазушы мыңдаған ғалымдары бар Қазақ Абайдың елі, Әл-Фарабидің жері деген атқа лайықты-ақ. Дегенмен соның бәрі жиылып ерте ме, кеш пе Абайды оқып, өз білімдерін Абаймен өлшейтін бәтуасы бар берекелі күн қашан туар екен? Әрине алыс емес, мұндай сау денелі салауатты заман күні ертең-ақ орнайды. Сонда біздің бет бұратын биігіміз кім болмақ? Иә, мәселенің мәні де, сөні де осы ұлттық биігімізді танып болудан бастау алса керек. ...Биік демекші Қазақ елі Биіктікті Алатаумен өлшем етеді. Алатаудай асқағым деп білім иесін мәртебелеп, марапаттайды. Расында Алатаудың мыңдаған бұлақ қайнарынан жаралған арнаулы өзендер, жерұйығы Жетісуды ырысы шалқыған берекелі аймаққа айналдырып отырғаны сияқты, қазақтың рухани өлемі де ұлттық санамыздың биігі Абай тағылымынан нәр алуда. Расында Алатау алыстан асқақ көрінеді демекші, Ұлы Абай да адамзаттың, әсересе Ислам дүниесінің Абайына айналды.

Биыл Хазірет Ибраһимнің (Абай) Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес, ынталы жүйрік шын көңіл, өзгесі хаққа қол емес. Дүниенің барша қуаты, өнерге салар бар күшін, жүйіріктің ақыл суаты, махаббат қылар тәңір үшін“ деген өлеңнің жазылғанына жүз жыл толды. Небары екі шумақ өлеңде Абай атаң қазақтың сол замандағы көпшілігіне түсінікті тілмен Аллаға сеніп иман келтірудің халықтық ұғымына төн ең жеңіл тәсілмен тартымды үйрете отырып, адамдар үшін Аллаға сеніп, Құдай тағаланың хақтығының, кісілік сананың қалыпты құбылысы екенін, тыңдаушысына қысқа да нұсқа түсіндіреді. Ұлы ғұлама Исламды күрделі ұғым етпей қарапайым халықтың ұғымына шақтап ең қысқа ұтымды тәсілді таңдаған. Қазақ халқы Ибраһим (Абай) Хазіреттің осы қасиетті екі шумақ өлеңін мұсылмандық қағидаларды танып білудің ең қысқа оқулығы етіп, күні бүгінге дейін осы шағын шумақтың шарапатын пайдаланып келеді. Ал осы өлеңнің өзінен Аллаға иман келтіруді үлкен мәртебе еткен қазекем, Абай атасының “Алланың өзі де рас, сөзі де рас, ешуақытта рас сөз жалған болмас“ деген өлеңінде халықтың Аллаға иман келтірудегі қазекем үшін көшпелі медресе болды.

Міне сүйтіп, Исламды өз мағынасында тез үйренген “А - құдайшыл“ қазақ елінің өлеңі де, өнері де өмірге қажетті өзге тіршілігі де ғасырлар бойы-Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын“- деп азаттықтық да, байлықты да бір Алладан тілеген иманды халық болып қалыптасты. Мұнан өзі Ислам дінін үйренуге халқына жеңілдік тудырған Абай тағылымының ұлы жетістігі еді. Айтып айтпай осыдан бір ғасыр бұрын бөрі бірдей молла-ұстаздардың партасына отыру мүмкіндігі жоқ қалың елі қазағына “мұғалім Сөнниден“ “Мұхтасарға“ Мұхтасардан “Ғибадат исламияға“ сатылап жаппай оқытуға жағдай жасаудың мүмкін емес екенін аңғарған Абай атаң екі-ақ өлеңмен ел-жұртын исламдық тағылымға дайындай бастады. Ұлы ғұламаның ағартушылық ұстаздық мұрасы сөз болған жерде, біз Абайдың имандылық тәрбие тәлімін ұлттық қалыптасуымыздың рухани жетістігі деп мақтанышпен айтамыз. Бұл-бір.

Екіншіден: Ибраһим (Абай) Хазірет ислам дүниесінде аса көрнекті ойшылдармен үндесе білген әлемдік ірі ойшыл-

дардың алдыңғы легінде еді. Біз бұл шындықты айтуды кеш бастаған елміз. Иә, Абайдың әр өлеңі әр сөзінен исламдық дүние танымның ұшан-теңіз үлкен дариясы толып жатыр.

Біз бүгін Абай туралы, Абайдың ойшыл ғұламалығы туралы толқи сөйлеп, теңіз болып тебіренген екенбіз. Онда, Абайдың ақыл-ой биігіне бет бұруымыз керек. Әрине, бұған дауласпай келісесіз. Ал Абайды терең білу үшін бәрімізді тоғыстыратын арна Абайтану ғылымы. Расында Абайтануды коммунистердің де кейінгі жылдары дәріптегені рас еді. Бірақ көп сөзді, көк мылжын коммунистік идеологияның “қырағы көздері” ұлы ғұламаның еңбектеріндегі исламдық зиялы әлемнің үстіне қайта-қайта Онегин Татьянаның атымен ұшықтаған қызыл жалауын жауып әуре болды. Мұндайда коммунист көсемдер мен шешендердің қазымырлығынан қаймығатын стандартталған Абайтанушылардың борыш пен сыраның кекірегінен кексе тартқан, текешоқырақ ілім сымағы тұрғанда Ибраһим (Абай) Хазіреттің Ислами іліміне қайдан жақсы баға берсін. Ал, біздің елімізге егемендік орнағанға дейін жібі түзу исламтанушыларды ресми ғылыми саладан табу мүмкін емес еді. Болған күннің өзінде КГБ сілімтіктерімен СОКП, ҚКП хатшылары оларға күн көрсетпес еді.

Алла аса мейірімді, хақ Алла өте қамқор. Жаңа ғасыр қазақ зиялыларына тұнық ми, тура бағыт беретін болады. Сол үшін шындықты тарихтан іздеп, ғылыммен сараласақ осы екеуін дін исламның қағидаларымен қорытсақ, біз үшін исламдық философияның бірегей бағытына бет бұратын заман басталмақ. Өзін исламдық діннің оқымыстысымын деп есептейтін қалам ұстаған қазаққа дәл осы тұста Абайды зерделей, зерттей оқуға келеді. Абайдың исламдық қағидаларды ғылыми негізде тану тәсіл-талғамына талдау жасауға тура келеді. Ұлы әсиеттердің бірегей қуаттамасы (Алланы танып білу және шынайы ғылым) деген ой-тұжырымдарды қалай талдап, қалай танимыз. Құдайға мыңда бір шүкірлік. Бұл ілімді ислам әлемінде көп сөз етіп зерттегендер де, біздің қасиетті Отан топырағынан өсіп-өнген ойшылдар мен оқымыстылар еді. Атап айтқанда ұлы ұстазымыз Хазірет Ибраһим (Абай) Құнанбайұлының бір ғана 38-ші қара сөзінің өзі-ақ Абай әлемінің философиялық мұратын исламдық өркениеттің өз биігін ғылыми шындығына

жетектеп тұрғандай болса керек. Демек, барлық ислам ғалымдарына тән Ибраһим Хазіретте немесе, “Мен Аллага, сол сияқты есімдері мен күдіретті сипаттарына сенемін” деген хадистік қағидаларға сиына отырып, “Алла тағаланың заты ешбір сипатқа мұқтаж емес. Біздің ақылымыз мұқтаж.... Біз Алла тағаланы өзінің білгені қадар білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл хикметіне ешбір Халім ақыл естіре алмады. Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды“. Хадистік ілімді, Абай тұжырымы осы дегенге жеткізе тәпсірлеп түсіндіреді. Бұл Абайдың Алланы тануға мензеген түбегейлі тұжырымы. Абай атамыз осы ойларын ғылыми шындықпен дәлелдемек болған. Мұндай терең білім-дарлықтың арғы негізі Әл-Фарабидің қуаттамаларымен әуендесе бастайды. Ал Абай мен Әбу Насыр Әл-Фарабидың аралығындағы мыңдаған жылдармен аражігімен рухани қатынасын талдай отырып, осы аралықта Шахбүддин Бағуаддинұлы Маржапидің ислам философиясына әкелген өзгерістерінде жүйеленген қазақтың осы заманғы ғұламасы, Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машанидің “Әл-Фараби және Абай” атты жана еңбегі біз үшін Абай өлемін жаңаша және шынайы ғылыми тұрғыда тануымыздың негізі десек, ол да біздің Абайтанудағы отандық жаңалығымыз. Әйһамдулла, әзірге біз үшін Абай іліміндегі исламдық философияның биігіне тек Ақжан Хазірет Әл-Манаши жасаған баспалдаққа аяқ қойып ақырындап өрлеуге тура келеді. Үйткені, Абайдың исламтану ілімі кез-келген ғалымның секіріп шыға салатын құба жондағы құртақандай текшесі емес! Әрине, Абай және Ислам дүниесі хақында сөз қозғайды екеміз А.Машанидың осы кітабындағы мына тұжырымдаманы тұла бойын кернеген ұлттық мақтанышпен ұлан асыр қуанышпен оқи бергің келеді.

Иә, “Ал қазіргі Ислам ғалымдары кереғар көзқарастарын қайта қарастыруда”-деп жазды.-Ақжан Хазірет осы пікірін онан ары қарай жалғап-Біз өзіміздің елдігімізді Софылық жолмен қорғап қала алмаймыз, тек ғылыми жолмен ғана қорғауға болады дейді олар. Арабтар қазір Әл-Фарабиді ең алдыңғы қатардағы ғалым деп бұл қатарды әл-Хорезмнің, әл-Беруни, Абу-Али ИбнСина, ат-Туси, Ұлықбек, Ш.Б. Маржани, Абаймен толықтырады. Мен бұл арада Абайды өз

жанымнан косып отырғам жоқ. Абай өлеңдері арабшаға аударылған ғой. Сол бойынша олар Абайды біздің арабтың философы екен деп танып отыр. Сонымен бір кезде Әл-Фараби Араб елінен ғылым үйреніп, оны дамытып дүние жүзіне ұстаздық еткен, оның ғылымынан тағлым алған Абайды Араб елінің тануы, екі ұлы баба арасының байланыста екендігін дәлелдесе керек“.

Міне, сөйтіп ұлы Абай атамыз Ш.Маржани арқылы Әбу-Нәсір Әл-Фарабиді тапса, бүгінгі ұрпақ Ақжан Әл-Машани арқылы Абаймен Әл-Фарабидың рухани әлемнің ислам дүниесіндегі ұқсастық ілімін таниды.

Расында, “Ғұламалар Пайғамбарларымыздың мұрагері“ деген ұлы тұжырым исламдық ақыл-ой адамдарының ғылыми жолында қанаттас, қауымдас, һәм үндес екендігін аңғартса керек. Сол үшін біз де бүкіл әлемдегі мұсылман баласының баянды бақыты үшін Пайғамбарымыз Мұхаммед Саллолаһу ғалиһи уассаламның “кімде кім ғылымды және ғалымды сүйсе, ол жаннатта менің көршім болады“, деген ұлы өсиетіне адал боламыз.

НАЦИОНАЛЬНОЕ СОГЛАСИЕ МЕЖДУ КАЗАХАМИ И КОРЕЙЦАМИ

Д. В. МЕН

*Доцент КазГУ,
канд. филос. наук*

Казахи, корейцы. Сотни нитей связаны между двумя народами. Хотя корейцы живут на земле древних казахов всего лишь 60 лет, в их прошлом и настоящем много общего. Некоторые страницы их истории схожи между собой. Поэтому сегодняшний день, становление государственности, поиск новых направлений развития в сфере экономики и духовной настоятельно требуют укрепления взаимодействия всех этносов, проживающих в Республике Казахстан.

Сегодня здесь, мы, люди разных национальностей и конфессий собрались на “абаевские чтения”, посвященные Году межнационального согласия и памяти жертв политиче-

ских репрессий. Это не случайно, так как великий Абай в свое время завещал потомкам жить в мире и дружбе, укрепляя и обогащая землю, на которой ты родился и живешь. "Знание чужого языка и культуры, - говорил он, - делает человека равноправным с этим народом, он чувствует себя вольно, если заботы и борьба этого народа ему по сердцу, то он не может остаться в стороне: такова природа человека". Эти замечательные и пророческие слова как никогда подходят сегодняшнему семинару.

Совместная культурная деятельность народов на основе их исторически сложившихся духовных связей и культурных контекстов была заложена в идею Евразийского союза, предложенного Президентом Республики Казахстан Н.Назарбаевым.

Недавно мы отмечали 150-летие великого мыслителя и просветителя Абая. Основной целью юбилейных мероприятий было не только открытие миру поэта и писателя, но и осознание нашими современниками истинного смысла его духовного, подлинно гуманистического мировоззрения, демонстрация традиционного культурного потенциала казахского народа. Пропагандируя творчество Абая в мировом масштабе, мы тем самым укрепили авторитет Казахстана в международном культурном пространстве, где теперь о нас говорят как о стране со стабильной политикой, мощным экономическим и духовным потенциалом.

Корейская диаспора также со всеми активно участвовала в этом всснародном торжестве: провели юбилейные вечера, фестивали, пели его песни, была издана на корейском языке в Сеуле "Книга слов".

Осмысливая прожитые годы приходишь к выводу, нам не нужна новая культурная революция, а необходим новый политический подход к культуре, исходящий из национальных традиций и общечеловеческих ценностей.

Национальное бытие и национальное самосознание существует у любого этноса лишь постольку, поскольку существуют другие этносы, отличающиеся от данного языка, культурой, обычаями и другими характеристиками. При этом каждому этносу свойственен собственный набор референтных этнических групп, предопределенный историей нации, в каждом национальном самосознании складывается своеобраз-

ная иерархия значимых инациональных особенностей. Так, корейское самосознание обязательно содержит образы казахов, русских, украинцев, евреев, немцев и других.

Нынешние корейцы - это не только те, кто они есть на самом деле, но и те, как они выглядят в глазах других этносов. Наверное, было бы весьма полезно суммировать те оценки, которые дают им этносы, проживающие в республике, сочетание воззрений которых и составляет некое общественное мнение о них.

Учеными давно замечено, что сущность государств во многом определяется характером, менталитетом народов, которые населяют это государство. Демократические ценности в Казахстане существовали издавна. В этом регионе никогда не существовало восточной деспотии. Существование долголетней традиции пусть иной, но действенной формы народовластия в Казахстане - это исторический факт. К сожалению, по мере включения в состав Российской империи с ее капиталистическими порядками и доминантной военнополитической традиции архаично организованная демократия кочевников потерпела поражение. Еще больший урон ей нанес большевизм.

1997 год для корейцев особенный, в октябре исполнится 60 лет их проживания на этой благодатной земле. Из истории известно, что сталинский режим рассеял многие народы по казахской степи, ставшей на долгие годы крупнейшим ГУЛАГом и местом ссылки.

Высшая цель кореофобок в предельно короткий срок народ должен быть лишен не только места постоянного жительства, не только своей земли, но и языка, истории, культуры, родственных связей и даже самой надежды. Только в таком случае любой переселенец становится стопроцентным манкуртом, желанным, послушным и безропотным субъектом тоталитарного режима. Как можно успешнее осуществить манкуртизацию наказанных державой волей народов, раскидать, расшвырять их по просторам, расселить по безлюдным местам, подальше, дабы скорей забыли и родные края, и язык, и песни, и даже собственное имя. Казахи со свойственным им гостеприимством и терпимостью приняли, обогрели и поделились последним куском хлеба с униженными, оскорбленными тоталитарным режимом. Ка-

захстан уже тогда не сомневался: не только он нужен этим несчастным людям, но и эти люди драматичной судьбы нужны ему. С тех пор Казахстан для корейцев стал Родиной.

В настоящее время граждане корейской национальности активно трудятся во всех сферах народного хозяйства и культуры, они представлены в высших органах власти, вносят вклад в развитие отечественной науки, техники. А сколько замечательных имен неутомимых тружеников, руководителей хозяйств дало наше время.

За это время казахи и корейцы как бы духовно и социально срослись. У нас кроме общего в прошлом, судьба уготовила и общность будущей жизни. А сделать счастливое будущее можно только поддерживая друг друга.

Да, республика сейчас переживает далеко не лучшие времена, но пройдут годы, трудности останутся позади, потому что иного пути у нас нет. И достичь можно только тогда, когда в доме царит межнациональное согласие.

К сожалению, в последнее время покидают республику, кто в ближнее, а кто в дальнее зарубежье, тут как говорится вольному воля. Только не надо забывать старую поговорку: где родился, там и содился. Наше желание содится своей Родиной, Казахстану, стать нужным в трудное время, всеми силами послужить единству нашему. Казахская пословица гласит: "Нет земли лучше Родины, нет людей лучше, чем на Родине". И величие нации определяется ее отношением к другому. Признавая ценность другого народа, добавляешь ценность собственного. Непростым было наше общее прошлое здесь, в Казахстане, порой трагическим. Великое долготерпение и жертвенность братьев-казахов должны быть поняты всеми и оценены по достоинству. Все наше здесь приют и свою судьбу должны пойти навстречу казахам, пойти навстречу - в знак благодарности за прошлое, в знак солидарности, ради будущего. А оно открывается только в национальной согласии, так как Казахстан нужен не только казахам, он нужен всем, в том числе и русским, и немцам, и корейцам, и многим другим.

Дети и внуки вчерашних кочевников и переселенцев, преодолевая превратности судьбы, строят новое, правовое, демократическое государство, в котором предстоит им жить

вечно. Лично я не помню, что между нами происходили недоразумения на национальной почве.

То, что корейцы достигли на сегодняшний день таких показателей - все это благодаря великой, бескорыстной помощи казахов, русских и других народов, которые населяют страну. За 60 лет проживания на казахской земле 67 человек было присвоено высокое звание Героя Социалистического Труда, 66 женщинам - "Мать-героиня", среди них имеются академики, генералы, депутаты парламента, народные артисты, сотни заслуженных работников различных отраслей народного хозяйства.

С высоты сегодняшних дней особенно контрастно видны те исходные рубежи, с которых начинался духовный и научный потенциал корейцев, освобожденный от сталинского клейма "пособники японского империализма". Я-казахстанец корейского происхождения. Мне часто приходилось выступать за рубежом по проблемам корейцев СНГ и Казахстана, никогда не стыдился своего происхождения. Если же, выражаясь языком тех времен большевизма, я являюсь внуком японского шпиона. Мой дед, Ким Афанасий Архипович, был арестован в 1941 году и просидел в сталинском ГУЛАГе целых 4 года в Калужской области, а в 1945 году его расстреляли как японского шпиона. В 1956 году посмертно реабилитировали. Таких примеров можно привести сотни и тысячи среди корейской диаспоры.

В довольно сложных экономических условиях последних лет нам, корейцам, все же удалось сберечь, а порой и расширить творческую, материально-техническую и кадровую базу культуры. Это относится прежде всего к корейскому национальному театру, газетам и многочисленным художественным коллективам. Процессы национального возрождения обусловили дальнейшее развитие у корейцев народного творчества, возросший интерес к обрядовым традициям, народным промыслам. В республике на сегодняшний день функционируют во всех областях культурные центры, которые призваны возродить фольклорные коллективы, художественные самодеятельности, изучение родного языка и др. Сейчас постоянно проводятся фестивали художественной самодеятельности, выставки народно-прикладного искусства. Таким образом, с полным правом можно говорить о том, что

культура корейского этноса также является одной из составных частей Казахстана.

Для корейцев Казахстан, его культура, его история представляют особый интерес. Отношения обоих этносов обусловлены общностью исторических судеб, общностью проблем, которые им приходится решать в ходе строительства своей государственности, возрождения национальных культурных ценностей. Мы также учитываем, тот факт, что в Республике Казахстан проживает более 100 тысяч этнических корейцев, которые являются одной из составных частей казахского общества. Как уже отмечалось, они активно представлены во всех сферах политической, экономической и культурной жизни. Мы благодарны Президенту и правительству республики за то внимание и заботы, которые они уделяют удовлетворению потребностей своих граждан. Именно в Казахстане, как в никакой другой республике бывшего Союза, эти вопросы решаются на основе подлинного демократизма, с учетом общепризнанных мировым сообществом принципов.

Нам еще многое предстоит вместе сделать для реализации завещанного апостолом духовности - великим Абаем того потенциала дружеского взаимодействия во всех сферах нашей жизни, в том числе и в культуре, который используется недостаточно. К превеликому сожалению, в последнее время это стало очень сложно. Тому есть немало объективных причин. Сложность экономической ситуации иногда вынуждает нас отказываться от многих интересных программ

За 60 лет, прожитых в Казахстане, корейская диаспора может сказать, что в XXI век она войдет духовно обогащенной, не растеряв национального самосознания, умножив авторитет среди других этносов. Извлекая уроки из прошлой жизни, исходя из необходимости защиты ценностей, накопленных ранее, мы никогда не забываем, кто в трудные времена нам помог выстоять и встать вровень с другими народами.

Сами корейцы убедились, что согласие внутри общества не формальный акт, а реальный шаг к мировой цивилизации. Единение, консолидация, взаимопонимание и толе-

рантность всегда были и остаются фундаментом для преобразования страны в лучшую сторону цивилизации.

Только единство, согласие помогут государству успешно осуществить реформы, укрепить демократическое общество. Когда-то древний китайский мудрец Конфуций говорил: "То, что не ясно, следует выяснить. То, что трудно творить, следует сделать с великой настойчивостью."

Корейцы некогда единой полиэтнической страны столкнулись с неведомой им ранее трудностью- национальной и социальной самоидентификацией. Они поставлены перед необходимостью найти собственную нишу в социокультурной среде, осознать меньшинством по сравнению с коренным этносом. В то же время нужно пройти нелегкие стадии социальной адаптации, чтобы вписаться в новую социально - экономическую и политическую ситуацию, а также сохранить связи с исторической родиной, сберечь национальную самобытность. Одновременно становится естественным мостом в строительстве международных отношений нового уровня, поскольку именно они выступают зачастую важным объектом и активно действующим субъектом контактов стран-родителей.

Корейцы Казахстана восстанавливают историческую справедливость, свои исконные права на возрождение языка, культуры, обычаев, традиции. Но они могут развиваться только при поддержке титульной нации. Потому что, казахи, заботясь о своем этническом возрождении, не должны забывать о других этнических группах, о консенсусе, о межэтнических гуманизированных взаимоотношениях. Корейская диаспора может развиваться только получая помощь от государства.

К знаменательной дате они идут с противоречивыми чувствами, прошло уже достаточно времени, а они еще "пособники японского милитаризма". Обещанной политической реабилитации все еще нет. Закон "О реабилитации жертв массовых политических репрессий" от 14 апреля 1993 года не изменил положение корейцев-переселенцев. Старая рана продолжает напоминать о себе, тут злобы нет, но обида продолжает сохраняться. Корейская диаспора Республики Казахстан надеется, что справедливость гуманистическая все-таки восторжествует ради подрастающего поколения, не

оставляя им в наследство столь печальный груз. Сталинское клеймо с них надо снять. А для полного счастья человеку нужно иметь славное отечество.

МЕСТО НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫХ ЦЕНТРОВ В ДУХОВНОЙ ЖИЗНИ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА

Ш. В. ТЛЕПИНА

Препоод. АВТУ МВД РК

М. К. ТЛЕУЖАНОВА

*Ст. препода. Джебказганского
университета*

Накопление знаний о каждом из народов Казахстана, изучение их традиций, выявление достижений национальной культуры, осмысление этнической специфики в сфере фольклора, народного искусства, обычаев и обрядов оказывает определенное воздействие на духовную жизнь общества, способствуя его развитию путем показа этнической самобытности, обусловленной особенностями исторического развития того или иного народа, спецификой его культуры и быта. Современное общество нуждается в духовных ценностях наций и народов, которые воспринимаются большинством населения. Возрождается ряд традиций и обычаев прежде угасающих или распределенных среди той или иной этнической диаспоры. Именно постинтернационалистически ориентированная идеология, базирующаяся на мощном государственном аппарате подавления субъектной (но не субъективной) инициативы личности и человека массы, весьма активно работала на размывание этнических традиций, этнонациональных различий: тоталитарный режим абсолютно не нуждался в этносах с их специфическими образами жизни, в народах как субъектах исторического процесса, поскольку это усложняло условия его функционирования. [1]

В обществе сегодня ощущаются растерянность от исчезновения разделения на главное и второстепенное в куль-

туре, духовных ценностях. Безусловно, советское, затем постсоветское общество признавали приоритет духовных ценностей. В это связи даже политический, экономический плюрализм был воспринят обществом гораздо легче, чем демонстративная культурная свобода. Этот своеобразный период "разброда и шатания" вместе с тем принес свои положительные моменты.

Общество не может находиться в постоянном ностальгирующем состоянии по ценностям, которые были бы воспринимаемы большинством.

Свою нишу в образовавшемся вакууме заняли национально-культурные центры республики. Они стали своего рода авангардом в возрождении народами своих традиций и обычаев, в начавшемся оживлении духовной жизни общества. Начали они с традиций. В советском энциклопедическом словаре говорится, что традиция - это элементы социального и культурного наследия, передающиеся от поколения к поколению и сохраняющиеся в определенных обществах, классах и социальных группах в течение длительного времени. В качестве традиций выступают определенные общественные установления, нормы поведения, ценности, идеи, обычаи, обряды и т.д.[2]. Характер и специфика общественно-исторических условий жизни каждой диаспоры и ее поколения определяют большую восприимчивость к тем традициям, которые наиболее полно выражают национально-культурные интересы данного поколения. Если письменность хранит уже накопленные знания, оживающие лишь посредством связи с умом живущего человека, то традиция как бы вписывает новые поколения людей в уже проверенные, готовые формы. Традиции содействуют сплочению нации, соблюдению внутри нации отдельных культурных и общественной дисциплины. Национальные традиции ценны не локальностью, а интенсивностью связей с другими национальными культурами. Этому способствует широкий выход национальных традиций и обычаев в общественную и культурную жизнь республики. Социологические исследования показывают, что проведение праздников традиционно-национального характера больше всего проводятся по оценкам: уйгур- 68%, казахов- 46%, русских-37%, корейцев- 31%, татар- 29%, узбеков и украинцев-26%, меньше всего отмечено регулярное проведение

мероприятий немцами - 18% и 4.7%. Тем не менее, идея возрождения и сохранения обычаев выстрадана народами, она заложена в программных документах НКЦ республики. Русский культурный центр "Родник" Жезказганской области ставит своей целью взаимное обогащение культур наций и народностей, проживающих в данной области. [3]. Проведение мероприятий, посвященных также традициям, обрядам, обычаям и истории - задача, которую поставил перед собой греческий культурный центр "Термес" Карагандинской области. [4].

Многие годы, десятилетия люди искали духовности в своих национальных театрах. Кроме того, театр связан с таким важным компонентом этноса, как язык и имеет свои особенности восприятия и особенности воздействия на этническое самосознание. Пьесы, поставленные на сценах национальных театров на родном языке, представляли собой разнообразие жанровых форм, использовались особые традиционные художественные средства выражения мысли. В республике были образованы корейский, уйгурский, немецкий театры. Создавались они на территории нашего государства по разным обстоятельствам и в различное время. Особое внимание в театральной жизни республики занимает немецкий драматический театр. Его открытие состоялось в 1980 году в городе Темиртау Карагандинской области. Немецкий театр много гастролирует, выступает с фольклорными представлениями. С учетом специфики драматического театра создаются спектакли, в которых обрядность, музыкальное сопровождение и фольклорное начало объединены в целостное представление с сохранением национального колорита. [5]. В настоящее время немецкий театр пытается установить тесные отношения с немецкими культурными центрами и "Объединением немцев Казахстана", координирующим органом немецких ПКЦ в республике.

70-80-е годы продемонстрировали нам возрождение фольклорных ансамблей, обращение музыкальных коллективов к народному песенному творчеству. Они становились предметом национальной гордости и сейчас на них концентрируется осознание отношения к достижениям национальной культуры не только самих исполнителей или организаторов этих коллективов, но и широких масс населения.

На их развитии фокусируются подчас национальные интересы. Симптоматично то, что заинтересованность в концертах популярных ансамблей, групп, работающих на национальной народной основе, проявляет заметно более широкий круг населения, иноэтнического в том числе, по сравнению с отдающими предпочтение народной музыке. Большое место в их программах занимают мелодии и песни, основанные на традициях фольклора. Широко известен не только в области, но и по республике немецкий фольклорный ансамбль "Фройндшафт". Этот творческий коллектив был создан в начале 70-х годов при Карагандинской филармонии: [6]. Немецкий фольклорный ансамбль "Эрбе" совхоза "Урожайный" Карагандинской области, также как и "Фройндшафт" продолжает свою деятельность по республике и побывал с гастролями в Германии. [7]. Национально-культурные центры не только создают творческие коллективы, но и делятся опытом своей работы, анализируют свою деятельность в этом направлении. Опыт работы Карагандинского областного центра немецкой культуры, возглавляемого хореографом Юлией Хофман, был признан лучшим на проведенном в России совещании-семинаре руководителей немецких национальных культурных центров стран СНГ.

Д. ОМАРОВ

ҚР FM-FA Филос. инст.

ізденушісі, техн. ғылым. канд.

Абай халықтар ынтымақтастығының философиялық негізін берген данышпан деуге болады. Оның қалдырған рухани мұрасынан бүкіл адамзат тұрғысынан өте маңызды мәселенің, жеке адамдар ғана емес, түрлі ұлттар, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастығының, шешімін таба аламыз.

Ол бүкіл әлемнің саналуандығымен бірге, ондағы болмыстардың бірі мен бірінің тығыз байланыста екенін, сондықтан оның біртұтас екендігін көрсетеді.

Абай отыз сегізінші сөзінде былай дейді: “Біз Алла тағала “бір” дейміз, “бар” дейміз. Ол “бір” деген сөз ғаламның ішінде, ғалам Алла тағаланың “ішінде...”. Бір қарағанда бұл сөздердің мағыналық қайшылығы бар тәрізді. Ал тереңірек үнілетін болсақ, осы сөздерден бүкіл болмыстың жалпы өмір сүру заңдылығын көруге болады.

“Ғалам Алла тағаланың ішінде” деген сөз ғаламның өзі Алла тағаламен бірге, біртұтас деген ұғымды білдіреді. Сөйтіп, ғалам мен Алла тағала “бір”. Сонымен бірге “Алла тағала ғаламның ішінде”. Алла тағаланың ғаламның ішінде болып, сонымен бірге ғаламның Алла тағаланың ішінде болуы эзотерикалық мағанасы бар ақылмен толық қабылдауға болмайтын ұғым. Мұны шығыстың көне Веда ілімінде санскрит тілінде “ачинтья-бхеда-абхеда-таттва”, яғни “ақылмен түсінуге болмайтын (непостижимый) бір мезгілдегі бөлектік пен бірлік шындығы” деп атайды. Мұны түсіну рухани деңгейдің жоғарғысы деп есептеледі. Бұл шындықты түсіндіру үшін Ведаларда мұхит пен оның бір тамшы суын салыстырады. Мұхиттың ішіндегі бір тамшы судың сипаты сапа (күрамы) жағынан бүкіл мұхитпен бірдей, оның айырмашылығы жоқ, бірақ сан жағынан өлшеусіз аз ғана. Тамшы су мұхиттың ішінде болғандықтан ол да мұхит болып есептеледі. Бұл жағынан мұхит пен тамшы судың айырмашылығы жоқ, олар бірдей және біртұтас. Сонымен жеке тамшы су мұхит емес. Сол сияқты жан да сапа жағынан

Алла тағаламен бір болғанымен, ол Алла тағала емес. Керісінше, ол әрқашан өзінің зәредей болғандығынан Алла тағалаға тәуелді. Сондықтан үнемі оған құлшылықта болуы керек.

Осы арада Абай ұғымы бойынша жетілу деген сөздің мағынасына тоқтала кетейік. Данышпан отыз сегізінші сөзінде имандылықтың тек қана сену емес екенін айта келіп, былай дейді: “Өз пиғылдары»ды соған өз халінше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ-дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ“. Әрі қарай Алла тағаланың сегіз сипатын береді де былай деп жалғастырады: “Бұл негізінен Алла тағаладай көмәлат-ғазаматпен (үлкен жетістікпен) болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратыпты“. Абайдың осы сөздерінен адамның жетілуі дегеніміз өздерінің Алла тағаланың сипаттарындай, бірақ сан жағынан зәредей сипаттарын тазартып жетілдіру. Күнделікті өмірде адамның пиғылы былғанышқа ұшырайды. Абай адамның жетілуі дегеннің мағынасы пиғылды тазарту екенін білдіреді. Оның жолы үнемі Алла тағалаға құлшылықта болу екенін айтқысы келгендей, ол былай дейді: “Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәрра аттас сипатымызды ол Алла тағаланың сегіз ұлы сипатынан бас бұрғысыз өзге жолға салмақпенен біздің атымыз мүслим бола ала ма? Болмаса керек“.

Алла тағала “бір“ болып, ғалам Оның ішінде болса, Алла тағала тәрізді ғалам да біртұтас болуға тиісті. Сондықтан, ғаламның бөлігі болып табылатын адамзат онымен біртұтас, сонымен бірге онан бөлек. Адамзатты бөлек-бөлек ұлттар мен халықтар құрайды. Сондықтан, олар да адамзатпен біртұтас, сонымен бірге онан бөлек. Сол сияқты халықтар ұлттарға, ру-тайпа, отбасы болып ұсақтанып бөліне береді. Бірақ әрбір бөлік қандай да болмасын біртұтастық бөлшегі болып табылады. Барлық біртұтас пен бөлшектердің өзара қатынасы бір заңдылыққа бағынуға тиісті. Ол - мүдденің ортақтығы.

Әлем алуан түрлі болмыстарға толы. Өмір өзінің бір-біріне ұқсамайтын алуан түрлі құбылыстарымен қызықты. Мысалы, өмірде барлық жағынан ұқсас екі адамды, сірә кездестіруге болмас. Бүкіл әлемдегі барлық жан иелерінің

өзіндік сыр-сыйпаты, қасиеттері бар. Мұның өзі әлемдегі сан түрлі құбылыстың себебі.

Сонда бұл құбылыстардың сансыз көп алуандығының себебі неде? Оған Абайдың “Алла тағала ғаламның ішінде” деген ойынан жауап табуға болар. Ведалар Күдайдың әрбір жанның жүрегінде ғана емес, тіпті әрбір атомның ішінде екенін айтады. “Алла тағала шексіз” дейді Абай отыз сегізінші сөзінде. Егер Алла тағала шексіз болып және ол ғаламның ішінде болып, әрбір атомның ішіне кіретін болса, онда әлемнің саналуандығының күпиясы ашылады. Алла тағала әр адамның жүрегінде болып, әр болмыстың ішіне кіріп шексіз қасиетімен шексіз саналуан көріністер тудырса керек.

Жан иелерінің алуан түрлі болуының себебін Абайдың жетінші сөзі де аша түседі: “Жас бала анадан туғанда екі мінезбен туады: біреуі-ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар-тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дөмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, “ол немене?“, “бұл немене?“, “ол неге үйтеді?“, “бұл неге бүйтеді?“ деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген“.

Абайдың осы сөзінен адам баласында жан және тән құмарлықтары барын, олардың бірінен бірінің айырмашылығын көреміз. Жүректегі Алла тағаланың әсерімен осы екі құмарлықтың өзара қатынасының өзгеруі адамдардың саналуандығының себебі болса керек. Бұл отбасы, ұлт, халықтардың саналуандығын тудырады. Бұл - ішкі себеп.

Сонымен бірге әрбір бөлшекке біртұтастың әсері де бар. Мысалы, адамдар, ұлттар, халықтар өздерінен жоғарғы біртұтастың әсерімен өзгеріске түсуі мүмкін. Қоршаған ортаның әсері де үлкен өзгеріс тудыратыны белгілі. Бұлар - әлемнің саналуандығының сыртқы себептері.

Адам баласы өмір сүру барысында құмарлықтарының ықпалымен өзінің тәнін, мінез-құлқын, ой-өрісін, ақыл-есін

калыптастырады. Екі адамның құмарлықтары бірдей болып, олардың барлық жағынан бірдей қалыптасулары өмірде кездеспейді. Адамдардың төнінен бөлек өзіне ғана қатысты, өзінің мінез-кұлқын, өзіндік қасиетін құрайтын негізін Абай отыз сегізінші қарасөзінде арабтың “Хауас сәлим” деген сөзімен белгілейді. Ал Веда ілімдерінде адамның бұл негізін өрі қарай талдап, қалау-ниет, ақыл-ой, ес-санаға бөліп, нәзік материалдық денелер деп атайды. Олардың соған байланысты астральды, ментальды, буддһи деген атаулары бар.

Абай адамның төнінің қалыптасуы мен өзіндік қасиетіне, яғни хауас сәліміне әсер ететін себептерді отыз сегізінші сөзінде “Бұлар туысынан болады, қалмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады” деп атап көрсетеді. Бұл сөзде адамның жетілуіне әсер ететін ішкі себепті “туысынан” деп атап, ал сыртқы себепті “жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы” деп атап отырған тәрізді данышпан. Бұл себептер әрбір адам өмірінде әртүрлі болғандықтан, олар адамның түрлі қасиеттерін құрайды. Ол қасиеттердің барлығының негізі материалды, сондықтан адамдардың өзара қарым-қатынасы материалдық әлемнің заңдылығына бағынады. Адамдар бір біріне әсер етіп, өздерінің төндерін, хауас сәлімдерін өзгертеді. Ерлі-зайыпты адамдардың, бір отбасындағылардың, баласы мен ата-анасының, бір ұлт адамдарының өзара ұқсас мінез-құлық болуын осымен түсіндіруге болады. Сөйтіп, өзіндік отбасылық, ұлттық қасиеттер қалыптасады.

Отбасы болсын, ұлт болсын, егер олардың өмір мүдделері сыбайлас келіп, күш-қуаты бір бағытта болса, онда ой-өріс, ақыл-ойдың толқындары өзара сәйкестеніп, олардың жалпы нәтижесі ұлғайып, әсерлері күшейе түседі. Бұл құбылысты йогтар “эгрегор” деп атайды. Эгрегор көпшіліктің әсерімен пайда болады. Ол отбасылық, ұлттық, халықтық тағы сол сияқты атаулармен аталады. Эгрегор олардың біртұтастығын сақтауға көмектеседі. Адамдардың ортақ мүддесі неғұрлым күшті болса эгрегор да солғұрлым әсерлі болады.

Абай көрсеткендей, жеке адамдардың өзіндік қасиетіне, яғни хауас сәліміне шыққан тегі, өскен ортасы әсер етеді. Сондықтан бір ортада өсіп, қоршаған табиғаттың бірдей әсеріне іліккен адамдар келешек ұлттың негізі болып табы-

лады. Олардың өзіндік хауас сәлімі болып, ұлттық хауас сәлімді құрайды.

Ұлттық не болмаса халықтық эгрегор адамдарды біріктіріп, олардың жетілуіне мүмкіндік жасайды. Эгрегордың әсіресе үлкен саяси құбылыстарда, не болмаса түрлі қақтығыс тудыратын жағдайларда өте өсіп кететіні белгілі. Мұндай жағдайда эгрегор адамға ауыр сынақтардан үлкен көмек етеді.

Абай ілімі өмірдің мақсаты жетілу екенін көрсетеді. Біртұтас жетілгенде оның бөлшектері де жетіледі. Бөлшектің тұтастан бөлек толық жетілуі мүмкін емес екені белгілі. Сондықтан барлық бөлшектердің мүддесі ортақ - біртұтасты жетілдіру болса керек. Бұл бөлшектердің ортақ мүддесін тудырады. Сонда олардың арасында қайшылықтар да тумайды. Бұл - халықтар арасындағы ынтымақтастықтың кепілі болса керек.

Бірақ өмірде көбінесе кері құбылыстар байқалады. Ортақ мүдде ұмытылып, әрбір бөлшек өз камын ойлап, түрлі ұсақ мүдделер тудырады. Бұл мүдделер қайшылықтар тудырып, өзара қақтығыстардың себебі болатыны белгілі. Әділеттілік заңдылығы бұзылып, соның салдарынан бөлшектер мүддесі біртұтас. Ең Жоғарғы Тұлғаның мүддесімен сәйкестенбейді, ал бөлшектердің өздері құлдырау жолына түседі.

Сонда бөлшектерге ортақ мүддені ұмыттыратын қандай күш? Абай мұрасынан бұл сұраққа да жауап табуға болады екен. Ол адамдардың өздерінің түпкі негізі рухани екенін ұмытуларынан. Адамдар өздерін уақытша берілген төндерімен балағандықтан, олардың өмірдегі мүдделері де өзгеріп, көңілдері уақытша фани өмірге ауады. Сөйтіп, өздерінің тойымсыз сезімдерін қанағаттандыруға тырысқан адамдарда ортақ мүдде ұмытылып, саналуан жан иелерінде сонша көп мүдделер пайда болады. Көбінесе бір мүдде екінші мүдденің есебінен орындалатын болғандықтан, олардың арасында қайшылықтар туып, өмірдегі барлық сергелденді тудырады. Мәселе түрлі бөлшектердің саналуандығында емес, ол бөлшектердің мүдделерінің бірікпей, саналуан болуында.

Абай жиырма бесінші сөзінде материалдық жетілу рухани жетілу үшін керек екенін білдіреді. Рухани білімнен

айырылған адамдар оны ұмытып, тек қана материалдық жетілуге ұмтылады. Сөйтіп, өз мүдделерін ғана ойлап, ортақ мүддені ұмытып кетеді. Олар ашу, қызғаныш, өркөкіректік, өөімшілік, қанағатсыздық ықпалына түсіп, рухани құлдырау жолына түседі. Бұл түрлі адамдар, ұлттар, халықтар арасындағы қайшылықтардың негізгі себебі.

Абай адамдарды түрлі ұлттық тартыстан құтқару үшін олардың рухани жолға тартады. Яғни, оларға адамның түпкі негізін түсіндіреді. Адамның түпкі негізі оның рухани екенінде. Адам бұл өмірдің өткінші екенін түсініп, басқа мәңгілікті өмір барын білгенде оның өмірі түгелдей өзгермек. Бұл туралы ұлы ғалым Әл-Фараби өзінің “Философиялық трактаттар” атты еңбегінде жазады. Ал Абайдың шәкірті болған Шөкәрім Құдайбердіұлы былай деп жазады: “Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таң қаламын. Оларға мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен? Осы кезде жанның барлығына, өлген соң да жоғалмайтынына күндей жарық дәлелдер табылып тұрса да, нанып қалған өдет алған шатақ діннен шыға алмаған молдаларша қатып қалу - ақыл ісі ме?” /Құдайбердіұлы Ш.Үш анық.-Алматы: Қазақстан: 1991-80 бет, 33-бет/.

Абай өзінің “Алланың Өзі де рас, сөзі де рас” деген өлеңінде былай дейді:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және Хақ жолы осы деп өділетті.

Ақын адамзаттың бәрін сүюдің өзі әділетті Хақ (Құдай) жолы екенін, ол жолға “адамзаттың бәрі бауыр” екенін түсінгенде ғана жетуге болатын көрсетеді.

Басқа ұлт, халықтарды дос қана емес, тіпті, оның да жақын, туысқан бауырым деп түсіну, әрине, оңай емес. Ол үшін адам өзінің тән емес, мәңгілікті жан екенін сезінуі керек. Абай соны түсіндіреді. Мәңгілікті рухани болмыс уақытша материалдық тәнмен қапталған. Бұл туралы да-нышпан былай дейді:

Ақыл мен жан - мен өзім, тән - менікі,

“Мені” мен “менікінің” мағнасы - екі.

“Мен” өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

“Менікі” өлсе өлсін, оған бекі.

(Көк тұман - алдындағы келер заман, 1897)

Адам өзінің мәңгілікті жан екенін түсінгенде көп нәрсеінің шешімін табады. Жанда жыныс, ұлт, нәсіл төрізді белгілер жоқ. Ол белгілер тек уақытша берілген төнге ғана байланысты. Жандардың барлығының қасиеттері бірдей, сондықтан олардың мүдделері де ортақ. Ол - рухани жетілу мүддесі. Абай ілімі бойынша жетілудің негізі осында жатыр.

Адамның мәңгілікті екенін Абай былай деп те білдіреді:

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,

Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.

“Мені” мен “менікінің” айрылғанын,

“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес.

(Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, 1895)

“Мені” мен “менікінің” айрылғанын “өлді” деп есептеу “білместік” екенін түсінген адам өзі өзі түсінуде өте жоғарғы деңгейге жетеді.

Әрине, адамдардың барлығын бірдей рухани жоғарғы деңгейге көтеру қиын іс. Дегенмен де халықтар ынтымақтастығын нығайтуда Абай мұрасын молынан қолданудың үлкен маңызы бар. Әлемнің Абай көрсеткен жалпы заңдылықтарын түсініп, оларды өмірде қолдана білу халықтар арасында нағыз ынтымақтық қатынас орнатуға мүмкіндік беретінінде дау жоқ.

ФИЛОСОФСКИЕ ВОЗЗРЕНИЯ АБАЯ В КАНУН XXI ВЕКА

Г.Г. БАРЛЫБАЕВА

*С.н.с. отд-ние казахской
философии и фарабиеведения
Инст. философии МН-АН РК,
канд. филос. наук.*

Об Абае сказано и написано намного больше, чем он успел сам на своем недолгом веку. И этот процесс несколько не парадоксален, напротив, - есть подтверждение жизненности и величия Абая, так же, как Пушкина, Гете, Шекспира и других гениев. Еще Гегель писал, что “великий

человек обрекает людей объяснять его". Это, безусловно, относится и к Абаю.

Огромная литература об Абае, составляющая сейчас около четырех тысяч наименований, свидетельствует о том, что Абай - зеркало своей эпохи и что нельзя, не всматриваясь в это зеркало, ни узнать, ни понять действительную историю и традиции, менталитет и идейные устремления, прошлое и перспективу казахского народа.

Великий гуманист Абай обладал даром говорить поэтично и философски о том, что не может не волновать человека, что не может не трогать каждое новое поколение. Потому, наверно, вчитываясь в абаевские строки, можно глубже и лучше понять современность, противоречия и конфликты переходного периода, переживаемого ныне Казахстаном. Как никогда ценен сейчас сам строй его суждений, нацеленный на вечное, на поиск смысла жизни, на возвышение достоинства человека.

Духовное наследие Абая насыщено столь глубокими философскими идеями, что может служить идеологией суверенного Казахстана. Абай размышляет над проблемой человека, которая на Востоке и есть основной вопрос философии. Он развивает учение о нравственных качествах, выдвигает гуманистические принципы нравственного совершенствования человека, исследует национально-эстетические проблемы, рассматривает вопросы о познавательных способностях человека и их особенностях в казахском национальном образе мира.

В центре его духовных исканий - радикальное обновление мира и человека, поиски новых ценностей и ориентиров, способных пробудить творческие силы человека, нравственно его возвысить, побудить к общению с другими культурными мирами через овладение и приобщение к собственной национальной культуре.

И все же, почему Абай для нас снова и снова открытие? Потому, может быть, что для него самого человек - всегда тайна? Неслучайно ведь и о себе Абай писал, что он - "человек-загадка": "Жүрегімің түбіне тере» бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла" ("Проникни в глубину моего сердца. Я - человек-загадка, подумай и о том") (Абай

Кунабасев. Собр. соч. в 2-х томах. Алматы, Ғылым, 1977. Т.1. С.280).

Заполнение "Белых пятен" на карте казахской общественной и философской мысли, возвращение имен и наследия Ш.Кудайбердиева, А.Букейханова, А.Байтурсынова, М.Дулатова, М.Жумабаева, Ж.Аймаутова, учеников и последователей Абая, позволяют по-новому взглянуть на мировоззренческий аспект духовного наследия мыслителя. Их работы, посвященные творчеству Абая, выглядят сегодня свежими и свободными от штампов и конфронтационной зашоренности классового подхода, чем так страдало советское абаеведение. Следует отметить, что репрессировав эту блестящую плеяду мыслителей, поэтов, деятелей казахской интеллигенции, обогативших духовную культуру нашего народа, фактически репрессировали их идеи, ставшие сегодня чрезвычайно актуальными, репрессировали целые системы миропознания и мироописания, мироотношения и мировидения. Анализ их творческого наследия показывает, что многие вопросы были поставлены этими мыслителями исключительно глубоко, а высказанные ими идеи могут вполне быть оценены только сегодня, в период становления независимого государства. По существу, они опередили свое время, потому что сейчас мы решаем те проблемы, над которыми они бились много лет назад.

"Адамшылық ой-қиялы өте таза, һлгжанды, елін-жерін сүйген кісі еді" ("Абай был духовно, нравственно чистым человеком, любил свою нацию, свой народ, свою землю"), - писал Мир-Якуб Дулатов в статье, посвященной творчеству Абая (Дулатов М. Сочинения. На каз. яз. Алма-Ата, Жазушы, 1991. С.212. Перевод с казахского мой - Г.Б.).

О проникновенном и трепетном отношении к великому казахскому поэту-философу свидетельствуют эти строки Ж.Аймаутова: "...Талабым, таяғым, жігерім, азығым, маңдайыма ұстаған ақын Абай қазығым"... (...Абай-это мое стремление, энергия и духовный источник, моя гордость и опора...) (Аймауытов Ж. Журнал туралы // Абай. 1918.№1. Перевод с казахского мой - Г.Б.).

Ученики Абая, охваченные обаятельным влиянием его идей, стремлением к прекрасному, составляющему суть творчества казахского поэта-мыслителя, умели единичный

факт человеческого существования возводить до ступени философского обобщения о жизни в целом, а проблема человека стала для них центральной, через решение которой они стремились дать ответ на другие вопросы.

Об Абае можно сказать-это был уникальный духовный мир, абаевская вселенная, в центре которой находится человек. Сущность человека, его этический и эстетический облик, цель и смысл его жизни, мир его чувств и интеллекта глубоко волновали мыслителя. "Когда мы обращаемся к Абаю,-пишет М.О.Ауэзов, -бесспорным является то, что у него есть многообразные, разнокачественные, глубокомысленные суждения... о проблемах, имеющих прямое отношение к философии человека и человечности.. На наш взгляд, большинство философских взглядов Абая упирается в проблему человечности" (Ауэзов М.О. Абай Кунанбаев. Статьи и исследования. Алма-Ата, 1967.С.171.)

Трудно не согласиться с этим высказыванием, потому что, как известно, проблема человека, его отношение к миру, смысл его жизни и бытия и составляют сущность философии вообще. В конечном счете сегодняшние кризисные ситуации, в которых мы оказались, сводятся к кризису фундаментального отношения человека к миру. Понимание Абаем человека неразрывно связано с его этическими воззрениями, более того, можно сказать, что этическому аспекту проблемы человека Абай уделяет основное внимание. Все творчество казахского мыслителя насыщено размышлениями о "толық адам"-целостном, нравственном, универсальном человеке, а главной его целью было научить, что надо делать и чего делать не надо, чтобы стать Человеком, ознакомить людей с истинной сущностью добра и зла.

Касаясь этических принципов казахского мыслителя, Ж.Аймаутов писал: "Обретай мастерство, учись, трудись, будь воспитан, будь человеком, знающим меру, настойчиво повторял Абай. Он заботился о судьбе народа, считал, что трудиться надо во имя человечества, призывал любить человека как родного" (Аймауытов Ж. Журнал туралы //Абай журналы 1918.№1. Перевод с казахского мой-Г.Б.) Ж.Аймаутов полагал также, что Абаю были присущи тонкость мудреца, доброжелательность, справедливость, правдолюбие, что всю жизнь он пытался наставить на путь истин-

ный оступившихся. На наш взгляд, здесь очень точно определены заповеди этики Абая, пронизывающей идеей которой был гуманистический подход к человеку.

Абай выдвигал гуманистические идеи на протяжении всей своей жизни. Он призывал уважать человека не по его происхождению, не по занимаемому им в обществе положению, не по знатности и богатству, а по тому, что несет человек людям, каков его духовный мир. "Качества духовные - вот что главное в человеческой жизни,- писал Абай - живая душа и отзывчивое сердце должны вести человека, тогда и труд его осмыслен, и достаток уместен" (Абай. Слова назидания. Алма-Ата,1970. С.17).

Абай правильно замечал, что и сам внутренний мир человека находится в процессе постоянного развития, а свой основной этический принцип "Адам бол" ("Будь Человеком!") он понимал в плане нравственного совершенствования. Казахский мыслитель глубоко верил в то, что улучшения общества можно добиться путем нравственного совершенствования человека, высшее назначение которого он видел в стремлении принести максимум пользы народу.

Этический идеал поэта-мыслителя тесно переплетается с эстетическим. Нравственное совершенствование, по Абаю, это единство этического и эстетического, оно имеет определенную эстетическую ценность. Поиск гармонической целостности Абай ведет через искусство, через слово, через поэзию, пытаясь преодолеть убожество действительности путем эстетического воспитания, путем воздействия на людей силой слова.

Анализ мировоззрения Абая показывает, что и рассуждения об Аллахе как пространстве человеческого существования и развития, об отношении Аллаха к человеку, о вере занимают значительное место в творчестве казахского мыслителя-реформатора. Более того, они пронизывают все его мировоззрение. Он оставил огромное религиозное наследие, верил в Аллаха, однако очень часто его религиозные воззрения отличались от положений ортодоксального ислама. Интересной и необходимой представляется постановка проблемы "Х.А.Яссави и Абай", поскольку влияние идей яссавизма, суфизма на религиозные, философские воззрения

казахского мыслителя не вызывает сомнений. Этот аспект воззрений Абая ждет самостоятельного серьезного изучения.

Абая можно назвать и подлинным диалектиком. Он смотрит на мир и жизнь человека с точки зрения идеи развития, изменения. В целом ряде произведений, начиная с раннего стихотворения "Вот и старость. Скорбны думы, чуток сон" ("Картайдык, қайғы ойладык, һйқы сергек"), включая позднее стихотворение-размышление "Истинен сам Бог и истинны его слова" ("Алланың өзі де рас, сөзі де рас"), он высказывает диалектические идеи. Абай убежден в том, что все в мире, кроме Бога, подвержено изменению и развитию. Общество, считает мыслитель, есть постоянная смена поколений. "Мир-безбрежный океан. Время не утихающий ветер. Поколения подобны волнам, спешащим друг за другом, и на их смене держится вечная жизнь",-пишет Абай в "Словах назидания" (Абай. Слова назидания. Алма-Ата,1970.С.76.).

В 1995 году, в Париже, на коллоквиуме ЮНЕСКО, посвященном 150-летию великого казахского поэта-мыслителя, Чингиз Айтматов отметил, что Абай ныне, в преддверии XXI века переживает 3-ю эпоху, вслед за эпохой русского самодержавия, в которой протескала его физическая жизнь, эпохой Октябрьской революции и советского тоталитаризма. Абай живет сейчас вместе с нами в условиях обретения независимости на пути мировых демократических преобразований. В каждой из этих эпох потенциальные ресурсы абаевского наследия раскрывались в новом значении и новом измерении. Был период, когда Абай служил защитной ипостасью для казахской культуры и казахского языка, бастионом, средством сохранения национальной самобытности перед лицом надвигающегося процесса языковой ассимиляции и одностороннего окультуривания. Даже тогда никто не смел поднять руку на Абая, и тот факт служил сохранению казахского слова и национального самосознания. "В теперешних же условиях Абай,-подчеркнул в своем выступлении на юбилейной сессии НАН РК, посвященной 150-летию казахского мыслителя Ч.Айтматов,-впитавший в себя великие идеи русского просветительства и творчески трансформировавший русскую культуру в ее мировой значимости, служит нам в иной ипостаси. Абай оберегает нас от национального изоляционизма и слепоты национального эгоизма"

(Ч.Т.Айтматов. Абай Кунанбаев и духовные ценности общемировой цивилизации // Абай. Наследники. На перепутье... Алматы: Агентство "Аль-Халел", 1995.С.105.).

Абай воплотил в себе единство казахов в области духовной жизни и языка. От отдавал все свои творческие силы и энергию высокой цели гуманизма, поискам истинной человечности, жизни, достойной человека. Сегодня, в конце XX века, когда мы ищем новые подходы в решении экономических, социальных, политических задач, стоящих перед суверенным Казахстаном, Абай, фигура, безусловно, евроазиатского масштаба, воплотивший в себе синтез идей Востока и Запада, явление сугубо национальное и в то же время мирового порядка, с нами.

МЕН ЖҮРЕКТІ ҚАЛАДЫМ...

Ж.М.РАХМАНОВА
Каз МҰУ-дің доценті,
филол. ғылым. канд.

Абайдың адам мүшелерінің ішінде жүрекке үлкен сенім арта, оны адам танудағы адастырмас темірказық ретінде суреттей келіп жазған ой толғаныстары, таным-түйсіктері бір төбе.

Ақынның "Малға достың мұңы жоқ малдан басқа", "Алла деген сөз жеңіл", "Әуелде бір сұлу мұз ақыл, зерек, "Жүрекке көп қазына бар, бөрі қызық" өлеңдеріндегі жүрек жайлы ой,оның айнымас гуманистік тұжырымдарымен үштасып жатыр. Ақын жүрекке табыну идеясын поэмаларында да арқау еткен. Ақын "Масғұт" поэмасында жүрек туралы ойларын астарлы жеткізген.

Абай шығыстың арғы-бергі замандарда жасаған рухани дүниесіндегі мол байлығымен жастай сусындап, марқая келе жаңа бір таныммен нәрін зерлей ала білген. Сондай ұлағаты мол, уақытпен санаспас, жазылу мерзім, алыстаған сайын жақындай түсетін шығармасы-"Масғұт".

Абайдың ақындықтағы өр адымы оқырман үшін өсіресе, замандастары үшін таныс та бейтаныс. Абайдікі өзіне дейінгі ғұламалардың ойын суыртпақтай тартып шығармаларының өзегіне қабыстыра, қайтсе де “қайран еліне” мысқылдай ой тастап, ес жидыруға деген өрекет. Мүрсейіт қолжазбасында көрсетілгендей Тургеневтің “Шығыс аңызы” атты прозалық өлені мен Абайдың “Масғұт” поэмасының түп төркіні бір. Екі ақын да шығармаларының өзегіне орта ғасырдағы араб әдебиетінің бірегейі-“Мың бір түн” ертегілер жинағындағы оқиғаны негіз еткен.

Евразияның жазба әдебиетінің керегесінің кеңейтуге “Мың бір түннің” ықпалы зор болған.

Тургеневтің “Шығыс аңызында”, “Масғұттағы” жынды су ішкен патшалық туралы айтылмайды. Және де кейіпкердің аты да өзгеше. Жаппар уәзірдің басынан кешкендері баяндалады. Шамалы детальдық өзгешеліктері ғана бар.

Абай қазақ оқырманына ауыз әдебиеті арқылы таныс кейіпкердің бірі-заманындағы әділ патша атанған Харун-ар-Рашидтің уәзірі Масғұттың басынан өткен оқиғаларды алған.

Ақын поэманы фольклордан өлі суынбаған тыңдаушысының ұғымына жеңіл де жақын әдіс арқылы бастайды.

Поэмадың құрылымы ерекше, а дегенде басы бірікпес екі оқиға суреттелгендей әсер қалдыруы да жоқ емес. Ақын ойының түп-төркіні бірден аңғарылмайды. Абай бірінші бөлімде өзін-өзі тежеп Масғұтқа ерік берсе, ішкі ойын поэманың екінші бөлімінде жайып салады. Ол жолда ақын астарлы да еркін, адамзаттық ойға бастайды.

Абай қатардағы қалың көптің өкілі Масғұттың қылығын үміт еткен жастарына өзі көксеген адамгершіліктің нұсқасы ретінде үлгі тұтады. Абайдың Масғұтқа қызыл жемісті таңдатуы “жылы жүректің” сезімімен бол деген ғұламалық ойымен астарласқан. Масғұт жүрегін жаулай - әйел қауымымен достықты қалайды.

Яғни Масғұт жүректің бастамасымен жүргенді, патша жүректе “рахым, әділет, ізгілік, мейірім-шапағат тоғысып жатқанын сезгендігі байқалады.

Масғұттың ақыл мен дәулеттен гөрі тірі жанды сүйюі, ақынның “адамзаттың бәрін сүй бауырым деп” деген иманигүл ой жүйесіндегі сүйюімен сабақтасады. Бұл жерде ақын

үні достық, махаббат бар жерде бақ та, рахым да қоса жүреді деп жүрскке екпін түсіре насихаттайтын махаббат сезімін бар билік, байлық атаулыдан жоғары қоя жырлайтын Әл-Фараби, Низами, Науаилармен үндеседі.

Жалпы Абай туындыларында “жүректі жақтау” орта ғасырдағы ой алыбы Әл-Фарабидің “жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да бас мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені, ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді”¹ дейтін жүрек туралы тұжырым, толғаныстарымен ұштасқан.

Әуелде-ақ Абай суреттеуінде Масғұт сапалы адамгершілігі мол қылығымен көрінеді. Ұрыларға жем болып, айырып алар арапшасы жоқ мүсөпір шалға Масғұтты рахымдылық, мейірбандылық туғызатын жүрек бастап апарған, яғни Масғұттікі-жүрек ісі. Шығыс шайырларында ғашықтық-тәңірді тану, сүю жолындағы жан әрекеті ретінде жырлау басым болған.

Абай Масғұттың әйелдерге деген ілтипатты махаббатын шығыс ақындарына тән, ортақ белгі “алланың рахматы” деп те түсіндіргендей. Масғұттың қызыл жемісті таңдаудағы оқырманға бұлыңғырлау көрінген махаббатқа әкеп тірейтін сезімін ақынның өмірлік тілекке қарай ұштастыруы да жоқ емес.

Абай өлеңдеріндегі желілі ой поэмада да көрінісін тапқан. “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбаттағы” моральдық ұлағатты ойлары:

Ері ақылды, қатыны мінезді боп,

Тату болса райыс үстіндегі үй, -

“Масғұтта” жалғасын тапқандай.

Ері ашу айтса, әйелі басу айтыл.

Отырса, бұрынғыдай жау бола ма?

Ақын әйел затына үлкен бір адамгершілікті арта, сүйсіне де сүйсіне отырып суреттей келе барлық жақсылықтың бастауы жарастықта, екі жанның сезімінде дегенге саяды.

Масғұттың әйел қауымы досым болса деген қалауы ақыл мен малды бағалай білмеген “жалғанның дөмін

¹ Әл-Фараби. Философиялық трактаттар.-Алматы, 1973.-289-290 бб.

бүзган“ надандардан безінгендігі саясы. Мұны Қызыр шал де құптағандай:

Ендеше тауып айттың, же шырағым,

Ақыл, дәулет әуелден өзінде екен.

Өміріңмен артылсын, жаным, бағың! - деп бата

береді.

“Сол Масғұттың ақылдан қашуы-Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғыздың қалін қандай трагедиялық ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр.”¹ -деп М. Әуезов баға берген.

“Көңілім қайтты достан да, “дүшпаннан да“-деп, қамыққан ақын:

Ақылды жан табылмас маған сырлас,

Көріне тентек көп надан мойын бұрмас,

Әділетсіз, ақылсыз, арсыздарды

Көре тұра көңілде тыныштық тұрмас-деп

толғанады.

Абай иманигүлдің ішіндегі әділетті бірінші атайды. Абайдың ұқсатулары, образды сөздері тосын, тұтқиыл бола тұра оқып шыққанда да, естігенде де, құлақты тосаңсытпайды. Қайта бәрі де лайықты, оқырманды бас шайқатып, шұлғытардай орынды.

Адам дертті болмай ма, құса тартып,

Тұщы ұйқы ұйықтай алмай, түнде жатып,

Ақылдан азап шеккен дара ақынның аһ ұруы бұл жерде Масғұттың аузымен айтылып, ақынның “мені” кейіпкер “меніне” айналған. Заман тұңғығынан болжау тапшай ойы сергелдең болған, өне бойын улаған ақылдан кездескен дертін, өлеңінде удың ашығанына баласа, бұл жерде елден ерен ақылдың күндіз құсаландырып, түнде тұщы ұйқыдан адаларын меңзейді. “Тұщы ұйқы” тіркесінің өзі ғажап, Абай дүниесін парактаған сайын ашар жаңалықтың бірі.

“Қайран елім, қазағым, қайран жұртым“ өлеңіндегі ой поэмада былай жаңғырады:

Жұрт күндер жұрттан артық байлық үшін,

Бұлдайды біреу күшін, біреу түсін.

¹ Әуезов М. Абай Құнанбаев.-Алматы, 1961,-176-177-бб.

Не қылса да, надандар алмақты ойлар,

Мал антұрған күйдіріп елдің ішін.

Шешімінің дұрыстығынан, мәңгілік суын ішкен жиһан /бұл дүниенің күні/ атанған Масғұт жайын баяндай келе, Абайдың іштегі өзіндік запыран уы поэмаға еріксіз енгендей:

Өлген мола, туған жер жібермейді,

Әйтпесе тұрмақ едім осы манда

-деп акын өз өмірінен елес береді. Масғұт басындағы уақиғаны суреттеуде Абай өз жүрегінің үстімен жүреді.

Тоғызыншы қара сөзінде: “қайратты күнімде қазақты қойып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен” деуі осының айғағы.

Абай заманындағы дәуір шындығынан поэмадағы оқиға алыста өткені мен түйсік арқылы санаға жанғырып жетеді. Акын поэма соңындағы қалың нәпірмен еріксіз жындануды қалаған жандардың әркетін беру арқылы Масғұттың ақ, сары жемістен неге бас тартқанын ұқтырғандай. Яғни поэманың екі бөлімі де бірін - бірі аша түсетін үлкен бір идеяны насихаттайды.

Поэманың соңындағы Масғұттың басындағы жай күйді баяндау-Абай үшін өзін қоршаған шындықты әшкерелеудің өткір құралының бірі.

Поэманың екінші бөлігінде акын жүрегі жылап отырып, Масғұттың көппен бірге жыңды суды еріксіз ішкеніне күледі, тәжікелейді, ойлантады. Оның әшкерлеуші күлкісі жарыққа, сәулелі ойға, адамгершілікке жетелейді.

Абайдың он төртінші қара сөзінде: “Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады” дейтіні бар, яғни жұртын кесепатты жауын суынан өзімен бірге сақтандыруға рахым, күдіреті жетпеген патша жүрегі де кең емес, адасқан көптің атының басын бұрып алуға дәрменсіз, амалдың тілін алып, жүрегін ұмытқан жан.

Абай Бұхар жырлағандай “ханның жақсы болмағы қарашаның елдігінен” сендігін терең түсініп, бұқара халықтың тарихтағы орнының мәнін аңғартады.

Ұлы ойшыл бұл поэмасында да мәңгілік, адамзаттық мәселеге бас қояды Масғұттың басынан кешкендерін өткен күннің еншісіне қалдыруға болмайтынын, бүгін де, ертен де

оның қажеттігін сезініп, өр оқырман жүрегімен жүгінсе ғана ойды ой қозғап, ұлағаттары ұлғая түсерін ұқтырады.

Абай түсінігіндегі қоғамдық ортаны ағартушылық жолмен өзгертуге болады, деген ұмтылыс ақын шығармаларында кең сөз болған толық адам жайлы желелі тамырын Шығыстан алған гуманистік ойлармен ұштасады.

ФИЛОСОФИЯДАҒЫ МӨДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ ПРОБЛЕМАЛАРЫ.

С.Ж. ЕДІЛБАЕВА

КазМУУ-дің аға оқытушысы

Мәдениет категориясының мәні мен мазмұнының айқындау мәселесі соңғы кездері ерекше маңызға ие болуда. Өйткені, адамзат мәдениетінің жоғарғы жетістіктерін бағыт ұстаған біздің қоғамымыздың әлеуметтік жағынан қайта құруға байланысты проблемалар күн тәртібіне мықты қойылуда.

Мәдениет деген термин латын тілінен шыққан: алғашқы мағынасы жерді өңдеу, оның өнімділігін жақсарту. Бұл контексте мәдениет термині адам әсерімен табиғатта болған барлық өзгерістерді қамтиды.

Тарих философиясында “мәдениет” түсінігіне бағалау мәні енгізіледі және “өркениет” түсінігіне қатысы ескеріледі. Сондықтан, мәдениет мазмұнын түсіну үшін “өркениет” дегеніміз не екенін анықтау қажет. Мүдениет және өркениет проблемаларын айқындаудың бірқатар аспектілері бар, мұнда өртүрлі әдістер қолданылуы мүмкін.

Тарихи процесс дамуының белгігі зерттеушісі Ариольд Тойнби өркениет жеке халықтар мен аймақтар мәдениеті дамуындағы белгілі саты ретінде қарастырылады. А.Тойнби өркениет адамзатқа қарағанда тарлау, бірақ ұлтқа қарағанда глобальды құбылыстардың тұтас бірлігі деген еді. Ол баянша дамыған жиырма бір өркениетті бөліп көрсетті. Кейін өркениет формаларының санын он үшке дейін кемітті-дамымаған, тасқа айналған, серіктес өркениеттер деп бөлді.

О.Шпенгер айтуынша өркениет белгілі бір халықтың, не аймақтың мәдениет дамуының құлдырауын білдіретін соңғы нүкте. Өз дамуында мәдениет балалық, жеткіншектік, көмелеттік, қартау кезеңдерін өтеді. Өлу арқылы мәдениет өзінің қарама-қарсы түрі өркениетке айналып қайта туады. Бір жағынан өркениет “тобырлық қоғам”, екінші жағынан қорқынышты парасатты жоғалтудың эквиваленті. Р.Арон, У.Ростоу, О.Тоффлер-технологиялық детерменизм концепциясының (индустриалды, супериндустриалды, технотранды өркениеттер) өкілдері мәдени қызметке қарағанда техниканы ең басты орынға қояды. Бұл жағдайда мәдениет адамның рухани мәнінің көрінісі ретінде қабылданады, ал өркениет адам қызметінің жоғарғы материалдық деңгейімен: еңбек құралдары, технология, экономикалық және саяси қатынастар теңдестіріледі. Жоғарыдағы айтылғандарды қортындылай келіп мәдениет түсінігі мен өркениет бір-бірімен тығыз байланысты екенін байқаймыз.

Уақыт өткен сайын “өркениет” түсінігін пайдаланудың өрісі кеңейе түсетіні белгілі. Қоғамтанудың арнаулы салаларында пайдаланумен қатар ол көркем әдебиетке, тұрмыстық лексикаға да еніп, оң сапаларды жинақтай түсуде. Бұл түсінік саяси құрылымды материалдық мәдениеттің жетістіктерін, тіпті мәдениеттілікті, білімділік пен тәрбиелілікті және т.б. сипаттау үшін пайдаланылады.

Қарапайым санада “өркениет” категориясы мәдениетінің барынша жоғары дәрежесін, халықтардың материалдық және рухани жетістіктерін көрсететін, синтетикалық жинақтаушы мәнге ие бола бастайды. Өркениет осы тұрғыдан алғанда жалпы адамдық жетістіктер мен игіліктерді, бүкіл-дүниелік қоғамдық прогрестің белгілі сатысын, адамдар тұрмысының жоғарғы дәрежесін көрсетеді. Өзіннен бұрынғы даму сатысының озық жеңістерімен қатар, ғылыми-техникалық революция, урбанизация, табиғатқа, қоршаған ортаға ойсыз, үстірт қарау барысында сөзсіз болатын көптеген теріс көріністері бола тұрса да ол жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес-әлеуметтік-мәдени қызметтің нәтижелерімен байланысты.

Латын тілінен аударғанда “өркениет”-қалалық қауымдастық, мемлекет деген ұғым береді. Ендеше өркениет таптық экономикалық қатынастардың мәнін көрсететін,

заңдармен реттелетін таптық, адамзаттық қоғамдағы еңбектің терендеуімен өркениет бірге беки түседі.

Соңғы кездері проблемалық философияда, тарихта, өнертануда т.б. кеңінен талқылануда. Сонымен, қатар зерттеліп отырған ұғым абстракцияның өртүрлі дәрежесіне пайдаланылады. Біріншіден, жалпы философиялық тұрғыда - материя қозғалысының әлеуметтік формасы ретінде, соның ішінде жерден тыс өркениетті іздеуге байланысты гипотетикалық зерттеулерде соңғысы мерзімдік және ғылыми басылымдарда жерден тыс әлемдер, белгісіз ұшатын объектілер, бөгде гипотетикалық (болжам) өркениеттермен ғарыштық байланыс жасау мүмкіндіктері жайлы жарияланымдардың көптеп шығуына байланысты ерекше маңыз ала бастады. Екіншіден, бүкіл әлемдік-тарихи процесстің және оның дамуының саналық анықталған сатысының жалпы әлеуметтік-философиялық сипаттамасы ретінде. Үшіншіден, қоғам дамуының аймақтық-дәстүрлік ерекшеліктерін сипаттайтын мәдени-тарихи тип ретінде. Төртіншіден, белгілі бір уақыт бойы өзінің тұтастығын сақтайтын жекелеген өркениетті қоғамдардың аты ретінде (көбіне ежелгі өркениеттерге - шумер, Египет, майя т.б. қатысты). Бұл жағдайда жергілікті (локальды) өркениет жайлы айтылып отыр.

Сөйтіп, өркениет-бұл жеке адамдардың қоғамдық өмірінің әлеуметтік ұйымдастырылуы. Ол қоғамның тіршілігін және дамуын қамтамасыз ететін қоғамдық байланысты ұдайы өндіруді, мұраға алуды және тұтынуды білдіреді. Бірлестіктің өз ішіндегі қызмет пен ақпарат алмасуды және қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортамен өзара әрекеттестікті саналы реттеу жолымен өркениет байлығын қорландыруда, қайта бөлуді және таратуды бақылайды.

Өркениеттің объективті негізі жеке адамдарды қоғамның мүддесімен байланыстыратын қоғамдық байлық болғандықтан осы ұғымның мәнін нақтылай түсінген жөн.

Өркениеттің басты сипаттамалардың бірі-оның есігінің болашақ үшін өрқашан ашықтығы: өркениеттің және оның институттарының тарихи қалыптасқан типі қоғамның әлеуметтік мәдени қажеттігін қанағаттандыра алмаған кезден-ақ аумалы сәт туып, оның келешегі, заманы өткен әлеуметтік құрылым-дарды қиратып, жана­сымен ауыстыруға құндылық

бағдарының жүйелерін жаңартуға даяр және қабілетті субъектілердің белсенді еркін байланысты болады.

Сабақтастық тұрғысынан алғанда, өркениет тарихи процесс ретінде сипатталады. Қоғамның жағдайы, әрі тарихи процесс ретінде, оны өзінің сөзсіз факторлары: тарихи мирасқорлықсыз, дәстүр мен жаңалықтардың өзара қатынасы мен әрекеттестігінсіз түсіну мүмкін емес. Өркениет қоғамның белгілі жағдайы түрінде адамзат дамуы сабақтастығының нәтижесі. Әлеуметтік-мәдени мұра, ол ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, әрбір кейінгі формаға (сатыға) одан бұрынғысы алғы шарт болады.

Өркениеттің қалыптасуы табиғи - тарихи процесс болғандықтан, өндірістік жаңа әдістемелік қалыптасуын солар анықтайтын қоғамдық байлық мазмұнының өзгеруін көрсетеді. Мысалы, құл иеленушілік қоғамдағы, феодализмдегі, капитализмдегі материалдық байлық түрлері. Сонымен қатар әлеуметтік-саяси фактордың пайда болып келе жатқан қоғамға сәйкес асырылатын топтардың болуының, қоғамның даму заңдарын жһзеге асырылатын олардың қызметінің (атап айтқанда, мемлекет билігі арқылы) маңызды да елеулі.

Өркениеттің сан түрлі болып қалыптасуында табиғи, климаттық жағдайлар да маңызды роль атқарады. Бірақ бұл тікелей емес, адамдардың тарих барысында өзгеріссіз жасайтын процессінде, шаруашылық әрекеті арқылы жүзеге асырылған.

“Өркениет” және “қоғамдық-экономикалық формация” ұғымдарының өзара қатынастарын қарастырғанда, мынадай жайды баса айтқан жөн. Қандай жағдайда пайдаланылса да өркениет түсінігі негізгі ретінде үнемі табиғат пен әлеуметтік прогресті, сол қоғамда қол жеткен материалдық және рухани мәдениет дәрежесін алдыңғы қатарға шығарып, осыған орай әлеуметтік-мәдени қызметтің нәтижелерін жалпы адамзаттық құндылықтармен, олардың бүкіл дүниелік тарихтың бірегей қозғалысындағы орнымен салыстыра отырып тұжырымдайды.

“Қоғамдық - экономикалық формация” түсінігі “мән” және құбылыс категориялары тұрғысынан қарағанда елеулі екені сөзсіз. Ол қоғамның белгілі кезеңдегі объективті құрылымын, оның таза түрлері дамуын көрсетеді. Сондықтан

формацияның даралық беті жоқ (мысалы, капиталистік формация (мұнда Англия, Франция немесе Германия жайлы айтып тұрғаны белгісіз) “Өркениет” ұғымы құбылыс ретінде көрініп, барында бай мәнге ие болады. Өйткені мұнда нақтылы тарихи, әлеуметтік географиялық ұлттық және басқа жағдайларда формациялардың пайда болуы мен дамуындағы нақты айырмашылықтарды көрсететін ерекшеліктердің бәрі де қамтылған.

Әрі қарай үнілейік. “Қоғамдық-экономикалық формация” түсінігі әлеуметтік организмді, оның өмір сүруінің негізгі заңдары арқылы сипаттайды. Ал “өркениет” ұғымының бұдан айырмашылығы ол әлеуметтік-экономикалық заңдарды ғана емес тиісті даму дәрежесіне кез-келген қоғамға тән жалпы белгілерді де көрсетеді. Онда құбылыстағы сияқты формацияның шынайы жүзеге асуының нақтылы, сыртқы, тарихи формалары көрініп тұрады.

Өркениет түсінігінде міндетті түрде салыстырмалы-бағалау сәті, сыни полемикалық бағыт болып, ол белгілі бір әлеуметтік мәдени қауымдастықтардың жалпы азаматтық құндылыққа қосқан үлестерін көрсетіп береді.

Өркениет белгілі қоғамдық-экономикалық формацияның базасы мен жағдайында дамығанмен екеуін теңестіруге мүлде болмайды, өйткені өркениеттің өз ерекшеліктері бар. Бұған мынадай дәлел келтіруге болады. Белгілі бір өркениеттің өзіне тән кейбір белгілері-мәдениет, мораль, тұрмыс, адамдар арасындағы қатынас т.б. ерекшеліктері тым орнықты болып, халық тарих дамудың “қоғамдық-экономикалық формация” аталатын жаңа сатысына өткеннен кейін де сақталады. Кейбір өркениеттердің өз ерекшеліктерін сақтай отырып, келесі сатыларға ауысып, бірнеше қоғамдық-экономикалық формацияларды бастан кешіреді. Бұл екі түсінікті бара-бар қарауға болмайтынының айқын айғағы. Сондай-ақ, бір формацияда, мысалы, капитализмде, бір мезгілде әртүрлі өркениеттердің пайда болып, өмір сүргені де рас.

Сөйтіп екі категория да қоғамды зерттеуге нақтылы - тарихи тұрғыдан қарап, бір ғана әлеуметтік шындықтың дамуын бейнелейді. Егер формация категориясы адамзат тарихын логикалық-құрылымдық қарау әдісіне пайдаланылып, қоғамдық тарихи дамудағы салыстырмалы тұрақтылықты атап көрсетсе, “өркениет” категориясы тарихи тұрғыдан

келе отырып, өзгергіштік, сабақтастық сәттерінде бейнелеп, қоғам дамуының негізгі тенденцияларын анықтайды.

Өркениет пен мәдениет категориялары күрделі қатынаста болып келеді. Бірақ, көбіне осы екі түсінікті бара-бар қарап, оларға мазмүн беру жиі кездеседі. Мүселен, орыс тіліндегі демалыс, “мәдениетті” деген сөз (мәдениетті тәртіп, мәдениетті демалыс, мәдениетті ел) өз тілдерінде “өркениетті” сөзімен алмастырылады.

Мәдениет ұғымы адамның өмірлік қызметін ұйымдастыру мен дамытудың өзіне тән ерекше әдістерін көрсетеді. Олар материалдық және рухани еңбектің жемісі, әлеуметтік нормалар мен мекемелер жүйесі, рухани құндылықтар, адамдардың табиғатқа, бір-біріне және өзіне қатынасты түрінде көрінеді. “Өркениет” ұғымы мейлінше тұрақты ерекшеліктері, белгілері (дәстүрлі мәдениет, тіл өмір сүру ортасы, экономикалық немесе рухани салалардың ортақтығы) бар әлеуметтік-мәдени бірлікті білдіреді. Әлеуметтік - мәдени бірлікті бөліп көрсеткенде әлеуметтік, формациялық сипаттамалармен қатар мәдениеттің дәстүрлі ерекшеліктері де назарға алынады.

Өркениеттің нақтылы формаларының қалыптасуына өзге әлеуметтік-мәдени бірлестіктер өндiрген құндылықтардан өзгеше және қоғамның тарихында із қалдырып, қоғамның үдемелі дамуын үлес боп қосылатын құндылықтар жасауға қабілеті болған кезеңде ғана қол жетеді.

Мысалы, шумерлер өркениетін сипаттағанда ең алдымен олардың сына жазуын түрлендіреді, доңғалақты т.б. ойлап тауып, пайдалануы сияқты жетістіктері атап өтіледі.

Мұндағы әдістемелік (методологиялық) қиындық-өркениеттің өзінің ұйымдасуының әлеуметтік формасы боп табылатын мазмұнынан яғни мәдени-тарихи процесстен ажырамайтындығына байланысты. “Өркениет” және “мәдениет” ұғымдарының эмперикалық дәрежедегі сәйкестігін тек теориялық абстракция тұрғысында қатаң ажыратуға болады.

Мәдениет қоғамда өзін-өзі жүзеге асыру әдісі ретінде коммуникативтік - реттеу қызметін атқарады. Мәдениеттің осы қызметі өркениетпен жанама түрде сәйкес келеді. Бірақ, мәдениет тек осы қызметпен шектеліп қалмайды. Оның өзіндік мақсаты бар. Сол мақсат қашанда өркениеттің шекарасынан шығып кетіп жатады. Сондықтан да өркениет пен

мәдениеттің өзара қатынасы функционалдық тәуелділікпен ғана шектелмей, одан да күрделі сипатқа ие болады.

Өркениеттің пайда болуы үшін адамзаттың мәдени дамуының белгілі дәрежесі қажет. Бірақ, сол дәрежеге жеткен соң мәдениеттің өзіндік прогрессивтік дамуы тек өркениет негізінде мүмкін болады. Тек қана өркениет рухани өндірісті ұйымдастыру арқылы мәдениетке жемісті және жалпыға бірдей сипат беріп, оның идеяларын объективтендіруге және кеңінен тарату пәніне айналдырады. Сөйтіп, өркениет мәдениеттің бүкіл ілгері ойлы әлемдегі қызметін қамтамасыз етеді.

Өркениет пен мәдениеттің өзара әрекеттестігінде мәдениет жанама түрде көрініп, өзінің белгілі дербестігін, өз бетімен дамуға қабілетін сақтайтын қорғаныш механизмін жасайды. Мәдениет өркениетке үнемі шығармашылық түрткі жасап, оны өз болмысы шекарасынан шығып, өмірдің жаңа формаларын жасауға итермелейді. Сонымен қатар мәдениеттің Адам әрекетімен ажырамас бірлікте екені де белгілі. Адам өзінің даралық бастамасын көрсетуге ерікті болса ғана шығармашылыққа қабілетті. Кез-келген өміршілдік немесе күштеу бұл жерде мүмкін емес. Адамзат мәдениетінің бүкіл тарихы адамды азат ету мен дамытуға арналып келеді. Мұнда шекара жоқ, оны белгілі өлшемге сифызу да мүмкін емес. Бірақ дәстүрінің, қоғамның өкілі болып табылатын субъект өркениет формаларын ауыстыру процесіне қатысып, соған үлес қосу әбден мүмкін.

Ендеше өркениет пен мәдениеттің өзара әрекеттестігі диалектикалық жолмен шарттастық пен байланыстылықпен бір-бірін байыту арқылы жүзеге асырады. Мәдениет тарихи процесстің үздіксіздігін, оның ішкі мүмкіндігін көрсете, өркениет әлеуметтік құрылымдарды ұйымдастыру және ауыстыру жолымен оны жүзеге асырудың жалпыға бірдей және прогрессивті сипатын анықтайды. Өркениет мәдениеттің қызметі мен дамуының әлеуметтік-ұйымдастырушылық және технологиялық құрылымдарын қамтамасыз етеді, бірақ сонымен оны анықтайды, яғни оған шек те қояды. Өзіне берілген мүмкіндіктердің сарқылануына байланысты мәдениеттің осы шекті бұзып өтуі әлеуметтік прогресс дамуының міндетті шарты болып табылады. Ендеше “өркениет” пен “мәдениет” категориялары өзара мәндік байланыста. Бірін-

шісі мәдениет дамуын ұйымдастырудың әдісі мен формасы болса, екіншісі өркениеттің гуманистік-құндылық бағдарын айқындайды.

Кейде өркениетті мемлекеттің тұрғысынан сипаттайтын тұжырымдар кездеседі. Бірақ, өркениет не территориялық, не уақыт, не түсінік көлемі жағынан мемлекет ұғымымен сай келмейді. Мемлекет ресми биліктің саяси формасы ретінде-бар болғаны әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесінің үстіндегі қабырға ғана. Оған керісінше, өркениеттің айырмасы нақты айқындалған шекарасы болмайтындығында.

Соңында осындай қорытындыларға келеміз. Өзінің өмірі сүруінің нақтылы-тарихи сәтін алғанда әрбір өркениет белгілі қоғамдық-экономикалық формацияға және мәдениеттің белгілі дәрежесі мен билігіне сүйенеді. Бір типті өркениеттердің өмір сүру-мәдениет формаларының, этикалық және ұлттық ерекшеліктердің діни айырмашылықтардың, қоғамдық сана институттары айырмашылықтарының сирек кездесетін үйлесімділігінің нәтижесі; Өркениеттің прогресивті дамуы дегеніміз адам ақыл-ойының, мәдениеттің, әлеуметтік ұйымдар дамуының мүмкіндіктері мен күш-қуатын дөйекті түрде кеңінен өрістету.

Ж.АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ “АБАЙ” ЖУРНАЛЫ

*Р.САҒЫНБЕКҰЛЫ,
Қаз МҰУ-дің доценті*

XX ғасыр басында қазақ зиялыларының бір тобы оқу-білім, ғылым салаларына айрықша назар аударды. Осы орайда “елі үшін күйген” көрнекті қаламгер Ж.Аймауытұлының “Семей кезеңіне” байыптен ден қойсақ, қоғамдық қызметтермен қатар рухани өмірге де белсенді араласқанын, үлкен үлес қосқанын аңғарар едік. Бұл ретте “Абай” журналының негізін қалап /М. Әуезұлымен бірге/, белгілі авторларының бірі болғанын айқын аңғарамыз. Қараңыз: “Абай” журналы туралы, “Бетім-ау, құдағи ғой”,

“Абайдың өмірі мен һәм қызметі”, “Абайдан соңғы ақындар” /соңғы екеуі М. Әуезулымен бірге жазылған - Р.С/

Ж.Аймауытулының “Абай журналы туралы” мақаласында /1918, N 1/ Абай есімі мен еңбегіне, талант табиғаты мен қалам қуатына ерекше құрмет көрсетіледі. Ол туралы “...әдебиетімізге негіз салған Абай, адамшылық, тәрбие, ғылым, өнер, кәсіп деген сөздерді терең ойлап, тексерген де Абай. Қазақтың тұрмысын, өнерін, мінезін айқын суреттеп, кемшілігін көрсеткен де Абай”, деп ұлттық мақтанышымызға айналған тұлғаның рухани орнына жоғары баға беріледі. Автор бұрын кейінгі жерде мәдениет-ақыл-парасат өлшемі, ғылым-білім нұры екендігін, тәрбиенің адам өмірінде айрықша орны барын алуан дерек, мысалдар негізінде тереңнен ой қозғайды.

Мақалада сонымен бірге қазақ хандығы тұсындағы “...сөз бастаған шешендер, топ бастаған көсемдер...” Жүйесін таппай, мін шығармай, қиыстырмай сөз сөйлемейтін қазақ елінің, оның өнерінің ерекшеліктерінде тілге тиек стіледі. Әсіресе, “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым” деп түн ұйқысын төрт бөліп, күндіз алаң-көңіл кешкен Абайдың биік тұлғасы, рухани әлемі кең көлемде сөз болады. Ол туралы: “Бұл ақылды, дана, рахымды, әділ, шынға сусаған қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жөн берген, сөздің сыртын сырлап, ішін түрлген, өлсеннен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді, өнер тап, оқи әрекет қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен, халықтың қамын жс, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай, білім, сезім, ойлылығына қарағанда Абай қазақтан шыққан философ /данышпан/” деп жазады.

Бұл-“Білімдіден шыққан сөзге” ден қойып, табан тіреу.

Бұл-өмірі мен өнер өнегесін, ақыл-парасатын елінің ертеңіне арнаған ұлт ұраншысының гибратты жолы.

Бұл-“Қуаты оттай бұрқырап”, “Жалын мен оттан” нәр алып халықтың келешегін, өмір мұратын айқындаған қайраткердің тұлғасы.

Бұл-елінің ертеңін оқу-білімімен, ғылыммен өлшеп, ақыл-ойды, мақсат-мұратты осы жолға біржола бағыттаған Абай әлемі....

Аталмыш мақаланың едәуір бөлігі журнал атын қалай қою керектігі төңірегінде өрбиді. Содан кейінгі жерде журналдың өзі керек пе? Не үшін керек? Жалпы, өнер, ғылым керек пе? деген де сауалдар қойылады. Пікір орайында, автор журнал атына Абай есімін берудің кездейсоқ еместігіне Еуропа елдерінен алуан мысал, деректер келтіреді. Тіпті Абайдың өзі ақын ғана емес, адамшылық пен тәрбие өнер-ғылымды, өмір-тұрмысты терең танып-түсінген тұлға екендігін де жан-жақты ашып көрсетеді. Бұл ретте автордың мәдениет, ғылым жөніндегі көзқарас эволюциялары бүгінгі күнмен үндесіп, сабақтасып жатады.

Мәдениеттің ілгері басындағы халықтар ғылымның жемісін зорлық, қиянат, озбырлыққа жұмсап отыр. Ғылымды кісінің білімі де күшті, надан кісі осал құр қол кісі, азулы кісі нашар кісіні алып, соғатыны ап-анық. Бұлай болған соң басқаның аузында кетпей, тіршілік қылайын деген жұрт мәденилікке жармаспаққа шарасы жоқ.

Қазақ мәдениет жүзінде ерте туып, кеш қалған халық. Кенже қалғандығымызда, әрине, көп себеп бар: жер, тұрмыс, ғұрып, өдет, надандық, жалқаулық, діни адасқандық, партия, өтірік, мақтан, мін бізді ілгері бастырмаған осы сияқты себептер“. Ақиқатында, мәдени-рухани салаларда жоғарғыдағыдай кереғар көзқарас, көлеңкелі жәйттер әлі де бар...

Автор журнал мұраты ғылым, әдеби һәм шаруашылық тақырыбын кеңінен қозғайтынын да назардан тыс қалдырмайды. Негізінен аталмыш мақала Абай өлеміне, мұра-мирастарына құрмет көрсетудің нақты көрінісі. Автор Абайдың өмірі мен қаламгерлік қызметіне кеңінен тоқталу арқылы кейінгі буындарға рухани өсерін, маңыз-мәнін үлгі етеді. Сол арқылы Абайды ардақтап, мәңгі есте қалдыру арқылы халыққа мәдени-рухани қызмет көрсетуді мұрат етеді. Абай өлемі - Абай жолы болып жалғасуда осындай сабақтастық, сипат бар.

Әдебиет мәселесіне, оның жәй-күйін анықтау ісіне ерте қалам тартқан Ж.Аймауытұлы “Абайдың өмірі һәм қызметі“ /1918, N2/ атты мақаласында /“Екеу“ деп қол қойылған. Бұл-Ж.Аймауытұлы мен М. Әуезовтің бүркеншік есімі/ ұлттық мақтанышымыз А.Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына, жалпы қазақ сөз өнеріне, ақын табиғаты мен қуатына кең түрде тоқталып, басты ерекшеліктеріне зор

маңыз беріледі. Мақала авторлары “Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінің бүркеп, түншықтырып елге дем салуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждағаны өртеуге құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды” деп, оның өскен ортасын, кезен-келбетін жан-жақты ашады. Абайдың артықшылығы- “заманның ыңғайына жүрмей” өзіндік бет-бағыты бар, “барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі, жарықта жүріп қылт еткендей көретін қырағы қырандай сыншылдығы” секілді сипаттары баса көрсетіледі.

Мақалада Абайдың үлкен мақсат иесі, ой мен сөзден сыр іздеп, маржан терген биік тұлғасы ерекше көрінеді. “Абайдың қиялы шалымды,-деп жазады автор,-ойы терең, ақыл-білімнің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол көп қазынаны барлық ырғағы, нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы қып шығаруы әрі ақындығы, “қызыл тілді” шешендігі, “Абайдың ақындық өнері” тар жолды, бір беткей емес” деп, оған төн ерекшеліктерді төмендегіше түзеді: мінез түзететіндік /ахлак/, тереннен толғайтындық /пәлсапа/, сыншылдық /критика/, суретшілдік /художественность/, жүректің мұңзарын, сырын тапқыштық /лирика/, ащы тілдік, ызамен күлетіндік /сатира/ һәм керемет переводшілдік. Бұған мысал: “Заманындағы өнерсіз қалжыңбас жігіттерді, төртінсіз шенқұмар ел адамдарын сынағаны, өлеңге, ән-күйге баға қойғандығы” сыншылдығын көрсетсе, “Желсіз түнде жарық ай” өлеңі-суретшілдігін. “Болыс болдым, мінеки”- сатира үлгісін танытады.

Мақалада “Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы” сипаты кең мағынаға ие болып, “Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы” да алуан қырынан қарастырылады. М. Әуезов айтқандай: “Көркем өнердің міндеті табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу” екені сөт сайын айқын аңғарылып отырады. Осының негізінде Абай өзгешелігі, атап айтсақ: бұрынғы ақындардан ақыл көзінің артықтығы, өлеңге өнер ретінде қарағаны, ақындығы жоғары болғандығы, өлеңмен неше түрлі өлшеу көрсетіп, көп түр кіргізеді... тілі ұғымды, қысқа, аз сөзге көп мағына сыйғызғыш, өрнекті, дәлшіл, күйлі, таза һәм анық келеді. “Ақын ақиқатын автор мақала түйінінде былай білдірген: “Абайдың істеп кеткен қызметі әдебиетіміз-

ге асыл іргетас. Бұл асыл іргенің үстіне салынатын ілері қазақ өдебиетінің дүкені көрікті, көрнекті болуына лайық". Айтса айтқандай, Абай әлемі бұдан кейінгі кезде арнау өлең, іргелі зерттеулерден бастап роман-эпопеяға ұласты.... Абай дәстүрі, өнеге өрісі тамырын тереңге тартып, қанатын кенге жая түсуде. Бұл-талант табиғаты, қалың көптің ілім-білімге, парасатқа күштарлығының белгісі.

Журналдағы /1918, N5/ "Абайдан соңғы ақындар" атты мақалада /"Екеу" деп қол қойылған/ қазақ поэзиясының жай-күйі "Абайдан соңғы ақындардың өнері туралы" сырлы өңгіме қозғалады. Мақала авторлары/ Ж.Аймауытұлы мен М.Әуезов/ "өлең жазушылардың көбеюін" ұлттық оянумен, байланыстырады, сондай-ақ ақынның "Қазақ" газетіне мол әсері болғанын да баса көрсетеді. Айталық, "Абайдың қай өлеңі болсын кейінгі буынды жетектеп, түртіп, қозғайтын" әсері болса, "Қазақ газеті" халықтың саяси көзі ашылуына, "жұрттық" деген ойдың кіруіне, жалпы өдебиетке аталық қызметі" орынды еске алынады. Әсіресе, халықтың рухани әлемінің кедейіп, өнер-ғылымды оқып-үйрену ісінде өнімді, өлшеусіз еңбек еткені кең көлемде сөз етіледі.

Мақалада жалпы поэзияға қойылатын талап, шарттармен бірге ақын мен өлеңші хақында да мол сырлар бар. "Өлеңге қоятын шарт,- деп жазылған мақалада,-еркін ой, шарықтаған терең қиял, нәзік, өткір сезім, қойылған сұлу сурет, кестелі, таза қысқа анық, дәлді, нәзік тіл". Бірақ, осы талап "Абайдан соңғы ақындарда некен-саяқ" кездесетіні, ортақ міндері мол екені көрсетіледі. Абайдан кейінгі ақындар шығармашылығы міндерінің негізгісі төмендегідей: "табиғаттың әр түрлі түрімен сырласып, мұндаса алмайды. Өлеңдерін оқып отырғанда көңіл жоғарылап, қиял шарықтап, басқа бір дүниеге кіріп кеткендей болатын қуат аз... сыршыл еместігі, әркімнің жүрегінде бір жасырын сыр бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуантып, мұңайтып, жасырын күйдің шегін шертіп, әрбір пернесіне тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой-көзі жүрегіне үнделетін бір әсер пайда болады.... тілдерінің шебер, кестелі еместігі. Сөздерінің сырты тоқылдап, үйлесіп келсе де нәзік сипаттарды жетіп суреттей алмай, жадағай үстірт кетіп, айтқан суретін көңілге беріп қондыра алмайды". Мұндай кемшілік-

міндет, яки жүрекпен терең сезініп емес, көзбен ғана көріп, сырттай қызықтап, өз сезімі мен сеніміне көңіл тоғайтқан. Жазба ақындары бүгінгі поэзиямызда сирек те болса кездесетіндігі қынжылтады. Мақала мұраты осындай “кезекші өлеңдермен” сақтандырып, ақындық әлем тұғырына кездейсоқ тұлғалардың қоныс теппеуін көздеген. Мұның бүгін де маңызы зор.

Мақала автордың өлең өрісі мен өресін, “тілге жеңіл жүрскке жылы” әр алуан қырынан көрсетуімен қоса “сезімге әсер беретін суретте өлеңдер” иесі - Мағжан, Міржақып, Сұлтанмахмұт пен “сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына жеңіл”-А. Байтұрсынов, С.Дөнентаев, Ш.Кұдайбердиев, Б.Өтетілеуов шығармашылығына зор маңыз береді. Аталған ақындар арасында Мағжанның өлеңдері “ішкі суретіне сөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатыны”, ал Міржақып “ақындық беті күшті, түр тапқыш” деп бағаланса, А.Байтұрсынов поэзиясы “ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған”, С.Дөнентаев “өлеңі қысқа, дөмді, аз сөзге көп мағына сыйғызғыш сөзді ойына құл қылған, тілі тәтті, дәл келеді” деп пікір білдіреді. Мақалада Ш.Кұдайбердиев, Б. Өтетілеуов, О.Қарашев, т.б. өлеңдеріне тән бір-екілі белгі, ерекшеліктері де нақтылы мысалдармен еске алынып өтеді. Осының негізінде ақын, өлеңші мағынасына қайта оралып, “өлеңге әркімнің-ақ бар таласы” болса да, “іші алтын, сырты-күміс “сөз жақсысы сирек қонақтығы, “әдебиет бақалшының қоржыны емес” екеніне баса назар аударылды. Мақала авторлары өлең-өнерге биік талап тұрғысынан қарал, сол дәуір әдебиетінің бағыт, қозғалысына, жас авторлар ерекшелігіне онды көзқарас білдіреді. Әдебиетіміздің атасы-Абайдан кейінгі ақындар әлемінде артық-кем тұстардың бары, өлеңшінің көп, ақынның аздығы нақтылы мысалдармен жүйелі, дәлелді сөз етіледі. Ендеше, ғасырымыз басындағы ұлттық әдебиеттің қозғалысын, өлең-өнерге қойылар талап-шарттардың Абай әлемімен байланысты қарастырылуы таза талант, шын суреткердің табиғи сипатын ашу.

Бұл-қазақ сөз өнерінің кешегісі мен келешегіне жасаған байыпты барлау.

Бұл-Абай әлемінің ақиқаты, айналасына түсірген жарық-нұры, үлгі-өнегесі.

Бұл-қалам қайраткерлерінің баршасы беттеген биіктік. Жалпы, Ж.Аймауытұлының “Абай” журналын шығарушылардың бірі болып, әрі онда жарияланған мақалалары арқылы қазақ елінің рухани әлемін, келелі келешегін кеңінен көрсетуі ұлт мүддесін көздеп, “...менікі-ертенгі үшін” /А.Байтұрсынов/ деген ақиқат ойларды айқын аңғартады. Тәуелсіздік талаптарының бүгінгі бағыты, түпкі мұраты да осыған саяды.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗЫБЕК ГҮЛМИРА

*ҚазМУУ-дің Филология факультеті
“Лингводидактика және әдеби
аударма” кафедр. аға оқытушысы*

Қазақ әдебиетінің тарихында Абай Құнанбаев шығармаларының алатын орны белгілі. Ол біздің әдебиетіміздің асқар шыңы, көркем сөз дүниесінің аса аяулы мүлкі. Абайдың қазақ халқына мәңгі-бақи тұтанатын көркемдік жасау етіп қалдырып кеткен асыл мұраларының ішінде аударма да үлкен орын алады.

Көркем аударма әдебиетіміз бен мәдениетіміздің үлкен және маңызды саласы. Оның көп жылдық тарихы, өсу жолы, қалыптасқан дәстүрі бар. Ол халықты рухани жағынан дамудың күшті құралы: бүкіл адамзат мәдениетінің қазыналы қақпасын ашатын кілт, ғылым мен білімнің қайнар бұлағы, тіл үстартудың дүкені. Көркем аударма теориясы филология ғылымының бір саласы.

Аударма қазақ әдебиетінде ХІХ ғасырдың екінші жартысынан басталады, бұл орыс әдебиетінің шығармаларын аудару мезгілі еді. Осы бағытты бастаған Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар болды.

Абай Құнанбаев орыстың Крылов, Пушкин, Лермонтов сияқты ұлы жазушыларының шығармаларын аударды. Аударып отырып, олардан рухани нәр алды, өлең жазудың ше-

берлігін, сөз саптаудың, ойды бейнелеп айтудың асқак та нәзік үлгілерін үйренді. Қазақтың өлең үлгілерінде Абайдың енгізген жаңалықтары бар болса, ол аударма өнерінің ықпалы арқылы да болды деп айта аламыз. Орыстың ұлы ақындарының шығармаларын аударма отырып, орыс тілінің ішкі сырына, музыкасына, оның түрлену, түлеу, жанару жүйелеріне қанықты, сөйтіп, оны өз творчествосында да қолдана білді.

Абайдың өмірі мен творчествосы жайында, оның ішінде аудармашылық өмірі жайында да бізде көптеген еңбектер бар. Бұл туралы М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің, Қ.Жұмалиевтің, Б.Кенжебаевтің, М.Қаратаевтің М.Сильченконьң т.б. еңбектерін оқуға болады. Ал, тікелей аудармаларына келетін болсақ, М.Әуезовтің “Абай еңбектерінің биік нысанасы”. “Абайдың өмірбаяны”, Қ.Жұмалиевтің “Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі”, М.Қаратаевтың “Пушкин мен Абай”, “Ұлы Абай”, Ә.Тәжібаевтің “Абай және қазақ әдебиеті”, М.Сильченконьң “Абай”, “Абай и басни Крылова”, “Басни Крылова в казахской литературе”, С.Мұқановтың “Крылов казак тілінде”, Қ.Бекхожиннің “Абай және Лермонтов” деген мақалалары, т.б. көптеген еңбектер бар. С.Нұрышевтің “Творческое наследие И.А. Крылова в казахской литературе XIX века”, 1954 жылы жарық көрген “Абайдың аударма жөніндегі тәжірибесінен” деген кітаптары, З.Ахметовтың “Лермонтов и Абай” деген кітабы бар. Бұлардың бәрінде де, Абай аудармашылық өнеріне ғылыми талдау жасалып, оның аударма арқылы орыс әдебиетінен қандай пайдалы өнеге алғандығы, оны өз творчествосында қалай сіңістіре білгені сөз болады. 1962 жылы С.Талжановтың “Көркем аударма туралы” деген кітабында да Абайдың аудармашылық өнеріне елеулі орын беріледі. 1987 жылы “Жазушы” баспасынан жарық көрген жазушы, әрі аудармашы Әбен Сатыбалдиевтің “Рухани қазына” дейтін еңбегінде Абайдың творчествосы туралы, оның ішінде аудармашылығы туралы да тоқталған. Жазылған еңбектердің көптігіне қарамастан, оның бұл ұлы мұрасының саласы әлі толық зерттеліп болған жоқ. Зерттелген сайын асыл қазынасының сан қилы бояуы мен реңі ашылып, өнегелік күші, әсерлі беделі арта түсуде.

Қазак поэзиясының классигі болған Абай-көркем аударманың, дәлірек айтқанда поэзия аудармасының өз заманында да, күні бүгінде де өзгелерден көш ілгері тұрған иығы, биік асқары.

Абайдың көркем аудармадағы тәсілін әңгіме еткенде оның бұл өнерді “дертпен тең” түсетін, кез келгеннің қолынан келе бермейтін күрделі творчество процесі деп қарағанын, аударманың азасы, төл шығармадан кем түспейтінін, қайта кей сәтте одан да ауыр деп бағалағанын аңғару қиын емес. Ақындық творчествоның классик аудармашысы Абай ең алдымен қазақ тілінде дәлме-дәл аударма тәсілін қалыптастырған. Пушкиннің поэмасынан аударған “Онегиннің сипаты”, Лермонтовтан аударған “Ой”, “Қанжар”, “Теректің сиы”, “Дүға”, “Жолға шықтым”, “Қараңғы түнде тау қалғып” деген лирикалық өлеңдер осы дәлме-дәл аударманың үлгілері. Сырттай қарағанда, түпнұсқадан алыстап кететін тәрізді боп көрінетін Татьяна мен Онегиннің арасында алысқан хаттары, Лермонтовтың “Көлеңке басын ұзартып”, “Ауру жүрегім ақырын соғады жай”, “Әм жалықтым, әм жабықтым”, Буниннің “Қорқытпа мені дауылдар” деп басталатын өлеңдері мағыналық реуіште кейде түпнұсқа авторымен жарысып отыратын, кейде тіпті асып түсетін, оқушының көкейіне қонымды аудармалар. Абай көбінесе өлеңдердің түпкі тәркінін түсіне отырып, өзінше тұжырым жасайды.

Абай аударма тәжірибесінде прозаны поэзия етіп аудару да болған. Бұған М.Лермонтовтың “Вадим” романын өлеңмен аударғаны дәлел. Проза мен поэтикалық аударма текстерін салыстырғанда шынайы өмір суреттері, екеуінің мағына, көркемдік қасиет жағынан бір-бірінен алшақ кетпегені байқалады. “Вадимнен” кейін “Дубровский” повесіне өлеңмен аударылған. Бұл да Абай тәжірибесі мен дәстүрі елден ерек, оқшау тұрмағанын дәлелдеп тұрады.

Абай сынды әдебиет алыбының аудармашылық шеберлігін терең түсіну үшін жоғарыда аталған еңбектер мен зерттеулерді оқып, зердеге тоқыған жөн.

И.Крыловтың “Дуб и Трость” деген мысалын Абай былай деп аударған екен.

С тростинкой дуб однажды в речь вошел,
“Поистине, ронтать ты враже на природу,-

Сказал он,-воробей и тот тебе тяжел.

Чуть легкий ветерок рябью воду.

Ты зашатаешься, начнешь слабеть..”-

деген бес жолын Абай.

“Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті,

Аллаға неден сорлы жаздың-депті.

Торғайға да майысып солқылдайсын,

Жел бүлік етсе, тебесің әлпеншекті“,-

деп аударған. Ақын Абай Крыловты дәл беруге тырыскандығын көреміз.

Абай Құнанбаевтың аудармалары үнемі дәл келе бермейді, кейде тіпті

“... Қаймақ еді көңілімде,

Бізге қаспақ болды жем.

Екі сөз жоқ өмірімде,

Мен де сорлы бақыты кем“,.....

деп Татьянаның айтпаған сөзін телиді. Қазқыландырып өзінше еркін кетеді. Өз заманындағы оқушыларымен есептесіп отырады. Сөйте отырып, сол кездегі халық ұғымына сай келетін жерлерін бұлжытпай түсіреді.

Мысалы.

“Другой ... нет, никому на свете,

Не отдала бы сердце я!

То в вышнем суждено на свете,

То воля неба, я твоя...“

деген Татьянаң сөзін Абай.

“Өзгеге ... ешбір дүниеден

Еркімен тимес бұл жүрек.

Әзелде тағдыр неден-

Қожам сенсің не керек?...“-

деп аударды. Енді бір кезде Онегиннің,

“Предвижу все-Вас оскорбит,

Печальной тайны свидание,

Какое горькое презрение

Ваш гордый взгляд изобразит...“

деп Татьянаға айтқан сөзін.

“Күп, білемін сізге жақпас,

Ескі жара білтелеу.

Ақ жүрегің енді ұнатпас,

Мезгілі жок, қай емдеу.“-

деп береді.

В.А.Крыловтың өлеңін Абай былай аударған.

“Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня,
Но смерть и покой я напрасно зову-
И с сердцем разбитым живу да живу”.

деген жолдарын.

Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік.

Жылы жүрек суынды, жара түсті.

Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік”,-

деп тамаша аударған. Жоғарыдағы үзінділердің барлығы дәл, әдемі, түсінікті шыққан. Мұндай аудармалар жиі кездесе бермейді.

“Абай орыс классиктерін өзіне үндес, идеялас, демократ ақындарды аударды. Екінші, олардың шын мәніндегі искусство иелері екендігін Абай ұғынды. Солардың кез келген өлеңдерін де аударған жоқ, өзіне керегін алды. Кейбіреуін дәл өзінше берсе, кейбіреуін еркін берді, онда да ойын бұзбады” дей келіп профессор Қажым Жұмалиев: “Осынша дәл беріп, Абайдың үлкен үлгі тастауына себеп болған нәрсе оның: 1/Үлкен таланты. 2/орыс тіліндегі өлеңдерде қолданылатын сөздердің тек жәй менің ғана емес, әдемілік қасиеттерін терең ұғынуы. 3/қазақтың өз тіліне мейлінше байлығы”¹ - дейді.

Біз осы пікірді қолдаймыз, өйткені тіл әдемілігі, тіл байлығы дегенді біз өмір шындығына байланысты деп білеміз. Өмірді дәл көрсеткен сөз сұлу да, байлық та сонда. Орынды қолданылған, шындықты елестететін сөздердің бәрі әдемі.

Абайды тану, оның творчествосын зерттеу мәселесі бізде көркем аударма жайындағы ой-пікірді ылғи қоса көтеріп отырады. Абай жайында сөз еткен адамның бұл салаға соқпай өткені кемде-кем.

Абай аударған жас Буниннің мына бір өлеңінің жолдарын салыстырып өтейік.

Бунин:

¹ Қ.Жұмалиев. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. -Алматы, 1948, -176-б.

Не пугай меня грозою:
 Весел грохот вешних бурь!
 После бури над землею
 Светит радостней лазурь,
 После бури молодея
 В блеске новой красоты,
 Ароматней и пышнее
 Распускаются цветы!

Абай:

Қорқытпа мені дауылдан,
 Дүрілдеп тұрса тау мен сай.
 Шатырлал тұрған жауыннан.
 Жарқылдап тұрса түскен жай.
 Көк тұрғондай аспан-көк-
 Білемін, жайнап, ашылар
 Исі аңқыған бөйшешек
 Түрленіп жерді жасырар.

Буниннің алғашқы жолындағы алыс найзағай жарқылы-өткінші құбылыс, табиғаттың бір қас-қағымындағы сәт. Ол Абайда бірден жүрегіңді жұлып кетердей боп тұр. Орысша екінші тармақтағы көрініс аудармада нақты суретпен әдіптелген, ашық бояумен айқындала түскен. Ал сәл жұмсақтық қазақ тілінде қатайып, аласапыран алдындағы жайды көз алдына жайып салады.

Бунин:

Но страшит меня ненастье:
 Горько думать, что пройдет
 Жизнь без горя и без счастья,
 В суете дневных забот,
 Что увянут жизни силы
 Без борьбы и без труда.
 Что сырой туман унылый
 Солнце скроет навсегда! -

деп дүлей күшінен секемеденеді: күйбең күн кешкен пенденің кеудесінде сәуле бірте-бірте бұлыңғыр тартып әлсіреп барады. Үмітіне талшық еткен жалғыз жетім күнді біржола тұман жабатынына назаланады. Абай мұны олай түймейді:

Қорқытпайды қар мен мұз,
 Өзге нәрсе қорқытты,
 Ойсыз, доссыз, бақытсыз.

Жабырлақпен өмір өтті,
Сондықтан қайғы қат-қабат,
Қарап тұрмын сендерге,
Атасы басқа, өзі жат.
Жалғыз жанша жат жерде!

Сан мәрте сезім сілкінісін санасынан сызаттатып өткізіп, жалғыздық жайлауында жапа шеккен адамға құбылыстың алапаты түк емес екен ғой. Қазақ халқының мұңы жанын жеген Абай өз басы ғана емес, тұрғыластарының “ойсыз, доссыз, бақытсыздығына” да жаны сыздайды.

Абай өлеңнің түпкі төркінін түсіне отырып өзінше тұжырым жасаған Буниннің “менің” бізден табиғат тасалап тұр. Абай аудармасындағы “меннің” рухы биік. Ол бірінші қатарға шығып, әлгі ақ дауыл, оның арғы жағында, сыртқы фонда қалып, енді өмір ызғары іштегі алай-түлей боз боранға айналған. Қандай алалат өлем? Абай аудармасында әлеуметтік қуат, күшті асқынған астар бар.¹

М.Әуезов Абайдың аудармасындағы осындай әдіс жайында мынандай тұжырымға келген болатын: “Бұнысы - аударма ғана емес, Европа, Шығыс әдебиет тарихында көп ғасырлар бойына тәжірибеде болған сарын қосу сияқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, өңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішінде де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күніреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім ойларды өзгерте жырлауы әдейі істелетін, өзіндік тумаларда жақын болып шығады. Сондықтан бұл алуандас ақындық еңбегінің кейіпкерлерін күр аударма деп қарамай Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар деп тану керек.

Ғ.Мүсіреповтың айтуынша, Абайдың өзі Шығыс мектебінен бастаған Шығыстың барлық ұлы ақындарымен терең таныстығы бар Абайдың аяқтап келгенде, орыстың реалистік әдебиетінің жөнін сілтеуі-терең мағынадағы прогрестік көзқарас.

Міне, солай болғандықтан да ұлы ақын қазақтың көркем аударма дәстүрін жасап, қалыптастырды, оны шырқау биікке шығарды.

¹ Нысаналин А. Тәржімә тәлімі // Қазақ әдебиеті. -1971.-21 мамыр.

Көркем шығарманың аудармасы да көркем болу керек. Мысалы Гетені “Ночная песня странника” атты өлеңін М.Ю. Лермонтов “Горные вершины” деп аударды. Аударма дәл емес, алып түр. Бірақ “Аударғанда әрбір жеке сөзге жарма-са бермей, автордың ойын беруге шұғылданған жөн” дейтін Гогольдің сөзін Лермонтов ақтап тұрғандай! Өйткені, Гете өз өлеңінде таудың басындағы “тыншытық-жым жырттықтан” бастайды да, түнде жортқан жолаушыға қарап “сен де тыншығарсың, дем аларсың”, -деп бітіреді. Гете айтқан осы ойдың М.Лермонтов үстінен түскендей! Ал енді Гетенің осы өлеңін біздің ақын Абай Лермонтовтан аударды:

“Қаранғы түнде тау қалғып,
 Ұйқыға кетер балбырап,
 Даланы жым-жырт дел-сал ғып,
 Түн басады салбырап .
 Шаң шығармас жол-дағы
 Сыбдырламас жапырақ,
 Тыншығарсың сен-дағы
 Сабыр қылсаң азырақ.

Осындай етіп дәл әрі көркем аудару оңай жұмыс емес. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар ғана осылай шығады.

Абай Крыловтың “Емен мен шілік”, “Қазаға ұшыраған крестьян”, “Жарлыбай”, “Шегіртке мен құмырсқа”, “Ала қойлар”, “Бақа мен өгіз”, “Піл мен көнден” атты мысалдарын аударып, өз мүлкіміз етіп тастап кетті. Абайдың мысалдарды аударудағы шеберлігі әр сөздің жанын дәл табуынан барып шыққан.

Ал, ұлы ақын Абай аударған Татьянаның Онегинге жазған хаты қазақ халқының ұлттық өз өлеңіне, өз әніне айналды. Ол-күні бүгінге дейін халық аузынан түспей келеді.

М.Лермонтовтың 1812 жылғы оқиғаға арнап өзінің даңқты “Бородино” өлеңін шығарады. Лермонтов:

Ведь были схватки боевые,
 Да, говорят, еще какие:
 Недаром помнит вся Россия
 Про день Бородина!...

десе, Абай:

...Болған білем соқтығыс,
 Емес білем аз жұмыс,

Ұмытпайды еш орыс,
Бородинде көргенді,-
деп дәлме-дәл аударып береді.

Көркем аударма-сол елдің төл әдебиетінің асыл қазынасы. Сондықтан көркем шығарманың аудармасы да көркем болуы керек.

Көркем аудармаға қойылатын ең басты шарт-шығарманың көркемдік идеялық күші мен эстетикалық ләззатын жеткізу. Абай аудармалары осы айтылған шартқа сай келеді деп толығымен айта аламыз. Аударма туындылары қазақ әдебиетінің өз мүлкі, өз табысы. Сол себепті де жұртшылық әрқашан оның жақсысына сүйсініп, жаманына күйініп отырады.

АБАЙДЫҢ БІР ӨЛЕҢІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ ЖАЙЫНДА

К. ӘБДІХАЛЫҚОВА

ҚазМУУ-дің аспиранты

Абайдың “Дала уалаяты” газетінде көзі тірісінде жарияланған “Жазды күн шілде болғанда” (№ 7, 1889), “Болыс болды кей кісі (№12, 1889) атты өлеңдерін ақынның ең соңғы 1995 жылғы (Абай Шығармашылығының екі томдық жинағы, А., “Жазушы” баспасы) академиялық толық жинағымен салыстырғанда көптеген айырмашылықтар бары байқалады. Шын мәнінде қайсысы дұрыс? Бұл айырмашылықтардың абайтанушы ғылымдардың назарынан тыс қалмағаны сөзсіз бола тұрса да,

Бір ғалымды көрсеңіз

Ондай болмақ қайда деп.

Айтпа ғылым сүйсеңіз-

деген Абайдың өз сөзі, ұлы сөзі, сын көзбен қарауыма қамшы болды.

Абайтанушы М.Әуезовтің “Бүтіндей алғанда Абай текстерінің дұрыстығына келтірілген көптеген күдіктер сол текстің ауызша және қолжазба нұсқаларының барлық жиынтығын текстологиялық талдау жасау жолымен жоққа

шығарылады...“ (“Абайтану дәрістері“, А., “Рауан“ баспасы, 1994, 25-бет) деген ғылыми пайымдауына сүйене отырып, текстология шарттары бойынша мұқият қарап шықтым.

“Жазды күн шілде болғанда“ деп басталатын өлең алғашқы “Дала уалаятының“ газетінде 48 жолмен берілсе, соңғы жинағы 60 жолмен берілген. Академиялық басылымға берілген түсінікте: “Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (11-бөлек, Жаз, 67-бет). Өлеңнің бір нұсқасы (48 жол) 1889 жылы “Дала уалаяты“ газетінің 7-санында жарияланған“... (266-бет) дей келіп, әрі қарай өлеңнің шығу тарихын Көкбай естелігі бойынша үзінді келтірумен шектеледі. Абайдың бүкіл өлкеге танытқан бұл өлеңді “бір нұсқасы“ демей ақынның көзі тірісінде жарияланған нұсқасы деп зор ілтипат білдіре қараған орынды болмақ.

Ең алдымен артық жолдың ретін қарастырсақ, соңғы жинақтағы:

“Білімділер сөз айтса
 Бөйге атындай аңқылдап,
 Өзгелер басын ізейді,
 “Әрине“ деп мақұлдап.
 Ақ көйлекті, таяқты,
 Ақсақал шығар бір шеттен.
 Малыңды әрі қайтар деп,
 Малшыларға қаңқылдап.
 Бай “байғұсым десін“ деп,
 “Шақырып қымыз берсін“ деп
 Жарамсақсып, жалпылдап
 ...Өткен күннің бәрі ұмыт
 Қолдан келер қайрат жоқ.
 Бағанағы байғұс шал
 Ауылда тұрып күледі...

-деген жолдар газеттік нұсқада жоқ. Және де, осы “Жаз“ өлеңіндегі:

“Өткен күннің бәрі ұмыт,
 Қолдан келер қайрат жоқ“

деген жолдар 1909 жылғы кітапта жоқ“ (Қ.Мұхамедханов Абай шығармаларының текстологиясы жайында“, А., 1959, 21-бет). Ал түп нұсқадағы:

“Салтанатты байлардың
 Жай отырған сөйлемей

Шаршағаннан ыстықта
Самаурыны бүркылдап“-
деген жолдар соңғы жинақта:

“Салтанатты байлардың
Самаурыны бүркылдап“

- деп келтірілген.

Абай бұл жерде сапырылған кымызды емес, бүркылдаған самаурынды алып отырғаннан кейін түп нұсқадағысы қонымды болар. Салтанатта отырған байларға сапырылған кымыз жарасар еді. Бірақ ақын ыстықта шаршағаннан сөйлемей, жай отырған салтанатты байлардың самаурынын бүркылдатады.

Жоғарыдағы келтірілген түп нұсқада жоқ жолдарға келсек, “...бұл жағдайда текстологиялық талдаудың негізі болып, Абайдың ақындық тілі мен шығармашылық әдісінің өзіндік ерекшелігі“ алынуға тиіс еді. (М.Әуезов. “Абайтану дәрістері“, А., “Рауан“ баспасы, 1994, 25-б.).

Жыр үлгісінде жазылған бұл өлеңнің тақырыбы мен идеялық мазмұнына, әсіресе соңғы төрт жолы сай келмейді. Мысалға, “Байгүс шалдың“ қошемет қылып қарқылдап кімге күлетіні түсініксіз. Негізінен жыр үлгісінде жазылған өлеңдердің соңғы тармақтары мөңдірск болуға тиіс. Жинақтағы “қошемет қылып қарқылдап“ деген соңғы жолы“ қаз сыпырса жарқылдап“ деген төменнен санағанда алтыншы жолмен ғана түр. Ал түп нұсқада анық, әрі толық берілген.

“Тамашасын шалдардың,

Қошемет қылып қарқылдап

Қаз сыпырып жарқылдаған жас бозбалалардың шалдардың тамашасын қошемет қылып қарқылдауы қисынды болса, онда бұл нұсқаның түп нұсқа екендігі даусыз. Егер де “Дала уалаяты“ газетін зерттеуші ғалым Х.Н.Бекхожиннің “...цензура қысқартып тастаған...” (“Қазақ баспасөзінің даму жолдары“, тарих ғылымының докторы дәрежесін алу үшін жазылған диссертация, А., 1964, III-б.) деген ғылыми хабарламасын елемеске де болмас.

Енді, қарқылдаудан құтылған “байгүс шалдың“ жарамсақсып, жалпылдағаны мен қаңқылдағанына келсек, академиялық жинақтағы ақ көйлекті, таяқты ақсақалдың бұл қылығы күдікті ой тугызады. Жинақтағы бұл жолдар

өлеңнің шығу тарихын әңгімелеп берген Көкбайдың естелігінен шыққан сияқты. Онда: “Жаз” өлеңіндегі Абайдың суреттеген аулы өз аулы. Байдың (1933жылғы толық жинақта “Абайдың” деп берілген (338-бет)) астындағы аяңшыл - Абайдың Әбдірахметтен алған “аяңшыл күрең төбел аты”. Айқайшы шалы: сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ деген шал. Күс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары: Ақылбай, Абдырахман болатын” (Ұлттық академияның Ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар қорынан, папка № 599, 35-бет) делінген. Сол беттің соңында қызыл қаламмен жазылған (түсіндірме, әлде ескертпе) мынадай сөздер бар: “Көкпай” “Жаз” өлеңіндегі аты аталмай жазылып айтылған адам атауларының барлығының өзінше атап, танытып пәлен-пәлен деп береді. Бірақ біздің ойымызда бұл Көкбайдың өз топшылауы, өз шешуі. Дәліне келгенде өз шешуі ұқсаса да, тақ аяңшылға мініп келген бәйге атындай қақылдайтын байды Абай өзім деп қойдыма екен. Бұл тым надан бай, ол Абай болмас. М.Әуезовтің. “Көкбайдың естелігін өз аузынан естіген жазушы М. Әуезовтің сөзі екендігіне шүбә жоқ).

Түп нұсқадағыдай “байғұс шалдың” бейнесі мүлдем болмаса, байдың да “надандығы” байқалмас еді... Бұл туралы “Дала уалаяты” газетінің 1889 жылғы 48-санында жарияланған Мөшһүр Жүсіптің сынына жауап ретінде зерттеуші ғалым Х.Н.Бекхожин басқаша айтады “... Абайды жұрттан бұрын іздей бастаған Мөшһүр Жүсіп болды. Ол былай деп жазды: “Газетте жарияланған өлең “Күнанбай баласыныкі” деген сөз халыққа жайылды. Оның өлеңінен “байлығы жақсы білініп тұр, бірақ халыққа пайдалы іске жапат қылғаны білінбейді... Біз Ибраһим мырзаның өнерін Күнанбайдан артық деп естіген едік... артында байлығы пәм келісті болып өлеңге қосылып тұрған соң, өлеңіне өнерін муафих қылып сөйлесе керек қой деп айтып жатырмыз (“Дала уалаяты”, 48,1889.). Мөшһүр Жүсіп бұл сөзді тегінде, Абайдың “Жаз” деген өлеңі туралы айтқан. Бұл өлең газетте Күнанбай ауылының жайлауы көшіп келіп қонып жатқан көрінісін, оның байлығын суреттейтін тақырыппен басылғанын, ал өлеңнің кедейлердің бейшаралық сипаттайтын жерлерін цензура қысқартып тастағанын ол білмеген. Абай өз әкесі Күнанбайдың емес, жалпы қазақ байларының

тұрмысын суреттегенін Мәшһүр Жүсіп түсінбеген. Ал оның “халыққа пайдалы іске жапат қалғаны білінбейді” деп өлеңнің газеттегі қысқартылып басылған түріне қарап айтқан” (“Қазақ баспасөзінің даму жолдары”, т.ғ.д. дәрежесін алу үшін жазылған диссертация, А., 1964, 111-бет). Сонда “халыққа пайдалы іске жапат қалғаны білінбейді” деген сынына “кедейдің бейшаралық халінің” қандай қатысы бар? Тап жинақтағыдай жарияланған болса, онда Мәшһүр Жүсіп әкесіне ас бермегендігін айтқандай ашық сынар еді. Ондайды ол заман көтеретін еді.

Сонымен. “Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана “Сегіз аяқ” деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар” (Абай Құнанбайұлы, Толық жинақ, 1933, 382-бет)-деп жазған М.Әуезовтің пікіріне сүйенсек, жинақтағы артық жолдар Абайдың атына шаң жуытпау “саясатынан” сол кездегі шөкірттерінің немесе көшіруші мен жинаушы, жариялаушылардың түзетулері ме екен деген ойға бастайды.

Енді жекелеген сөздердің дұрыс - бұрыстығына назар аударайық. Түп нұсқада:

“Шұрқырап жатқан жылқының,
Шалғыннан жүні қылтылдап”
Күр ағарып алыстан”-

делінсе, жинақта (1995):

“Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап”

-деп келтіріледі. Түсінікте: “І.Жансүгіров 1923 ж.“Тілші газетінде Ташкентте шыққан жинаққа сын пікір ретінде “Абай кітабы” атты мақала жазып, бір алуан қате басылған сөздерді қалай дұрыстап оқу керек екендігін нанымды көрсетті. Мысалы, “Шалғыннан жүні қылтылдап” емес “шалғыннан жоны қылтылдап” деген дұрыс екенін... алғаш көрсетілген І. Жансүгіров болатын” (246- бет) деп берілген.

Ал Б.Жақыпбаевтың “Абай өлеңдерінің тексті туралы” (1946) мақаласында: “Абай өлеңдері өзі тірі күнінде басылған жоқ (365-бет)

...Ақынның мерекеге арналған жинағындағы түзетілген сөздердің барлығы бұл арада келтірілмеймін, кейбір арабша жазылу түрін бірдей болып мағынасы басқа сөздер және

бір хари́птың ауысып кетуінен екінші мағына беріп кеткен сөздер. Мысалы: “Жазды күн шілде болғанда” деп басталатын өлеңнің бас шумағында кездесетін:

“Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жүні қылтылдап”

Соңғы жолдары “жүні” деген сөзді осы уақытқа дейін қате оқып келдік. Бұл сөз “жүні” емес, “жоны”, өйткені шалғыннан жылқының жоны көрінбесе, көрінетін жүні жоқ екені белгілі. Бұрынғы кезде жоны мен жүні бірдей болып жазылатын еді, сондықтан солай деп оқып кеткен, осындай қате оқу себебінен ақынның сөз мағыналарын теріс түсінулер де болып келді. Бұл сөзді осы соңғы академиялық жиналғанда түзетілді” (Ү.А.Ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар қорынан, папка №667, 384-бет). Осы жазылғанды да еске тұтқан абзал. Бұл арада ескере кететін жәйт, жылқының жүні болмаса жалы бар емес пе? Ал Ғ.Ысмайловтың “Абайдың ақындық мөдениеті” (сонда, папка №667, 262-бет) туралы мақаласында “Шалғыннан жүні жылтылдап” деп қарастырған. Ғалымның жыр үлгісімен жазылған Абайдың 42 өлеңінің ішінен “Дала уалаяты” газетінде жарияланған осы екі өлеңді ғана мысалға келтіруінің өзі тегін емес.

Жалпы алғанда, “жон” жылтылдамайды, қылтындамайды, қылтылдамайды да. “Түсіндірме сөздіктің” 6-томында “қылтылда” сөзі: “бір байқалып, бір жоқ боп, болар болмас қана көріну” (593-бет) деп берілген. Олай болса, “шұрқырап жатқан жылқының”, яғни, көп жылқының жоны шалғыннан болар-болмас болып қана көрінбесе керек. Осы елемей “күр ағарып алыстан” деген сөз жинақта алынып қалған. Олай болса, түп нұсқадағы шалғында шұрқырап жатқан жылқының жүні алыстан күр ағарып қылтылдап тұрған суреттің қандай ебестігі бар.

Енді “өзілдесіп сылқылдап” деген сөздің орнын қарастырсақ, бұл жөнінде ғалым Қ. Мұхамедханов: “Жаз” өлеңінің 1909 жылғы жинақта:

“Жасы үлкендер бір бөлек

Кеңесіп күліп, сылқылдап”, -

деп басылған жиырма жетінші жолы -1954 жылғы жинақта, одан бұрынғы жинақтар да:

“Өзілдесіп сылқылдап”, - деп қате басылып жүр.

Шынында “Жасы үлкендер” деген соң “кеңесіп, күліп” деу орынды айтылып тұрғаны даусыз. Сондықтан, 1909 жылғы кітапта Абай сөзі дәл берілген.

Өлеңнің 19-шы жолында:

Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып

Әзілдесіп сыңқылдап” - деп “өзілдесіп” деген сөзі жастарға арналып өз орнында айтылып тұр.

Сондықтан 1909 жылғы кітапта Абай сөзі дәл берілген дейміз (“Абай шығармаларының текстологиясы жайында”, А.,1959,20-бет) деген тұжырым жасайды.

Ал түп нұсқада:

“Қыз-келіншек үй тігер
Бұрыла басып былқылдап
Ақ білегін сыбанып
Сыбырласып сыңқылдап
...Жасы үлкендер бір бөлек
Әзілдесіп сылқылдап “

- деп берілген.

Мұнда да ақ білегін сыбанған қыз-келіншектердің сыбырласып сыңқылдағаны, “көңілі жақсы жайлаған” жасы үлкендердің өзілдесіп сылқылдағаны өз үйлесімін тауып тұрғандай.

Негізінен Абайдың “сыбырласып” деген сөзді қолданғандағы шүбә тудырмайды. Оған дәлел, Абайдың жарияланбаған өлеңдерінің ішінде “Жаз шығып, қыс өткен соң...” (У.А.Ғылыми кітапханасындағы қолжазбалар қорынан, папка-631, №10, 13-15 бет, араб әріпінде Тапсырушы: Байғұттыұлы Күсембек, 1940-1947) деген бес бөлімнен тұратын ұзақ өлеңінде мынадай жолдар кездеседі:

“Ел қонса үй тігісіп, жүк жыйысып,

Сыпсындап қыз-келіншек сыбырласып” (14-б)

Сонымен бірге академиялық жинақтағы “ет өпер”, көк құсы” деген сөздерден гөрі түп нұсқадағы “тамақ бер”, “құстары” дегенуғымдар мағынаны аша түседі. Біріншіден, “ет өпер”, “нан өпер”, “қымыз өпер”, дейтіндей талғаммен ішетін бай, манап емес, қарны тойса мез болатын кедей баласына тамақ сұратқаны орынды сияқты. Екіншіден, жаздың жалпы көрінісін суреттеген кезде жеке бөлшекті тым

даралау да әсерлі шықпайды. “Көк құсы” да соған саяды. Ақынның тілінде бозбала жалғыз емес ғой. Және де “көк құс” пен “қазды” қатар келтіру шығармаға ажар бермейтінін де естен шығармаған абзал.

“Жазды күн шілде болғанда” деп басталатын өлеңінің текстологиялық жай сырын айтқан уақытта ең бірінші: “Дала уалаяты” газетінде жарияланған нұсқа негізге алынып, одан кейінгі жарияланымдар мен естеліктер соған бейімделе баяндалғаны ұлы ақынның шын шеберлігін аша түскен. Абай шығармаларының кейінгі басылымында осы жайлар ескерілуге тиіс сияқты.

СӨЗ ТУРАЛЫ СӨЗ

БИСЕНҒАЛИ ЗИНОЛ-ҒАБДЕН ҚАБАЙҰЛЫ

*ҚазМУУ-дің доценті,
филол. ғылым. канд.*

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ прозасы тарихындағы ерекше кезең. Бұл кездегі проза тарихи уақиғалар мен белгілі әулеттер, қоғам қайраткерлері, батырлар мен билер өмірін баяндайтын шежіреден нақты мақсатты авторлық идея, ой көзқарасты білдіретін, қоғамдық өмір шындығын суреттейтін көркем прозаға қарай ойысады. Халық прозасын қағазға түсіру, тарихи-шежірелік сипатты шығармалар орнына, публицистикалық, дидактикалық, ағартушылық мақсаты молдау көркем шығармалар келе бастады. Абай қарасөздері осы тарихи ортада дүниеге келеді. Оның сол кездегі дәстүрлі қазақ прозасымен, кітаби түркі, діни әдебиетпен, мерзімді баспасөз бетінде (“Түркістан уалаятының газеті”, “Дала уалаятының газеті”, т.б.) жарияланған шығармалармен үндестігі сондықтан.

Абай қарасөздерін әдеби айналымға енгізуде, зерттеуде М.Әуезов еңбектерінің орны айрықша болмақ.

Қарасөзге қатысты зерттеулер арасында 1956 жылы жарық көрген Х.Сүйіншәлиевтің "Абайдың қарасөздері" аталатын монографиясының орны ерекше. Оның кезіндегі идеологияға тәуелді методологиялық бағдарынан, объект күрделілігінен туындайтын кемшіліктері бар. Алайда, Абай қарасөздері осы еңбекте алғаш рет жүйелі түрде талданады, тақырыптық, жанрлық, көркемдік белгілеріне қарай топтастырылады, поэтикалық сөз болады, оны зерттеудің қазақ әдебиеті, абайтану үшін маңызы айтылып, басты проблемалары көрсетіледі. Мысалы:

- Қарасөз жазылу жылдарын (хронологиясын) анықтау маңызы;
- Текстологиялық жұмыстар қажеті;
- Қарасөз поэтикасына зерттеудің қажеті, т.б.;
- Бұл проблемалар әлі де тиісті деңгейде қозғалған жоқ.

Оның түрлі объективті, субъективті себептері бар.

Күні кешеге дейін "жат ойлы" шығармаларға тыйым салынған заманда қарасөзді зерттеуге тәуекел жасау оңай емес-ті. Оның мазмұндағы "жат, қауіпті, дін туралы" ойлар, құрылымындағы күрделілік, жанрлық сипатының жұмбақтығы, көркемдігінің өзгелігі, тіліндегі ерекшеліктер, т.б. талай талапкерлерді үркітті. Бүгінде коммунистік идеология қалғанмен, бұл әлі де зерттеушілер алдында тұр. Өйткені, қарасөзді зерттеуге екінің бірі бара алмасы анық. Оның ішіндегі ең ірісін айтар болсақ, Абай қара сөз зерттеуші оның шығармаларының тереңіне бойлаумен қатар, Абай сусындаған қайнарларды да білуге тиісті. Оның М.Әуезов санап көрсеткен бірер мәселелері зерттелді. Қарасөз композициясының эстетикалық объект ерекшелігінен туындайтын өзгешеліктердің мол болуы сондықтан. Қарасөзге қатысты алда тұрған үлкен міндеттердің бірі осы бағытты жан-жақты зерттеу болмақ.

Тех.редактор: Л.А.Егорычева

Басылуға берілді *12.12.1997*
Сұраныс N *140* Тиражі *100* Мөлшері *14,0*
Қазақстан Республикасының Ұлттық Кітапханасы

Подписано в печать *12.12.1997*
Заказ N *140* Тираж *100* Объем *14, усл.п.л.*
Отпечатано в Национальной Библиотеке
Республики Казахстан